

"Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 9 маусымда № 15209 болып тіркелді.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т.Бектұрова) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрағасы

_____ Н.Қ. Әбдібеков

2017 жылғы 11 мамыр

"Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандарты

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қаржылық есептілік (шоғырландырылған қаржылық есептілік) аудитінің мақсаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің анықтығын негізделген растауды алу болып табылады.

Қаржылық есептілік аудитіне "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 15 мамырдағы № 229 бұйрығымен бекітілген көлемде және нысандар бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі және "Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 15 мамырдағы № 230 бұйрығымен бекітілген көлемде, сондай-ақ нысандар, кезеңділік және Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидалары) бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің шоғырландырылған қаржылық есептілігі жатады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға және мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудит жүргізуге басшылық, оны бақылау мерзімі және оның сапасы үшін Заңның 36-бабы 3-тармағына сәйкес жауапты болады.

Мемлекеттік аудитордың ассистенті аудит барысында өзі жасаған және қол қойған құжаттар үшін Заңның 36-1-бабының 3-тармағына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Стандарт қаржылық есептілік аудитін жүргізу процесінде мемлекеттік аудитордың және мемлекеттік аудитордың ассистентінің іс-қимылдарының сабақтастығын айқындайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қағидаларының (бұдан әрі – Ішкі мемлекеттік аудит қағидалары) 2-тарауында белгіленген тәртіппен қалыптастырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезеңдері:

жоспарлау (ішкі бақылау жүйесін тестілеу; зерттеу әдістерін айқындау (тұтас немесе іріктеулі), аудит жоспарын және бағдарламасын жасау және бекіту);

аудитті мәні бойынша жүргізу (аудиторлық дәлелдерді, аудиторлық рәсімдерді, аудиторлық іріктеуді жинау);

аудитті аяқтау (аудит нәтижелерін қорыту және оларды құжаттық рәсімдеу).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жұмыс құжаттары ақпарат көзі және мемлекеттік аудитор орындаған жұмыстардың қорытындысы дәлелі болып табылады.

8. Осы Стандарттың әрекеті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарына, сондай-ақ мемлекеттік аудитордың ассистентіне (-теріне), тартылған (-атын) ішкі аудит қызметінің қызметкеріне (-леріне) және сарапшысына (-ларына) қолданылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Осы Стандартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

аудиторлық тәуекел – аудиторлық пікірді тиісінше білдірмеу және аудиторлық тексерудің тиімсіздігі туралы мемлекеттік аудитордың тәуекелі;

аудиторлық файл – аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдері бойынша, оның ішінде аудит объектісінен және басқа да сыртқы ақпарат көздерінен алынған

мемлекеттік аудит тобының мүшелері жасаған жүйелендірілген және хронологиялық тәртіппен топтастырылған құжаттар пакеті;

қайталап орындау – бұл мемлекеттік аудитордың олармен қолданылатын бақылау құралдары бойынша аудит объектісінің басшылығына және қызметкерлеріне қатысты бақылау іс-қимылдары;

сыртқы растау – мемлекеттік аудитор үшінші тараптың (растаушы тараптың) қағаз, электрондық тасығыштарда тікелей жазбаша жауап түрінде алған аудиторлық дәлелдеме;

тәуекелді бағалау жөніндегі рәсімдер – қаржылық есептілік және жазбаша растау деңгейінде алаяқтық немесе қате себептері бойынша ақпаратты айтарлықтай бұрмалау тәуекелдерін анықтау және бағалау мақсатында ұйымның ішкі бақылау жүйесін қоса алғанда, ұйым және оның қызметінің шарттары туралы ақпарат алу үшін мемлекеттік аудитор орындайтын аудиторлық іс-әрекеттер.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдарында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасымен және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Заңның 2-бабы 3-тармағына сәйкес осы органдардың бірінші басшылары айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-бөлім. Ішкі мемлекеттік аудитті ұйымдастыру

1-тарау. Ішкі мемлекеттік аудитті жоспарлау

1-параграф. Аудитті жоспарлау

10. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жоспар әзірлейді, онда мемлекеттік аудиттің үлгісі мен мерзімдері, мемлекеттік аудит объектілері мен жүру маршруттары, қажетті кадрлық ресурстар, аудиторлық іс-шарада қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жоспарлау - жоспар, аудиторлық рәсімдердің бағдарламасын және көлемін әзірлеумен және жасаумен қорытылатын қаржылық есептілік аудитінің бастапқы кезеңі.

12. Қаржылық есептілік аудитін жоспарлау жөніндегі жұмыстардың сипаты мен ауқымы аудит объектісінің ұйымдық құрылымының мөлшері мен күрделілігіне, белгілі бір аудиторлық тапсырмада айқындалған мақсаттарына, мемлекеттік аудитордың аудиттелетін объект қызметінің ерекшеліктерін түсінуге байланысты.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жоспарлау кезінде елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтау мен бағалауға дейін:

1) аудит объектісінің бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесін зерделеу;

2) тәуекелдерді бағалау шеңберінде талдамалық рәсімдерді орындау;

3) маңыздылық деңгейін анықтау;

4) шоғырландырылған қаржылық есептіліктің компоненттеріне қатысты талдамалық рәсімдерді орындау қажет.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің компоненттері – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің жеке қаржылық есептілігі, сондай-ақ оның ведомстволарының шоғырландырылған қаржылық есептілігі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жоспарлау процесінде үздіксіз ақпарат жинау және өңдеу процесінің жолымен мемлекеттік аудитор аудит объектісі қызметі туралы алынған мәліметтерді ескереді. Бұл ретте алдыңғы сатыларда алынатын ақпарат бұдан алдыңғы сатыларда алынған деректерді толықтырады.

Аудит жоспары мен бағдарламасы Ішкі мемлекеттік аудит жүргізу қағидаларының талаптарын есепке ала отырып жасалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Аудит объектісінің қызметін зерделеу

15. Мемлекеттік аудитор қаржылық есептіліктің дұрыстығына, аудит жүргізу барысына немесе аудиторлық қорытынды үшін негіз болып табылатын тұжырымдарға әсер етуі мүмкін оқиғаларды, операцияларды, пайдаланылатын есепке алу әдістерін сәйкестендіру және дұрыс бағалау үшін аудит объектісінің қызметін зерделейді.

16. Мемлекеттік аудитор аудиттелетін объектінің қаржылық операциялары мен қаржылық есептілігіне (шоғырландырылған қаржылық есептілігіне) әсер ететін факторларды бағалайды:

- 1) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін;
- 2) аудит объектісінің құрылымын, құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді бөлуді;
- 3) бухгалтерлік есеп жүйесін;
- 4) ішкі бақылау жүйесін;
- 5) қорытындылары қаржылық есептілікке әсер еткен не әсер еткен құқықтық даулар мен сот талқылауларының болуын;
- 6) тәуекелдерді бағалауды, оның ішінде алдыңғы қаржылық есептілік аудиттерінің нәтижелерін (алдыңғы аудиттердің нәтижелерін зерделеу, аудиторлық құжаттаманы (аудиторлық файлдарды) қамтитын сақтау папкаларымен танысу, ұсынымдардың орындалуын бақылау және алдыңғы аудиттер барысында анықталған бұзушылықтарды жою);
- 7) шоғырландырылған қаржылық есептілік компоненттерін, оның ішінде жекелеген компоненттердің немесе олардың қаржылық есептілік баптарының маңыздылығын талдау.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Мемлекеттік аудитор дәлелдемелер көздерін мынадай әдістермен бағалайды:
- құжаттарды зерделеу;
 - интервью жүргізу мен аудит объектісінің жауапты тұлғаларынан ақпарат алу;
 - бұқаралық ақпарат құралдарынан және басқа да ақпарат көздерінен алынған ақпаратты бағалау;
 - талдау алды зерттеулерді орындау (қаржылық кестелердің деректерін салыстыру; қаржылық және қаржылық емес деректердің арасындағы байланысты бағалау; ағымдағы кезеңнің деректерін алдыңғы кезеңдердегі деректермен салыстыру; бюджеттік және қаржылық есептілікті бағалау).

18. Аудит объектісінің қызметін алдын ала зерделеуді Ішкі мемлекеттік аудит қағидаларының 3-тарауының 2-параграфында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Объектіні алдын ала зерделеу нәтижелері аудиторлық құжаттар бар сақтау папкаларында құжатталады (аудиторлық файлдар).

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Аудит объектісінің бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерін айқындау

19. Мемлекеттік аудитор аудиттелетін объектінің құрылымы мен бухгалтерлік есеп жүйесін зерделейді және ажырамас тәуекелдер анықтайды.

20. Мемлекеттік аудитор аудиттелетін объектінің бухгалтерлік есеп жүйесінде: қаржылық есептілікті белгіленген тәртіппен және мерзімінде жасаудың сәйкестігін; бухгалтерлік рәсімдерді қызметтің ерекшелігін ескере отырып, жүргізуді; бухгалтерлік операциялар орындау мерзімдерін; бюджеттік есептілікті зерделеуді қарастырады.

21. Мемлекеттік аудиторға:
бухгалтерлік есеп тіркелімдерін;
бастапқы есепке алу құжаттарын жүйелеу және сақтау әдістерін;
операциялар туындаған сәттен бастап оларды қаржылық есептілікте көрсеткенге дейін бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін;
кірістер мен шығыстардың түрлерін;
активтер, міндеттемелер, оларды бағалау және есепте көрсетуін;
таза активтердің/капиталдың құрамындағы өзгерістерін;
резервтердің болуы және оларды есепте көрсетуін айқындау үшін бухгалтерлік есеп жүйесі туралы ақпаратты алу қажет.

Егер бухгалтерлік есеп тиісінше жүргізілсе және қаржылық есептілік дұрыс дайындалса, аудит объектісінің бухгалтерлік есеп жүйесі тиімді болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есептің қолданылатын ақпараттық жүйесін зерделейді, қауіпсіздігі мен сенімділігін бағалайды, оны операцияларды көрсетуі мен есеп айырысуды жүзеге асыруының дұрыстығы тұрғысынан тестілейді.

23. Жоспарлау процесінде мемлекеттік аудитор аудит объектісінің ішкі бақылау құралдарымен танысуы қажет.

Ішкі бақылау құралдары – аудит объектісінің жағдайында және қызметінде тәуекелдердің туындауын алдын алуға және анықтауға мүмкіндік беретін, аудит объектісінің басшысы белгілеген әдістер, тәсілдер және рәсімдер.

Мемлекеттік аудитор мынадай:

тиісті есепті кезеңдердегі бухгалтерлік есеп шоттарында барлық операциялар мен оқиғалардың уақытылы есепке алынуын;

активтер мен міндеттемелер бойынша есепті деректерді олардың нақты болуымен үнемі салыстыру, кез келген айырмашылықтарға қатысты тиісті шараларды қабылдау мақсаттарына қол жеткізу үшін ішкі бақылау құралдарын қарайды.

2-тарау. Аудиторлық тәуекелді бағалау

1-параграф. Тәуекелдерді бағалау

24. Аудиторлық тәуекелді бағалау аса маңызды міндетті білдіреді, тәуекел дәрежесін айқындау аудиторлық тексерудің сапасына байланысты болады.

25. Аудиторлық тәуекел мыналардан тұрады:

ажырамайтын тәуекел;

бақылау құралдарының тәуекелін;

тәуекел кездеспеген.

Аудиторлық тәуекел жоспарланған аудиторлық іс-шаралар көлемінің 5%-ы мөлшерінде айқындалады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Ажырамас тәуекел – қажетті ішкі бақылау құралдарының болмауымен байланысты шот сальдосының немесе операциялар сыныбының жекелегенде немесе басқа шоттар сальдоларымен немесе операциялар сыныптарымен жиынтығында елеулі болуы мүмкін бұрмалауларға ұшырау бейімдігі.

Ажырамас тәуекел тиісті ішкі бақылау құралдары болмаған жағдайда туындайды. Ажырамас тәуекел мен бақылау тәуекелі аудитордың іс-әрекеттерінен тәуелді емес, аудиттелетін объектінің тәуекелдеріне жатады, объект қызметінің нәтижесі болып табылады және қаржылық есептілік аудитіне қарамастан туындайды.

27. Бақылау құралдарының тәуекелі – бұл ішкі бақылау жүйесі бұрмалаудың уақтылы алдын алмауы немесе таппауы және жоймауы тәуекелі.

Ішкі бақылау жүйесінің тәуекелін бағалау елеулі бұрмалаулардың алдын алу немесе оларды табу, сондай-ақ жою үшін бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін айқындау процесін білдіреді.

Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерін зерделеуден кейін мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есеп шоттарындағы әрбір елеулі қалдық немесе бір типті операциялар тобы бойынша тұжырымдар деңгейінде тәуекел құралдарын алдын-ала бағалау жүргізуі қажет.

Егер бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелері тиімсіз және олардың тиімділігін бағалау орынсыз болса, алдын-ала бағалау деңгейінде тәуекел жоғары ретінде бағаланады.

Тәуекел құралдарының бағасы қанша төмен болса, мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелері жұмыстарының тиімділігіне қатысты сонша көп тиісті дәлелдеме алады.

Тәуекел құралдарын тестілеу нәтижелеріне талдау жүргізген кезде мемлекеттік аудитор тәуекел құралдары әртүрлі уақыт кезеңдерінде тиімсіз болуы мүмкін екендігі фактісін назарға алады.

Егер тексерілетін кезең ішінде әртүрлі уақытта әртүрлі бақылау құралдары қолданылған болса, аудитор олардың әрқайсысын жеке-жеке қарайды. Бақылау құралдарын қолдану тексерілетін кезеңнің белгілі бір уақытында тоқтатылған жағдайда осы кезеңдегі операцияларға қатысты аудиторлық рәсімдердің сипатын, уақытша рамкалары мен көлеміне талдауды жеке-жеке жүргізуі қажет.

Бақылау құралдарының тәуекеліне әсер ететін негізгі факторлар бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыру мен олардың тиімді жұмыс істеуі үшін жауапты аудит объектісінің басшысы мен бас бухгалтерге байланысты болады.

Аудит жүргізу барысында мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерінің элементтерін сипаттайды, кемшіліктерін белгілейді және бақылау құралдарының тәуекел дәрежесін бағалайды.

28. Анықталмау тәуекелі – аудиторлық рәсімнің елеулі бұрмалауды жеке-жеке де, сол сияқты басқа бұрмалаулармен жиынтығында да анықтамай қалу тәуекелі.

Тиімсіз аудиторлық рәсімдерді қолдану не тиімді аудиторлық рәсімдерді дұрыс қолданбау немесе аудит нәтижелерін дұрыс түсіндірмеу оны анықтамаудың жоғарғы тәуекеліне әкеп соқтырады. Сондықтан, аудитті жоспарлау кезінде аудиторлық топ мүшелерінің және тартылған сыртқы сарапшылардың кәсіби құзыретін қарастыру, аудиттің жүргізілуіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету қажет.

29. Елеулі бұрмалаулар тәуекелі – бұл аудит жүргізіліп басталғанға дейін қаржылық есептілікте елеулі бұрмалауға жол берілу тәуекелі.

Қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалауларын анықтауға бағытталған рәсімдерді әзірлеу үшін мемлекеттік аудитор елеулі бұрмалаулар тәуекелдерін мынадай екі деңгейде:

тұтас қаржылық есептілік деңгейінде;

бір типті операциялар тобы, бухгалтерлік есеп шотының сальдосы және қаржылық есептілікте ақпаратты ашу жағдайлары үшін қаржылық есептілікті дайындауға нақты алғышарттар деңгейінде қарайды.

Мемлекеттік аудитор:

аудит объектісі қызметін және оның ортасын, оның ішінде осы тәуекелдерге байланысты бақылау құралдарын түсінуді алу жолымен, сондай-ақ операциялардың сыныбын, шоттардағы қалдықтарды және қаржылық есептілікте ақпараттың ашылуын қарау жолымен тәуекелдерді айқындайды;

анықталған тәуекелдердің қаржылық есептілік көрсеткіштеріне қалай әсер ететінін анықтайды;

анықталған тәуекелдердің қаншалықты маңызды болуын және олардың қаржылық есептілікте елеулі бұрмалауға әкеп соғуы мүмкін бе соны зерделейді.

Елеулі бұрмалаулар тәуекелін есептеу бақылау құралдарының тәуекелі мен ажырамас тәуекелдің сандық және сапалық мәндерінің негізінде есептеледі.

30. Аудиторлық тәуекел елеулі бұрмалаулар тәуекелі мен анықталмау тәуекелінен тұрады.

Елеулі бұрмалау тәуекелі ажырамас тәуекел мен бақылау құралдарының тәуекелінен тұрады.

Мемлекеттік аудитор ажырамас тәуекелдің шамасына әсер ететін факторларды бағалау үшін кәсіби пайымын қаржылық есептіліктегі ақпаратты көрсету деңгейінде де, сол сияқты шоттар сальдосы мен шаруашылық операциялардың сыныбы деңгейінде де пайдаланады.

Бақылау құралдарын бағалау бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерімен танысқаннан және бақылау құралдарына тестілеу жүргізу жолымен аудиторлық дәлелдемелерді алғаннан кейін жүргізіледі.

Аудиторлық тәуекелді бағалау үшін сандық және сапалық әдістер қолданылады.

Сандық әдіс кезінде аудиторлық тәуекелді есептеу мынадай формуламен жүргізіледі:

$АТ = АЖТ \times БТ \times АНТ$, мұнда АТ - аудиторлық тәуекел, АЖТ - ажырамас тәуекел, БТ - бақылау құралдарының тәуекелі, АНТ - анықталмау тәуекелі.

Аудиторлық тәуекелді сапалық бағалау әдісі, мемлекеттік аудитордың тәжірибесі мен оның аудит объектісінің қызмет саласын білуіне сүйене отырып, қаржылық есептілік деңгейіндегі аудиторлық тәуекелді тұтастай немесе жоғары, орташа, төмен ретінде операциялардың жекелеген сыныптарын айқындауымен және осы бағалауды жоспарлау кезінде пайдалануымен тұжырымдалады.

Елеулі бұрмалаулар тәуекелін бағалау "ЖҚ - Елеулі бұрмалаулар тәуекелін бағалау (ЖҚ-ЕБТ)" деген жұмыс құжатымен осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Анықталмау тәуекелі, аудит аяқталғаннан және аудиторлық қорытындыны ескертулерсіз қалыптастырғаннан кейін қаржылық есептілікте елеулі қателердің қамтылуы ықтималдығын мойындауға мемлекеттік аудитордың дайындық деңгейін білдіреді.

Анықталмау тәуекелінің көлемі мынадай формуламен айқындалады:

$АНТ = АТ / АЖТ \times БТ$, мұнда АНТ - анықталмау тәуекелі, АТ - аудиторлық тәуекел, АЖТ - ажырамас тәуекел, БТ - бақылау тәуекелі.

Анықталмау тәуекелі аудиторлық рәсімдерді қолданудың тиімділігіне байланысты болады және олар келесідей жіктеледі:

ішкі бақылау жүйесі тиімді ретінде бағаланған, бірақ, ықтимал елеулі қателерді анықтау үшін егжей-тегжейлі рәсімдер жоспарлай отырып, мемлекеттік аудитор оған толығымен сенбеген кезде, анықталмау тәуекелі төмен деп анықталады;

ішкі бақылау жүйесі тиімсіз ретінде бағаланған және мемлекеттік аудитор егжей-тегжейлі рәсімдер жоспарлаған кезде, анықталмау тәуекелі орташа деп анықталады;

ішкі бақылау жүйесі жоқ болған кезде және мемлекеттік аудитор тұтас тексеру жоспарлаған кезде, анықталмау тәуекелі жоғары деп анықталады.

Қаржылық есептілікте бұрмалаулар анықталуының күтілетін тәуекелінің шамасы қаншалықты жоғары болуына қарай, анықталмау тәуекелі де соншалықты төмен болады.

Анықталмау тәуекелі нөлге дейін төмендеуі мүмкін емес, өйткені мемлекеттік аудитор операциялардың барлық сыныбтарын, шоттар сальдосы немесе ашулардың барлығын егжей-тегжейлі тексеруге алуы мүмкін емес.

Тәуекелді бағалау бағалау кезінде мемлекеттік аудитор жұмысының тиімділік тәуекелі мен сапасының негізгі құрамдастарын сипаттайтын факторларды анықтау қажет.

Мысал үшін:

аудиторлық топ мүшелерінің жұмысын бақылау;

аудиторлық топ мамандарының біліктілігі;

бухгалтерлік қызметпен тікелей байланыс мүмкіндігі;

осыған ұқсас бейіндегі объектілерде жұмыс өтілінің болуы.

Жұмыс нәтижелері "ЖҚ - Бақылау құралдарының тәуекелін бағалау (ЖҚ - БҚТБ)" деген жұмыс құжатымен осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, "ЖҚ - Ажырамас тәуекелді бағалау (ЖҚ - АТБ)" деген жұмыс құжатымен осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, "ЖҚ - Анықталмау тәуекелін бағалау (ЖҚ - АнТБ)" деген жұмыс құжатымен осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Мәнділік деңгейін есептеу

31. Мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

Мәнділік қаржылық есептілік деңгейінде және шоттардың сальдосына, операциялар сыныптарына және ашуларға қатысты қаралады.

Мәнділік деңгейін айқындау кезінде мемлекеттік аудитор кәсіби пайымын қолданады.

Аудиторлық тапсырманың мақсаты аудит объектілеріне келтірілген залалды бағалау болып табылған кезде, мемлекеттік аудитор мәнділік ұғымын қолданбайды.

Бұл ретте мемлекеттік аудитор жиынтығында қаржылық есептілікте көрініс табатын нәтижелерге елеулі әсер ететін аз сомдан туындайтын елеусіз бұрмалауларды ескереді.

Мәнділік деңгейін айқындау мынадай жағдайларда:

аудиторлық тексеруді және аудиторлық рәсімдерді жүргізуді жоспарлау, аудитін жүргізу кезеңін, аудит объектілерін, оның ішінде тексеру жоспарына енгізілмейтін объектілерді айқындау кезінде;

іріктеу көлемін жоспарлау және оны мәні бойынша тексеру процесінде түзету кезінде;

тексеру нәтижелерін және қаржылық есептіліктің дұрыстығына, яғни аудиторлық пікір білдіру нысанына анықталған бұзушылықтардың әсерін бағалау кезінде қажет.

Мәнділік деңгейі теңгерім валютасынан "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" бабының соммасын шегергенде 2 % мөлшерінде анықталады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Аудиторлық тәуекел елеулі бұрмалаулар тәуекелдері мен анықталмау тәуекеліне байланысты болады.

Мәнділік деңгейі мен аудиторлық тәуекел арасында кері байланыс бар. Мәнділік деңгейі қаншалықты жоғары болса, аудиторлық тәуекел соншалықты төмен және керісінше, мәнділік деңгейі қаншалықты төмен болса, аудиторлық тәуекел соншалықты жоғары.

33. Аудит жоспарын әзірлеу кезінде қаржылық есептіліктегі бұрмалауларды анықтау үшін қолайлы мәнділік деңгейін белгілеу қажет. Мемлекеттік аудитор бұрмалаулардың сандық және сапалық сипаттамаларын ескеруі қажет.

Сапалық сипаттамасын анықтау кезінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарынан ауытқулардың елеулі сипатын және осы ауытқулардың қаржылық есептілікке әсері белгіленеді.

Сандық сипаттамасын анықтау кезінде белгіленген мәнділік деңгейінен асып кетуді, қаржылық есептілік көрсеткіштеріне анықталған және ықтимал бұрмалауларды жеке-жеке және жиынтығында бағалаған жөн.

34. Мәнділік деңгейі – қаржылық есептіліктегі, осы есептілікті талдау негізінде пайдаланушылар қабылдайтын шешімдердің сапасына әсер етпейтін, жол берілетін бұрмалаулардың жиынтық мөлшері.

Мәнділік деңгейі жоспарлау деңгейінде айқындалады және аудит жоспарына енгізіледі.

Мәнділік деңгейінің мағынасы көптеген, мысалы, аудиттелетін объектінің арнаулы қызметіне, теңгерім валютасына, есептелген резервтерге және өзге де факторларға байланысты болады.

Мәнділік деңгейін анықтау мемлекеттік аудитордың кәсіби пайымы мен аудит объектісінің қызметін және оның ортасынтүсінуіне, басқа да аудиторлық дәлелдемелермен есеп айырысу бағаларының келісілген болуына байланысты болады.

Мәнділік деңгейін есептеу үшін қаржылық есептілік элементтерінің базалық көрсеткіштері айқындалады:

бухгалтерлік теңгерім шоттарының жекелеген сальдолары;

бухгалтерлік теңгерім бабының шамасы;

қаржылық есептіліккөрсеткіштері.

Мемлекеттік аудитор мәнділікті қаржылық есептілік деңгейінде, шоттар сальдосына , операциялардың жекелеген сыныптарына, қаржылық операциялар туралы ақпарат ашылуына қатысты қарайды. Нәтижеде бір объект үшін әртүрлі мәнділік деңгейлерінің жинағын алуға болады.

Шоттар сальдосы, операциялардың сыныптары мен ашулар деңгейінде мәнділікті бағалау тексеруге жататын баптардың құрамын айқындауға көмектеседі және аудиторлық тәуекелді қолайлы деңгейге дейін төмендету үшін оларға қатысты қандай аудиторлық рәсімдерді қолдану қажеттігін айқындауға және шешуге мүмкіндік береді.

35. Ең маңыздысы, бухгалтерлік есептің бұрмалауға ұшыраған шоттарының маңызды топтарын айқындау болып табылады.

Қаржылық есептілік баптары маңызды шоттарды анықтау және ақпаратты ашу үшін басты көздер болып табылады.

Шотты маңызды деп тану осы шот бойынша қаражаттың қозғалысын зерделеу қажеттігіне көрсетеді. Маңызды шотты мәнділік деңгейін және (немесе) іріктеу көлемдерін айқындау кезінде ескерген жөн.

36. Бухгалтерлік есептің шоттарын маңыздыларға жатқызу критерийлері мыналар:

мәнділік деңгейінен асатын сальдолық қалдықтардың болуы;

шот бойынша есепті кезең ішіндегі үлкен айналымдар;

шот бойынша, құжаттармен расталатын және аудиттелетін объект қызметкерлерінің объективтік бағаларын қамтитын әдетте болмайтын құжаттар мен операциялардың болуы. Мысалы, активтердің құнсыздануы бойынша резерв мөлшерін айқындау, бағалау резервтерін мойындау, пайдаланылмаған демалыстар мен күмәнді борыштар бойынша резервтер болып табылады.

37. Мәнділік деңгейін (деңгейлерін) есептеу үшін базалық көрсеткіштер жүйесін орнатып мемлекеттік аудитор жалпы қаржылық есептіліктің мәнділік деңгейінің сандық мәнін жалпы мынадай тәртіппен есептейді:

бухгалтерлік есептің маңызды баптары мен шоттарының мәнділік деңгейлерін айқындайды;

қаржылық есептілік жиынтығы мәнділігінің жалпы деңгейі айқындалады.

38. Мәнділік деңгейінің сандық мәнін айқындау үшін мынадай тәсілдер қолданылады:

қаржылық есептіліктің барлық көрсеткіштері үшін бірыңғай деңгей орнатылады; мәнділік деңгейін айқындау үшін іріктелген базалық көрсеткіштерден белгіленген пайыздық үлестердің орташа арифметикалық мәні есептеледі;

мәнділік деңгейлерінің бірнеше мәндері белгіленеді.

Қаржылық есептіліктің әртүрлі көрсеткіштері үшін олардың өзектілігі мен маңыздылығына қарай нақты пайыз немесе пайыздық қатар түрінде мәнділіктің салыстырмалы шамасы іріктеледі.

Бухгалтерлік баланстағы мәнділік деңгейі "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" бабын алып тастап белгіленеді.

Мәнділік деңгейін есептеу "ЖҚ - Елеулік деңгейін есептеу (ЖҚ-МДЕ)" деген нысан бойынша осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

39. Мәнділік шегі аудитті жоспарлау мен орындау кезінде қолданылады және өзі жол берілетін бұрмалаулар мөлшерінің шекті мәнін білдіреді, бұдан жоғары анықталған бұрмалаулар елеулі болып табылады.

Есептелген мәнділік шектері қаржылық есептілік элементтері бойынша қаржылық есептіліктің тиісті нысанының жинақ қорытындысындағы элементтердің үлестеріне барабар бөлінуге жатады.

40. Егер аудит барысында анықталған ықтимал қателер мен бұрмалаулар жиынтығы мәнділіктің белгіленген деңгейінен асатын шаманы құрайтын болса және сапалы деңгейден ауытқу елеулі болса, онда қаржылық есептілік дұрыс емес деп танылады.

41. Мемлекеттік аудитор сыныптамадаға бұрмалаулар елеулі болып табылмайды деген тұжырымға келеді және тіпті басқа бұрмалауларды бағалау кезінде қолданылатын мәнділіктің белгіленген деңгейінен асатын болса да оларды маңызды емес деп бағалайтын болады. Бұл жағдайда сома қаржылық есептілікке елеулі әсер етпейтініне көз жеткізу үшін ұқсас бұрмалаулар шоғырландырылады.

Бұл ретте "маңызды емес" деген ұғым "елеусіз" деген ұғым ретінде қабылданбауы тиіс.

42. Егер қателер елеусіз болған жағдайда мемлекеттік аудитор қатені түзетуді ұсынады.

Егер түзетілмеген жекелеген елеусіз бұрмалаулардың саны көп болса, мемлекеттік аудитор саны туралы және түзетілмеген бұрмалаулардың жалпы көлемі туралы ақпаратты ақшалай мәнде ұсынады.

3-параграф. Аудит жоспары мен бағдарламасын қалыптастыру

43. Аудит жоспары мен бағдарламасын қалыптастыру жоспарлаудың аяқтаушы кезеңі болып табылады.

Аудит жоспары мен бағдарламасын, аудиторлық тапсырманы жасау тәртібі Ішкі мемлекеттік аудит қағидаларының 3 тарауының 3 параграфымен сәйкес жүзеге асады.

Аудит жоспары мен бағдарламасы Ішкі мемлекеттік аудит қағидаларының 2 және 3-қосымшаларына сәйкес жасалады. Қажет болған жағдайда нысандар қажетті ақпаратпен толықтырылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Аудит жоспары мен бағдарламасын дайындау кезінде қаржылық есептілік дұрыс емес деп санауға мүмкіндік беретін қолайлы мәнділік деңгейі мен аудиторлық тәуекелді белгілеу қажет.

Аудитті жүргізу жоспарында алдын ала талдау, бақылау жүйесінің сенімділігін бағалау, тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде аудитті жүргізу тәсілі айқындалады.

Аудит бағдарламасы жоспарды іске асыру үшін қажетті рәсімдердің егжей-тегжейлі тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік аудитор аудит процесінде өз жұмыс құжаттарында оларға сілтеме жасауға мүмкіндігі болуы үшін аудит бағдарламасын құжаттық ресімдеуі, онда жүргізілетін аудиторлық рәсімдерді белгілеуі қажет.

Бағдарламаның әрбір бөлімі бойынша тұжырымдар жұмыс құжаттарында құжаттық көрініс табады және аудиторлық есеп пен аудиторлық қорытынды жасау, сондай-ақ аудиторлық пікір қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

45. Түзету және нақтылау үшін аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізу Ішкі мемлекеттік аудит қағидаларының 51-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-бөлім. Қаржылық есептіліктің ішкі мемлекеттік аудитін орындау

1-тарау. Мәні бойынша аудит жүргізу

1-параграф. Аудиторлық дәлелдемелер

46. Аудитті орындау – бұл аудиторлық іс-шараның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес аудиторлық дәлелдемелер жинау үшін қажетті аудиторлық рәсімдерді жүргізу дәйектілігі.

47. Аудиторлық дәлелдемелер - бұл мемлекеттік аудитор пікір қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын ақпарат.

Аудиторлық дәлелдемелерде мыналар:

алдыңғы аудит нәтижелері бойынша алынған ақпаратты;

сұрау салулар мен қадағалауды;
шарттарды;
келісімдерді;
меморандумдарды қамтуы мүмкін.

48. Мемлекеттік аудитор және мемлекеттік аудитордың ассистенті аудиторлық дәлелдемелерді жазбаша және ауызша сұрау салулар негізінде жинауы қажет.

Аудиторлық дәлелдеме көздері мыналар болып табылады:

бастапқы есепке алу құжаттары;

бастапқы есепке алу жазбаларына негізделген бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері;
қағаз, сол сияқты электрондық түрдегі есеп айырысулар;

есепті кезеңдегі қаржылық есептілік;

аудит объектісі басшылығының отырыстарының, кеңестерінің хаттамалары.

аудиторлық дәлелдемелерді жинау үшін қосымша көздер мыналар болып табылады:
ресми статистика;

бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

алдыңғы аудиттер барысында алынған ақпарат;

ішкі аудит қызметінің есептері.

Аудиторлық дәлелдемелердің бір бөлігі тестілеу жүргізу жолымен алынады, мысалы, дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысудың үшінші тараптардан алынған салыстырып тексеру актісі.

Аудиторлық дәлелдемелердің саны қаржылық есептіліктегі бұрмалаулардың тәуекеліне және олардың сапасына байланысты болады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.06.2018 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Мемлекеттік аудитор елеулі бұрмалаулардың тәуекелдерін бағалау үшін операциялардың сыныптары, шоттар сальдосы, нұсқамалар және ашулар бойынша тұжырымдарды пайдаланады.

Операциялардың сыныптары бойынша тұжырымдар:

оқиға - операциялар жасалса, оқиға орын алған және аудит объектісіне тікелей байланысты;

толықтығы - барлық операциялар бухгалтерлік есепте көрініс тапқан және қаржылық есептілікте ескерілген;

дәлдігі - операциялар сомасы сенімді түрде көрсетілген;

жабу - операциялар есепті кезеңде ескерілген;

жіктеу - операциялар тиісті шоттарда ескерілген.

Шоттар сальдосы бойынша тұжырымдар:

болуы - активтер мен міндеттемелер шын мәнінде бар;

құқықтар мен міндеттемелер – активтерге құқығы бар, кредиторлық берешек аудит объектісінің міндеттемесі болып табылады және тағы басқалар;

бағалау мен бөлу - активтер, міндеттемелер және таза активтер/капитал тиісті сомалары бойынша көрсетілген және тиісті түрде ескерілген.

Қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашулар жөніндегі тұжырымдар:

құқықтар мен міндеттемелер - операциялар мен оқиғалар шын мәнінде болды және аудит объектісіне жатады;

толықтығы - барлық ашулар қаржылық есептілікке енгізілген;

сыныптамасы мен түсініктілік – қаржылық есептілікте ақпарат дұрыс ұсынылған;

дәлдік және бағалау – ақпарат дұрыс және тиісінше сомада ашылған.

50. Аудиторлық дәлелдемелердің қағидаттары жеткіліктілігі мен сәйкестігі болып табылады.

Жеткіліктілік – бұл аудиторлық дәлелдемелер санының көрсеткіші, ол тәуекелдерді бағалауға байланысты (тәуекелдер неғұрлым жоғары болса, аудиторлық дәлелдемелер де соғұрлым көп, сапасы неғұрлым жоғары болса, аудиторлық дәлелдемелер де соғұрлым аз).

Сәйкестік - бұл аудиторлық пікір негізделетін қорытындыларды растау үшін аудиторлық дәлелдемелердің сапа көрсеткіші (орындылық және сенімділік).

Аудиторлық дәлелдемелердің критерийлері орындылық және сенімділік болып табылады.

Орындылық - бұл операциялар сыныпының, шоттар сальдосы, ашылатын мәліметтердің және олармен байланысты қаржылық есептілікті дайындау алғышарттарының, сондай-ақ оларда бұрмалауларды анықтау дұрыстығы.

Ақпараттың орындылығы аудиторлық рәсімнің мақсатымен қисынды байланысты және оған әсер етеді.

Аудиторлық дәлелдемелердің сенімділігі олардың көздері мен дәлелдемелер алу сипатына байланысты.

51. Егер аудиторлық дәлелдемелер:

сыртқы көздерден алынған;

құжатпен расталған;

алынған құжаттар түпнұсқа болып табылады;

тікелей мемлекеттік аудитордың өзі алған болса, ол анағұрлым сенімді болады.

Жоғары дәрежелі сенімділік алу үшін мемлекеттік аудитор әртүрлі және тәуелсіз сыртқы көздерден растау алуы қажеті.

Сыртқы көздерден алынған аудиторлық дәлелдемелер "ЖҚ - Сыртқы көздерден ақпарат (ЖҚ-СКА)" деген жұмыс құжатымен осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

52. Аудиторлық дәлелдерді жинау келесі кезендерден тұрады:

нақты деректер мен ақпаратты жинау толықтығы, дұрыстығы және сәйкестігі, жеткіліктілігі қағидаттарында жүргізіледі;

жиналған нақты деректер мен ақпаратты жеткіліктілік тұрғысынан талдау;

аудиторлық дәлелдемелерді қалыптастыру үшін олар жеткіліксіз болған жағдайда қосымша нақты деректер мен ақпаратты жинау.

Аудиторлық дәлелдемелерді жинау дәйексіз нақты деректерге негізделмейді.

Аудитті орындау кезінде алынған аудиторлық дәлелдемелерді аудиторлық құжаттамаға енгізу қажет.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Аудиторлық рәсімдер

53. Аудиторлық рәсімдер - мемлекеттік аудитордың, объектінің қаржылық жағдайы туралы пікірі негізделетін қорытындыларды қалыптастыру мақсатында анық дәлелдемелер жинау.

Аудиторлық рәсімдер бақылау құралдарын тестілеуден және мәні бойынша тексеру рәсімінен тұрады.

54. Бақылау құралдарын тестілеу бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігі туралы аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін жүргізіледі.

Мәні бойынша тексеру рәсімдері қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болуы туралы немесе болмауы туралы аудиторлық дәлелдемелерді алу мақсатында жүргізіледі.

Жеткілікті және тиісті түрдегі аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін мәні бойынша тексеру рәсімдерін операциялардың елеулі сыныптары, шоттар сальдосы және ашулар бойынша орындау қажет.

Мәні бойынша тексеру рәсімдері егжей-тегжейлі тестілеуді және талдамалық рәсімдерді қамтиды.

Аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін аудиторлық рәсімдердің мынадай әдістері қолданылады:

- зерделеу (инспекциялау);
- қадағалау және қарап тексеру;
- сұрау салу және растау;
- қайта есептеу;
- талдамалық рәсімдер;
- сыртқы растау;
- қайталап орындау.

Инспекциялау, қағаз немесе электрондық нысанда немесе басқа да ақпарат тасығыштардағы ішкі немесе сыртқы жазбаларды немесе құжаттарды тексерумен тұжырымдалады, бұл әртүрлі сенімділік дәрежесіндегі аудиторлық дәлелдемелерді (сипаты мен ақпарат көзіне байланысты) қамтамасыз етеді.

Қадағалау және қарап тексеру басқа тұлғалар орындап жатқан процесті немесе рәсімді қадағалау барысында алынған аудиторлық дәлелдемелерді білдіреді. Мысалы, құжаттарды (ережелері, құрылтай құжаттары, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің үкіметтік бағдарламалары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары, іс-шаралар жоспарлары, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарлары, мемлекеттік инвестициялық жобалар, қайтарымсыз гранттар, ішкі кредит беру, қарыздар және өзге де) зерделеу жолымен аудиттелетін объектінің қызметін қадағалау.

Сұрау салу және растау басқа аудиторлық рәсімдерге қосымша ретінде қолданылады. Сұрау салулар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Сұрау салуларға жауаптар бұрын алынған ақпараттан айтарлықтай басқаша ақпаратты білдіруі мүмкін. Кейде сұрау салуларға жауаптар жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін қосымша аудиторлық рәсімдерді орындауға негіз болып табылады.

Қайта есептеу құжаттардың немесе жазбалардың арифметикалық дәлдігін тексеруді қамтиды. Мысалы, еңбекақы немесе пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер бойынша есеп айырысуларды тексеру.

Талдамалық рәсімдер алынған ақпаратты талдау және бағалау болып табылады.

Талдамалық рәсімдер кейіннен қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін ерекше операциялар немесе оқиғалардың ақпаратын ашуды жоспарлау кезінде тәуекелдерді анықтау үшін жүргізіледі.

Талдамалық рәсімдер мыналарды қамтуы мүмкін:

алдыңғы кезеңдердегі ақпаратты салыстыру;

қаржылық есептілік элементтерінің көрсеткіштерін салыстыру;

аудиттелетін кезеңдегі қаржылық және қаржылық емес ақпарат көрсеткіштерінің деректері арасындағы өзара байланысты зерделеу;

қаржылық есептілік элементтерінің арасындағы өзара байланысты зерделеу;

шоттар бойынша сальдоны талдау;

ерекше операцияларды талдау.

Сыртқы растауды маңызды шоттарға қатысты пайдаланады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Аудиторлық рәсімдердің әдістерін қолдану, мемлекеттік аудитордың кәсіби пікіріне тәуелді.

3-параграф. Аудиторлық іріктеу

56. Аудиторлық іріктеу қаржылық есептіліктің бір топ операцияларының элементтерін, баптарын және шоғырландырылған қаржылық есептілік компоненттерін іріктеу рәсімін білдіреді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56-1. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің компоненттерін іріктеу шоғырландырылатын топтың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің жекелеген қаржылық есептіліктері бойынша жүргізіледі.

Іріктеу элементтеріне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі немесе олардың қаржылық есептілігінің жекелеген баптары жатады.

Ескерту. Қағида 56-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56-2. Элементтерді іріктеу мынадай өлшемшарттар бойынша жүргізіледі:

шоғырландырылған топтағы компоненттер балансы валютасының ең көп сомасы;
шоғырландырылған топтағы компоненттердің бухгалтерлік балансы шоттары сальдосының ең көп сомасы (тексеруге компоненттің қаржылық есептілігінің жекелеген баптары жатады);

шоғырландырылған топтың компоненттеріндегі кірістердің және (немесе) шығыстардың ең көп сомалары (тексеруге компоненттің қаржылық есептілігінің кірістері және (немесе) шығыстары жатады);

негізгі мәндер, осы өлшемшарттарды қолдану кезінде мемлекеттік аудитор шоғырландырылған қаржылық есептілікте олардың қаржылық есептілігінің елеулі компоненттерін немесе баптарын айқындау үшін кәсіби пайымдауды пайдаланады.

Мемлекеттік аудитор компоненттерді іріктеуді мемлекеттік аудиттің тиімділігі мен сапасы тәуекелінің негізгі құрауыштарын сипаттайтын факторларды (еңбек, уақытша ресурстар) ескере отырып жүргізеді.

Ескерту. Қағида 56-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау үшін мемлекеттік аудитор аудиторлық рәсімдерді жоспарлау кезеңінде таңдау элементтерін іріктеу әдістерін айқындайды.

Бас жиынтық – бұл элементтердің толық құрамы, олардан іріктеу жүргізіледі.

Іріктеу элементі – бұл бас жиынтықты құрайтын жекелеген элементтер. Мұндай элементтер шот-фактуралар, дебиторлық және кредиторлық берешектер бойынша шоттар сальдосы, өткізу бойынша бухгалтерлік есеп жүргізулері болуы мүмкін.

58. Аудиторлық рәсімдерді әзірлей отырып, мемлекеттік аудитор мынадай рәсімдердің бірін өткізуі:

бас жиынтықтың барлық элементтерін іріктеуі (тұтас тексеру);

кәсіби пайымы мен аудит объектісінің қызметін түсінуіне сүйене отырып, ерекше элементтерді іріктеуі;

бас жиынтықтың барлық элементтерінен аудиторлық іріктеу жүргізуі қажет.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

59-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Тұтас тексеру мынадай:

бас жиынтық құны жоғары саны шамалы элементтерден тұратын болса. Бұл тәсіл айтарлықтай тәуекел болған және басқа құралдармен аудиторлық дәлелдемелер алу мүмкін болмаған кезде қолданылуы мүмкін.

Ақпараттық жүйелерді қолдану аудиторлық рәсімдердің қайталама әдістерін орындауға мүмкіндік берген. Мысалы, қайта есептеу немесе қайта орындау.

бұрмалаудың елеулі тәуекелі болса және басқа құралдар жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді қамтамасыз етпеген жағдайларда жүргізіледі.

60. Ерекше элементтерді іріктеу мынадай:

бас жиынтық құны жоғары элементтерден тұратын және тәуекелге ұшырауға бейім не элементтер бұдан бұрын қателермен немесе ерекше операциямен байланысты болған;

аудит объектісінің қызметінің ерекшеліктері, операциялардың сипаты мен ішкі бақылау бойынша ақпарат алу үшін элементтерді тексерген жағдайларда жүргізіледі.

61. Бас жиынтық элементтерін іріктеу статистикалық әдіспен іріктеуге түспеген элементтерде жүргізілсе, қателер болу тәуекелі ықтимал. Мұндайда іріктеу ауқымын ұлғайту ұсынылады.

Іріктеуді қалыптастыру процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

іріктеу әдісін айқындау;

іріктеу көлемін айқындау;

аудиторлық рәсімдерді орындау;

алынған нәтижелерді талдау және оларды бас жиынтыққа қолдану.

Іріктеуді таңдау әдістері:

статистикалық немесе статистикалық емес;

кездейсоқ сандар кестесін қолдана отырып;

жүйелі немесе жүйесіз болуы мүмкін.

Мемлекеттік аудиторкәсіби осы әдістердің бірін қолдану туралы шешімді, пайымы мен нақты мән-жайды түсінуіне сүйене отырып, дербес қабылдайды.

62. Іріктеу әдісі мен іріктеу көлемін айқындауға стратификацияның – бас жиынтықты элементтерінің әрқайсысының сипаттары ұқсас келетін жекелеген топтарға

бөлу тәсілі елеулі әсер етеді. Мысалы, қорлар шот түрлері бойынша; негізгі құралдар – амортизация топтары; дебиторлық берешек – берешек туындаған мерзімдері бойынша бөлінеді.

Бас жиынтықты сандық белгісіне бөлу кезінде жиынтық ақшалай құны бойынша стратификацияланады. Мысалы, іріктеп тексеру элементтерінің құны бойынша.

Жекелеген топтардан құны неғұрлым жоғары элементтер немесе қаржылық есептіліктің дұрыстығына елеулі әсер етуі мүмкін болатын негізгі элементтер іріктеледі.

63. Аудиторлық іріктеу көлемін айқындай отырып, мемлекеттік аудитор жол берілетін, мәндік шегі болатын (одан жоғары анықталған бұрмалаулар мәнді болатын, бұрмалау жіберілетін шекті мәнінің мөлшері) қателер деңгейін дербес белгілейді.

Егер тексерілетін жиынтықта қателіктер орын алса, анықталған қателер жиынтығында жол берілетін қателер деңгейінен аспайтынына көз жеткізу үшін іріктеу элементтерінің санын ұлғайту қажет. Егер мемлекеттік аудитор тексерілетін жиынтықта қате жоқ деп пайымдаса іріктеудің шағын мөлшері пайдаланылады.

64. Жол берілетін қателер деңгейі мен іріктеу көлемі арасында кері байланыс бар: жол берілетін қателер деңгейі неғұрлым аз болса, аудиторлық іріктеу көлемін соғұрлым ұлғайту қажет.

Әртүрлі деректемелер үшін жиынтығында әртүрлі жол берілетін қателер деңгейі мен қолайлы тәуекел деңгейін белгілеген жөн, өйткені дұрыс ақпарат қалыптастыру кезінде олардың мағынасы әртүрлі болады. Мысалы, негізгі құралдардың түсуін тексеру кезінде осы негізгі құрал үшін материалдық-жауапты тұлғаны айқындағаннан құжаттардың болуы маңызды болып табылады.

65. Мемлекеттік аудитор мәні бойынша тесттер үшін іріктеу көлемін анықтай отырып, жоспарлау кезінде ажырамас тәуекелдің және есепке алу баптары бойынша бақылау құралдары тәуекелінің нәтижелерін қолданады.

Ажырамас тәуекелдің және бақылау құралдары тәуекелінің көрсеткіштеріне қарай сенімділік деңгейі мен сенімділік коэффициенті осы Стандартқа 7-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Мемлекеттік аудитор ажырамас тәуекел мен бақылау құралдары тәуекелін неғұрлым жоғары бағаласа, сенімділік деңгейі соғұрлым төмен, сондықтан іріктеу көлемі соғұрлым көп болуға тиіс.

66. Іріктеу көлемі мынадай формуламен айқындалады:

$IK = SK \times JK$, мұнда: IK – іріктеу көлемі, SK – сенімділік коэффициенті, JK – жиынтық коэффициенті.

Жиынтық коэффициенті (JK) мынадай формуламен есептеледі:

$JK = (BJ - BJQE - NE) / MD$, мұнда: BJ – бас жиынтық, $BJQE$ – барынша жоғары құн элементтерінің ақшалай жиынтық мәні, NE – негізгі элементтердің ақшалай жиынтық мәні, MD – мәнділік деңгейі.

Негізгі элементтерге ауытқу қамтуы ықтималдығы жоғары элементтер жатады. Негізгі элементтерді мемлекеттік аудитор өзінің кәсіби пайымы мен аудит объектісі қызметінің ерекшелігін түсінуіне сүйене отырып, айқындайды.

Барынша жоғары құн элементтеріне құны дәлдік дәрежесінен асатын элементтер жатады.

Жиынтық коэффициентінің мәні 10-35 аралығындағы шекте болады.

Егер есептеу нәтижелері бойынша жиынтық коэффициентінің мәні 10-нан аз болса, онда мән 10-ға тең деп қабылданады, егер 35-тен асатын болса, онда 35-ке тең мәнді қабылдаған жөн болады.

Барынша жоғары құн элементтері мен негізгі элементтер жеке топқа іріктеледі және тұтас тексеруге жатады.

67. Мемлекеттік аудитор бас жиынтықтың элементтерін іріктеудің репрезентативтік әдісін таңдауға іріктелуге тең ықтималмен қолданады.

Іріктеудің бұл әдісі үшін:

кездейсоқ іріктеу;

жүйелік іріктеу қолданылады.

Кездейсоқ және жүйелік іріктеулер іріктеудің жүйелік әдістері болып табылады.

68. Таңдау элементін кездейсоқ іріктеу кезінде кездейсоқ сандардың Excel – генераторы бағдарламасы функцияларының көмегімен кездейсоқ сандар кестесі қолданылады. Кездейсоқ сан кездейсоқ түрде табылады. Баған мен жол қиылысында іздеген кездейсоқ сан тұратын болады.

Кестенің әрбір кездейсоқ іріктелген нөміріне бас жиынтықтың нақты элементі сәйкес келеді.

Кестені әрбір жаңадан жасаған кезде кездейсоқ сандардың мәні өзгертін болады.

Тексеруге жататын құжаттардың нөмірлерін есептеу мынадай жолдармен жүргізіледі:

Кездейсоқ сандар кестесінен санды айқындау;

құжаттың нөмірін айқындау.

Құжат нөмірі (ҚН) мынадай формула бойынша айқындалады: $ҚН = (ТМ - БМ) \times КС + БМ$, мұнда: ТМ – түпкілікті мән бас жиынтықтың соңғы құжатының реттік нөмірін білдіреді; БМ – бастапқы мән бас жиынтықтың бірінші құжатының реттік нөмірін білдіреді, бұл 1-ге тең; КС – кездейсоқ сан.

69. Жүйелік іріктеу кездейсоқ іріктелген саннан бастап элементтерді тұрақты интервал арқылы іріктеуді көздейді. Интервал не элементтердің белгілі бір санына (мысалы, осы санаттардың барлық құжаттарының ішінен әрбір оныншы құжат іріктеледі) немесе олардың құндық бағасына (мысалы, элементтердің жиынтық құнында оларға әрбір оныншы сома келетін элемент іріктеледі) құрылады.

Жүйелік іріктеу кезінде тексеруге жататын құжаттардың нөмірлерін есептеу мынадай екі кезеңнен тұрады:

интервал мәнін айқындау;

таңдаудың бастапқы нүктесін айқындау.

Интервалдың мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$ИМ = (ТМ - БМ) / ІК$, мұнда: ИМ – интервал мәні; КЗ – түпкілікті мәні, яғни бас жиынтықтың соңғы құжатының реттік нөмірі; БМ – бастапқы мәні, яғни 1 (бас жиынтықтың бірінші құжатының реттік нөмірі); ІК – іріктеу көлемі (элементтер саны).

Бастапқы нүкте мынадай формула бойынша айқындалады:

$БН = ИМ \times КС + БМ$, мұнда: БН – бастапқы нүкте; ИМ – интервал мәні;

КС – кездейсоқ сан; БМ – бастапқы мәні.

70. Аудиторлық таңдауды пайдалану кезінде тәуекелдер туындауы мүмкін, онда:

мемлекеттік аудитор тесттік жиынтықта қателер қамтылмайды деп есептейді, ал аудиторлық рәсімдердің нәтижесінде мұндай қателер анықталған болатын. Бұл жағдайда іріктеу көлемін ұлғайту қажет;

мемлекеттік аудитор тесттік жиынтықта қателер қамтылады деп есептейді, ал аудиторлық рәсімдердің нәтижесінде мұндай қателер анықталған жоқ. Бұл жағдайда аудиторлық іріктеуді жүргізу әдістерін қайта қарау және тиісті рәсімдерді қайтадан орындау қажет.

71. Мемлекеттік аудитор мәні бойынша тексеру нәтижелері мен қате табылуы бойынша олар шынымен-ақ қате болып табылады ма әлде жоқ па соны айқындауы қажет.

Қате – бұл бақылау құралдарын тестілеуді орындау кезінде бақылау құралдарының тиімді жұмыс істеуден ауытқуы немесе мәні бойынша тексеру рәсімдерін орындау кезінде бұрмалау.

Қате мынадай болуы мүмкін:

бір реттік жағдайдың немесе форс-мажор жағдаяттың нәтижесінде болған түсініксіз және қайтадан болуы мүмкін емес. Демек, тексерілетін бас жиынтық тұрғысынан бұл репрезентативтік қате болып табылмайды;

белгілі бір объектілерге тән. Мемлекеттік аудитор анықталған қателерде жалпы сипаттама табуы мүмкін екенін анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайларда мемлекеттік аудитор бас жиынтықтың жалпы сипаттамаға ие барлық элементтерін анықтау туралы шешім қабылдайды және әрбір жекелеген топқа аудиторлық рәсім жүргізеді.

Бұл ретте, алаяқтық салдарынан қателер туындауы ықтималы бар. Сондықтан да мемлекеттік аудитор анықталған қателердің сапалы аспектілерін (сипатын – қасақана немесе абайсызда, жүйелік немесе кездейсоқ; себебін және аудиторлық тексерудің одан кейінгі жүрісіне әсерін) қарайды.

72. Анықталған қателерді барлық бас жиынтығына (экстраполяция) қолдану былайша жүргізіледі:

1) репрезентативтік іріктеу элементтерінде анықталған қателер бүкіл бас жиынтыққа қолданылады. Егер бухгалтерлік есептің шоты бойынша айналымдар

немесе біртекті операциялар тобы жекелеген топтарға бөлінген болса, онда қателерді экстраполяциялау әрбір жекелеген топ бойынша жеке жүргізіледі;

2) репрезентативтік емес іріктеу элементтерінде, атап айтқанда ерекше элементтер бойынша анықталған қателер іс жүзінде табылған мөлшерінде есепке алынады және қолданылуға жатпайды;

3) экстраполяциялау кезінде түсініксіз қателер алынып тасталады және іс жүзінде табылған мөлшерінде есепке алынады.

73. Мемлекеттік аудитор тексерілетін жиынтықтағы қате жол берілетін шамадан аспайтынына көз жеткізуі қажет. Бұл үшін экстраполяциялау арқылы алынған тексерілетін жиынтықтың қатесі жол берілетін қателер деңгейімен салыстырылады. Егер бірінші қате жол берілетіннен асып кетсе іріктеу тәуекелдерін қайтадан бағалаған және егер олар қолайлы болса аудиторлық рәсімдерді ұлғайтқан немесе жүргізілген рәсімдерге балама аудиторлық рәсімдерді қолданған жөн, сондай-ақ аудиттелетін объектінің басшылығынан қаржылық есептілікке түзетулер енгізуді талап еткен жөн.

74. Іріктеу, құны барынша жоғары элементтер және басқа кезеңдерде тексерілген негізгі элементтер алынып тасталған элементтер тізбесінен жүргізіледі.

Егер іріктеу кезінде құны барынша жоғары элементтер алынып тасталмаған болса, мемлекеттік аудитор оларды реті бойынша деңгейінің мәні жоғары емес немесе негізгі элемент болып табылмайтын келесі элементке ауыстырғаны жөн.

Таңдалған іріктеу әдісі сенімді аудиторлық дәлелдемелер жинауды қамтамасыз ету қажет.

75. Іріктеп тексеру нәтижелерін экстраполяциялау нәтижесінде бүкіл тексерілетін жиынтыққа қателер мен бұрмалаулардың туындау себебін неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі және мынадай іс-қимылдар орындалады:

егер жіберілген қателердің мөлшері мәнділік деңгейінен жоғары болса, мемлекеттік аудитор тексерілетін жиынтықтың дұрыстығын растамайды;

егер жіберілген қателердің мөлшері мәнділік деңгейінен төмен болса, мемлекеттік аудиторға іріктеу көлемін ұлғайту ұсынылады;

егер көрсетілген шамалардың бір-бірінен айырмашылығы елеусіз болса, онда мемлекеттік аудитор, аудит объектісінен анықталған бұзушылықтардың аудит аяқталғанша жойылуын талап ете отырып, іріктеу көлемін ұлғайтқаны жөн. Одан кейін бас жиынтықтың тексерілмеген элементтеріне қайтадан тексеру жүргізуі қажет.

Іріктеу нәтижелері "ЖҚ-Аудиторлық іріктеу (ЖҚ-АІ)" деген жұмыс құжатымен осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. Жұмыс құжаты әрбір іріктеу элементіне толтырылады.

2-тарау. Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының аудиті

76. Ақшалай қаражат пен олардың баламалары аудитінің мақсаты қаржылық есептілікте көрініс тапқан ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы аудиторлық пікір қалыптастыру болып табылады.

Ақшалай қаражат пен олардың баламаларына аудит жүргізген кезде мемлекеттік аудитор:

Қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын;

"Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі - Түгендеу жүргізу қағидалары) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 169 бұйрығымен;

"Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 170 бұйрығымен;

"Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарын бекіту туралы" (бұдан әрі - Бухгалтерлік құжаттама нысандары) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 187 бұйрығымен;

"Есепке алу саясатын бекіту туралы" (бұдан әрі – Есеп алу саясаты) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 191 бұйрығымен;

"Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі - Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен;

"Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі - Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 262 бұйрығымен;

"2025 қаржы жылына арналған бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Бюджетті атқару қағидалары) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 272 бұйрығымен;

"Бюджеттік кредиттеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 26 маусымдағы № 325 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36331 болып тіркелген) бұйрығымен;

"Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдер бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығымен;

"Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген қарыздар алудың, мемлекеттік кепілгерліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 331 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36364 болып тіркелген) бұйрығымен.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Аудиторлық дәлелдемелердің көздері мыналар:

мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары;

бюджеттің атқарылуы ережелерінің 91 қосымшасына сәйкес 5-15-нысаны бойынша мемлекеттік мекеменің жүргізген төлемдері бойынша күнделікті үзінді көшірмелері;

бюджеттің атқарылуы ережелерінің 92 қосымшасына сәйкес 5-15А-нысаны бойынша ақшаны алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша (мемлекеттік мекемелер/квзимемлекеттік сектор қызметкерлерге еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді, жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарына немесе ақша алушылардың жинақ шоттарына стипендияларды, төлемдерді және әлеуметтік аударымдарды аудару бойынша) үзінді көшірмелері;

бюджеттің атқарылуы ережелерінің 54 қосымшасына сәйкес 5-20-нысаны бойынша қолма-қол ақшаның бақылау шоттарынан үзінді көшірмелері (бұдан әрі - ҚБШ)/ квзимемлекеттік сектор субъектілерінің есеп шоттары;

бюджеттің атқарылуы ережелерінің 56 қосымшасына сәйкес 8-17-нысаны бойынша шетел валютасындағы шоттар, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттары, мемлекеттік мекемелердің сыртқы қарыздарының немесе байланысты гранттарының арнайы шоттарына берілетін шоттар бойынша үзінді көшірмелері;

бюджеттік есептілікті жасау мен ұсынудың ережелерінің 5 қосымшасына сәйкес 4-20-нысаны бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп, Бюджеттің атқарылуы ережелерінің 105 қосымшасына сәйкес 5-17-нысаны бойынша қалпына келтірулер мен ауыстырулар тізілімі, 57 қосымшасына сәйкес 5-30-нысаны бойынша ақылы қызметтердің ҚБШ-сындағы қалдық, 55 қосымшасына сәйкес 5-33-нысаны бойынша ақылы қызметтердің ҚБШ-сындағы қалдық туралы есеп, 52 қосымшасына сәйкес 5-34-нысаны бойынша тиісті бюджеттің ҚБШ-сының жай-күйі туралы есеп, 59 қосымшасына сәйкес 5-34А-нысаны бойынша ақылы қызметтердің, демеушілік және қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантті қайта айырбастаудың ҚБШ-ларындағы немесе квзимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы қалдық туралы есеп, 58 қосымшасына сәйкес 8-07-нысаны бойынша шетел валютасындағы шоттардағы, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарындағы, мемлекеттік мекемелердің сыртқы қарыздарының немесе байланысты гранттарының арнайы шоттарына берілетін шоттардағы қалдықтар туралы есеп нысандары бойынша есептер;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 82 қосымшасына сәйкес 292-нысаны бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек, уақытша ақшаны салу, шетел

валютасындағы шот және арнайы шоттар, басқа да ақшалай қаражат, қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерінің ҚБШ кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 72 қосымшасына сәйкес 294-а-нысаны бойынша сәйкес жоспарлы тағайындаулардың және төленген міндеттемелердің талдамалық есебінің карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 92 қосымшасына сәйкес 297-нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108 қосымшасына сәйкес № 308-нысаны бойынша "Бас-Журнал" кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 73 қосымшасына сәйкес № 381-нысаны бойынша 1-мемориалды ордері кассалық операциялар бойынша жинақтаушы ведомості ;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 74 қосымшасына сәйкес № 381-нысаны бойынша 2-мемориалды ордері мемлекеттік мекеменің кодтарында қаражат қозғалысы бойынша жинақтаушы ведомості;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 75 қосымшасына сәйкес 381-нысаны бойынша 3-мемориалды ордер – ақылы қызметтердің ҚБШ-сындағы, демеушілік, қайырымдылық көмектің ҚБШ-сындағы, ақшалай қаражатты уақытша орналастырудың ҚБШ-сындағы, жергілікті өзін-өзі басқарудың ҚБШ-сындағы, нысаналы қаржыландырудың ҚБШ-сындағы, шетел валютасындағы шотта және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттарында ақша қаражатын есепке алу жөніндегі жинақтау ведомості;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 76 қосымшасына сәйкес 440-нысан бойынша кассалық кітап;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 79 қосымшасына сәйкес 453-нысаны бойынша мақсатты тағайындау бойынша қолма-қол ақшаны бақылау кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 80 қосымшасына сәйкес 454-нысаны бойынша ақылы қызмет, демеушілік және қайырымдылық көмектен, уақытша ақша салудан келіп түскен, жергілікті өзін-өзі басқару, нысаналы қаржыландыру бойынша мақсатты тағайындау бойынша қолма-қол ақшаны пайдалану кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 65 қосымшасына сәйкес 456-нысаны бойынша ағымдағы шотқа тиесілі ақшалай төлемді аудару тізімі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 67 қосымшасына сәйкес КО-1-нысаны бойынша кіріс кассалық ордері Нысандарының;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 68 қосымшасына сәйкес КО-2-нысаны бойынша шығыс кассалық ордері;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 54 қосымшасына сәйкес 49-нысан бойынша есеп айырысу-төлем ведомосі;

төлеуге берілетін шот, төлем тапсырмасы, чек кітапшалары, корпоративтік төлем картасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 69 қосымшасына сәйкес КО-3-нысаны бойынша кассаның кіріс және шығыс құжаттарын тіркеу журналы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 70 қосымшасына сәйкес КО-4-нысаны бойынша кассалық кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 110 қосымшасына сәйкес 401-нысаны бойынша түгендеу тізімдемесі (салыстырма тізім);

ақшалай қаражаты мен олардың баламаларын түгендеу актілері;

ақшалай қаражаты мен олардың баламаларын есепке алу үшін Бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомында көзделген өзге де нысандар;

бюджеттік есептілік нысаны.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Ақшалай қаражат пен олардың баламаларын есепке алу аудиті аудиторлық дәлелдемелердің көздері болып табылатын бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің негізінде жүргізіледі.

Ақшалай қаражаттар бойынша бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдерін зерделей отырып, қандай баптар міндетті түрде тексеруге жататынын және қай баптарға қандай аудиторлық іріктеп бөлуді қолдану қажет екенін анықтау қажет. Аудиторлық рәсімдерді жүргізу үшін мемлекеттік аудитор мемлекеттік қазынашылық органдарында аудит объектісі шоттарының болуын белгілеуі және екінші деңгейдегі банктерде есепті кезеңнің соңына шоттар үзінділерін сұратуы қажет.

Аудит объектісінің барлық банктік шоттары міндетті түрде тексеруге жатады. Мемлекеттік аудитор тексерілетін кезеңнің басына ақшалай қаражат шоттары бойынша қалдықтар алдыңғы кезең қалдықтарына сәйкес келуі тиіс екеніне көз жеткізеді.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау аудиторлық рәсімдерді жүргізу жолымен жүзеге асырылады және осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Ақшалай қаражаты мен олардың баламалары аудитіне аудиттік рәсімдеу жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-АҚР)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Аудиторлық дәлелдерді жинау мөлшерлемелері болып мыналар табылады:

туындауы және болуы. Мемлекеттік аудитор ақша қозғалысы бойынша бухгалтерлік операциялар аудит объектісінде туындайтынына және шын мәнінде бар екеніне көз жеткізуі қажет;

дәлдігі мен алынып тасталуы. Мемлекеттік аудитор ақшалай қаражат тиісті түрде көрсетілгеніне және есепті кезең ішінде бөлінгеніне көз жеткізуі қажет;

түсініктігі мен сәйкестігі. Мемлекеттік аудитор ақшалай қаражат қозғалысы бойынша операциялар қаржылық есептілікте тиісінше сипатталғанына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетініне көз жеткізуі қажет;

бағалау және бөлу. Мемлекеттік аудитор ақшалай қаражат дұрыс бағалаумен сипатталғанына тиісті кезеңдер бойынша бөлінгеніне көз жеткізуі қажет;

Шоттардың бастапқы сальдосын көшіруді тексеру нәтижелері осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ- Ақшалай қаражаты мен олардың баламаларының кіріс сальдосы (ЖҚ-АҚКС)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Мемлекеттік аудитор әртүрлі есеп кезеңдеріне арналған шоттар бойынша қалдықтар мен айналымдарды салыстыру жөніндегі талдамалы рәсімдерді қолданады.

Тексерілетін кезеңнің соңына сальдоны растауды тексеру осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ақшалай қаражаты мен олардың баламаларының шығыс сальдосы (ЖҚ-АҚШС)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

80. Жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін мемлекеттік аудитор ішкі бақылау жүйесін тестілеу жолымен ақшалай қаражат пен олардың баламаларын есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесі мен бухгалтерлік есепке бастапқы бағалауды растау рәсімін жүргізуі қажет.

Ішкі бақылау жүйесін тестілеу кезінде мемлекеттік аудитор тәуекелді бағалау бойынша рәсімдерді орындау арқылы аудиторлық пікірге негізделетін ақылға қонымды тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін дәлелдемені алуы қажет.

Ішкі бақылау жүйесін анықталмау тәуекелін бағалау ұсынылған сұрақтар тізбесінен шартты теріс жауаптардың пайыздық үлесін айқындау жолымен жүргізіледі және осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Ақшалай қаражат пен олардың баламалары бойынша ішкі бақылау құралы тәуекелдерін бағалау тесті (ЖҚ – АҚБТ)" деген жұмыс құжатымен ресімделеді.

Бұрмалаулардың ішкі бақылау жүйесінің анықталмау тәуекелін бағалаудың жоғары деңгейі бақылау құралының нашар әзірленгені туралы куәландырады. Мемлекеттік аудитор мәні бойынша тексерудің аудиторлық рәсімдерінің көлемін ұлғайтуы қажет.

Бұрмалаулардың ішкі бақылау жүйесінің анықталмау тәуекелін бағалаудың орташа немесе төмен деңгейлері қолданылатын аудиторлық рәсімдер көлемінің ықтимал азаюы туралы куәландырады.

Мемлекеттік аудитор қолайлы төмен деңгейге дейін төмендету үшін бақылау құралдарына қосымша тестілеу жүргізу қажет.

Ақшалай операциялар жосықсыз әрекеттерді жасауға бейім екенін ескеру қажет.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Мемлекеттік аудитор ақшалай қаражаттармен операциялар жосықсыз іс-әрекеттердің нәтижесінде қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалану тәуекелін арттыруы мүмкін екендігін ескергені жөн.

Мемлекеттік аудитор маңыздылығы деңгейіне байланысты жалпы аудиторлық тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін азайту үшін ақшалай қаражат пен олардың баламаларын есепке алудың қандай баптарын мұқият зерделеу, қандай жағдайларда аудиторлық іріктемені қолдану және талдамалық рәсімдерді өткізу керек екенін шешуі қажет.

82. Аудит объектісінің кассасында ақшалай қаражаттың болуына және сақталуына аудит кезінде мемлекеттік аудитор ақшаның іс жүзінде бар екенін растау және бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру үшін оған түгендеу жүргізеді. Мемлекеттік аудитор қолма-қол ақшаны сақтаудың белгіленген лимитін аудит объектісінің сақтайтынын анықтайды, ақшаны түгендеу нәтижелерін, ақша құжаттарын және дебиторлармен және кредиторлармен салыстырып тексеру актілерін зерделейді. Одан кейін түгендеу нәтижелері мен салыстырып тексеру актілерін бастапқы есеп құжаттарымен және басқа да бухгалтерлік есеп тіркелімімен салыстырады, түгендеу қорытындылары бойынша аудит объектісінің басшысымен, іс-қимылдарды талдайды.

83. Мемлекеттік аудитор ақшалай қаражаттың түсуі және шығуы бойынша операциялар есебінде жеткілікті және тиісті дәлелдемелердің дұрыс көрсетілгенін алуы қажет.

84. Мемлекеттік аудитор шетел валютасында шотқа түскен ақшалай қаражатты есепке алудың толық, уақытылы және дұрыс екендігіне көз жеткізуі қажет.

Салыстырылатын көрсеткіштер арасында алшақтықтар айқындалған жағдайда мемлекеттік аудитор аудит объектісінен жазбаша түсініктеме талап етуі қажет.

Табылған қателер мен дәйексіз деректерді мемлекеттік аудитор жұмыс құжатында ресімдейді.

85. Ақшалай қаражат пен оның баламаларын шығару аудиті кезінде мемлекеттік аудитор есептен шығару себебін, операцияның орындылығы мен заңдылығын белгілейді (мысалы, өнім берушілермен шарттар, ақшалай қаражат баламаларын есептен шығару актілері).

86. Мемлекеттік аудитор ақшалай шоттардан сомаларды аудару бойынша операцияларды есепке алу дұрыстығын тексеруі қажет.

Қаражаттарды аудару кезінде төлем құжаттарын мемлекеттік қазынашылық органдарының үзінді көшірмелерімен, төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарымен салыстырып тексерген, шоттар корреспонденциясының дұрыстығын көрсеткен жөн.

Мемлекеттік аудитор есепті жылдың соңына жоспарлы тағайындаулар сомасының қалдықтары пайдаланылмаған жоспарлы тағайындаулардың сомасына түзетілгеніне көз жеткізуі қажет.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Мемлекеттік аудитор есепке алу баптарының қандайын мұқият зерделеу керек екенін және қандай жағдайларда аудиторлық іріктемені және (немесе) қолайлы төмен деңгейге дейін жалпы аудиторлық тәуекелді төмендету үшін талдамалық рәсімдерді қолдану керек екендігін шешуі қажет.

Мемлекеттік аудитор шоттар бойынша операциялардың көлеміне байланысты төлем құжаттарын тұтас немесе іріктеп тексеруді жүзеге асырады.

Егер қателер саны мен қате ресімделген төлем құжаттарының мемлекеттік аудитор жоспарлаған рұқсат етілген қателер санынан (маңыздылық шегінен) асса, іріктемені ұлғайту орынды болады.

Мемлекеттік аудитор іріктеу элементтерін бас жиынтықтың әрбір элементі іріктемеге түсуге бірдей ықтималдығы болатындай етіп таңдауы қажет. Төлеуге шоттардың жиынтығы және мемориалды ордерлерде оларға сәйкес келетін жазбалар бас жиынтық болып табылады.

Ықтимал қателер мен бұрмалаушылықтар мемлекеттік қазынашылық органдарының үзінді көшірмелеріне ақтау құжаттарының болмауы немесе ақшалай операциялары есепке алу бойынша қате корреспонденттік шоттар нәтижесінде туындайды.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Таңдалған бас жиынтықтан мемлекеттік аудитор жеке тексеруге жататын барлық элементтерді іріктеуі қажет. Жаппай тексеруге, егер ол басым құны элементтерінің аз санынан тұрса немесе жоғары аудиторлық тәуекел бар болса және басқа құралдар жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алуға мүмкіндік бермесе, барлық бас жиынтық ұшырайды.

89. Мемлекеттік аудитор бас жиынтықтың ерекше элементтерін іріктеуі қажет. Ерекше элементтерді іріктеу мемлекеттік аудитордың кәсіби пайымдаулары және оның аудит объектісі қызметін түсінуі негізінде жүзеге асырылады.

Егер бас жиынтықтың қалған бөлігі айтарлықтай елеулі болып табылса тиісті дәлелдерді алу қажеттілігін талдау қажет.

Егер жиынтықтың қалған бөлігін тестілеу туралы шешім қабылданса одан тексеруге жататын жеке элементтер іріктеледі.

90. Іріктеп тексеру үшін элементтерді іріктеу кезінде мемлекеттік аудитор ақшалай қаражаттың әрбір бабы және олардың баламалары мен олармен жүргізілген операциялар әрбір түрі тең ықтималдықпен тексерілуі үшін іріктелетіндей етіп ақшалай қаражатты есепке алу бойынша қалдықтарды және олардың баламаларын салыстырып

тексереді. Мысалы, ақшалай қаражат жиынтығы мен олардың баламалары түрлері бойынша (іріктемеге тексеру үшін әрбір топтың элементтері түсу үшін) топталуы мүмкін.

91. Тексеру нәтижелерін қорыта келе мемлекеттік аудитор жұмыс құжаттарында жиналған дәлелдемелерді жүйелеуі қажет. жүйелі сипаты бар бұзушылықтар бойынша анықталған қателерді барлық тексерілетін жиынтыққа таратқан жөн. Анықталған ауытқулардың маңыздылығы іріктеменің мөлшерін және жүйелі сипаттағы қателерді ескере отырып анықталады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары қателерінің жиынтығы (ЖҚ-АҚҚ)" жұмыс құжатында тіркеледі. Есепті құжатының деректері негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға әсер ететін бұрмалауларды талдайды.

92. Мемлекеттік аудитор осындай операциялардың нақты сыныбы, шот немесе ашу сальдосы үшін белгіленген маңыздылық деңгейінің асып түскені-түспегені туралы мәселені қосқанда операциялардың тиісті сыныптарына, шоттар немесе ашу сальдосына оның әсерін бағалау үшін әрбір жеке бұрмалауды қарайды.

Егер жеке елеулі емес бұрмалаулардың көп саны болған жағдайда мемлекеттік аудитор ақшалай мәндегі бұрмалаулардың саны мен жалпы әсері туралы ақпаратты ұсынады.

Ақшалай қаражат пен олардың баламалары аудитін аяқтау рәсімі мыналарды:

аудит объектісінен алынған ақпарат негізінде аудит нәтижелерін тұжырымдауды және бағалауды;

аудитті жүргізу барысында анықталған қателерді және тексерілетін кезеңге қаржылық есептіліктің дәйектілігіне олардың әсерін талдауды қамтиды.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ақшалай қаражаты мен олардың баламалары – қорытындылар (ЖҚ-АҚ-Қорытындылар)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

3-тарау. Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер аудиті

93. Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер аудитінің мақсаты бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес "Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер" бөлімі бойынша қаржылық есептіліктің дәйектілігі туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру болып табылады.

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер міндеттері болып мыналар табылады:

құрамы мен құрылымын зерделеу;

ішкі бақылау мен бухгалтерлік есеп жүйесін бастапқы бағалауды растау;

бухгалтерлік есепте көрсетілуін уақтылы және толық тексеру;

тиісті кезеңде қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелернің қозғалысы бойынша операцияларды есепке алуда ресімдеу мен көрсетілуінің дұрыстығын тексеру;
қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақылар сомасының дұрыс есептелуін және есепке алуда оның дәйекті көрсетілуін тексеру;

тексерілетін кезеңге қаржылық есептіліктің айтарлықтай әсер ететін бұрмалауларының жоқтығын растау;

тиісті есепті кезеңде есеп пен есептілікті көрсету;

қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелеріне уақтылы түгендеу жүргізу;
қаржы инвестицияларымен операциялар бойынша кірістерді міндеттемелер бойынша шығыстарды есепке алуда есептелуінің, түсуінің және көрсетілуінің дәйектілігін растау.

94. Мемлекеттік аудитор қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелердің аудитін жүргізген кезде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай:

"Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659;

"Жекелеген заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтарын берудің кейбір мәселелері туралы" 2008 жылғы 6 маусымдағы № 543 қаулыларын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10545 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін;

мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативтері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қаулыларын басшылыққа алады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 18.09.2023 № 989 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

95. Аудиторлық дәлелдер көздері:

акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтарын қабылдап алу-беру актілері, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде

мемлекеттік қатысу үлесін иелену мен пайдалану құқықтарын қабылдап алу-беру актілері, мемлекеттік меншікті қабылдап алу-беру актілері;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының ОС-1-нысаны активтерін қабылдап алу-беру (ауыстыру) актілері, беру актілері, жарғылық капиталының мөлшері туралы анықтамалар, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылары, мемлекеттік мүлікті иелік ету жөніндегі уәкілетті органның хаттары мен бұйрықтары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына салымдар аудару туралы мемлекеттік қазынашылық органдардың үзінді-көшірмелер мен төлем тапсырмалары, бағалы қағаздар үшін төлеуге мүлікті (активтерді) беруге жүкқұжаттар, пайданы бөлу туралы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің анықтамалары, хаттамалары/шешімдері, таза табыстың бір бөлігін бюджетке аудару, қарыздарды өтеу және қызмет көрсету туралы қарыз алу шарттары, төлем тапсырмалары, түгендеу тізімдемесі;

бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның куәлігі, жарияланған акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы;

мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 106 қосымшасына сәйкес 283-нысаны бойынша көп бағанды карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 106 қосымшасына сәйкес 283-нысаны бойынша көп бағанды карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 82 қосымшасына сәйкес 292-нысаны бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек, уақытша ақшаны салу, шетел валютасындағы шот және арнайы шоттар, басқа да ақшалай қаражат, қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерінің ҚБШ кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 83 қосымшасына сәйкес 292-а-нысаны бойынша карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 71 қосымшасына сәйкес 294-нысаны бойынша жоспарлы тағайындаулар мен шығыстар кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108 қосымшасына сәйкес 308-нысаны бойынша "Бас-Журнал" кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 93 қосымшасына сәйкес 409 нысаны бойынша 15-мемориалды ордер – айырбасталмайтын операциялардан кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 95 қосымшасына сәйкес 409-б нысаны бойынша 17-мемориалды ордер – активтерді басқарудан кірістерді жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 97 қосымшасына сәйкес 458 нысаны бойынша 19-мемориалды ордер – операциялық шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 99 қосымшасына сәйкес 458-б нысаны бойынша болып табылады 21-мемориалды ордер – активтерді басқару бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді аудиті бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің негізінде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда сыртқы көздерден сұрау салу жүргізіледі.

97. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау Ішкі мемлекеттік аудит қағидаларына сәйкес аудиторлық рәсімдерді жүргізу жолымен жүргізіледі.

Аудиторлық дәлелдемелер жинауды жүргізу өлшемдері:

пайда болуы – бухгалтерлік есепте көрсетілген қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер бойынша операциялар шын мәнінде аудиттің осы объектісіне жатады;

толықтығы – қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер бухгалтерлік есепте есепке алынған және қаржылық есептілікте көрсетілген және олар бойынша ақпарат ашық;

дәлдігі және бөлінуі – қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер есепті кезең ішінде тиісті сомада көрсетілген және бөлінген (бөліп тасталған);

болуы – қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер қаржылық есептілікте көрсетілген, шын мәнінде есепті күнгі жағдай бойынша бар;

құқықтары мен міндеттемелері – қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерге аудит объектісінің құқықтары құжатпен расталған;

бағалауы және бөлуі – қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте дұрыс бағалаумен көрсетілген, есепке алу саясатының кезеңдері бойынша жүйелі түрде бөлінген;

түсініктілігі - қаржылық ақпарат сенімді ұсынылған және ашылуы айқын көрсетілген;

сәйкестігі – қаржы инвестицияларымен және қаржылық міндеттемелермен операциялар Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін реттейтін Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес бухгалтерлік есепте көрсетілген.

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер аудиті осы Стандартқа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Қаржылық инвестициялар мен қаржылық

міндеттемелердің аудиторлық рәсімдерін жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-ҚИҚМБ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

98. Егер қаржылық есептілік аудиті аудит объектісінде алғаш рет өткізілген жағдайда, аудитті жүзеге асырып отырған мемлекеттік аудитор тексерілетін кезеңнің басына қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерді есепке алу шоттары бойынша қалдықтар тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін бұрмалауларды қамтымайтынына және алдыңғы есепті кезеңнен дұрыс ауыстырылғанына дәлелдемелер алуы қажет.

99. Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелердің кіріс және шығыс сальдосының дәйектілігі аудиторлық ресімдермен, оның ішінде сыртқы растауға сұрау салу арқылы тексеріледі.

Есепті кезеңнің сальдосын растауды тексеру тексерілетін кезеңнің соңында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік тіркелімдерінің деректерін салыстыру арқылы жүргізіледі. Сальдоны растау үшін тексерілетіннің алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша жүргізілген түгендеу деректері қаралуы мүмкін.

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелердің кіріс сальдосы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелердің кіріс сальдосы (ЖҚ-ҚИҚМКС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

Салыстырып тексеру нәтижелерін осы Стандартқа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелердің шығыс сальдосы (ЖҚ-ҚИҚМШС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

100. Мемлекеттік аудитор тестілеу өткізу арқылы қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелерді ішкі бақылау және бухгалтерлік есепке алу жүйесін бастапқы бағалауды растау рәсімін жүргізуі қажет.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерін есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесін бағалау осы Стандартқа 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша " Қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелер бойынша ішкі бақылау құралының тәуекелдерін бағалау тесті (ЖҚ-ІБТБТ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

Әрбір жауап ішкі аудит қызметінің жұмыс құжаттарын міндетті түрде қоса бере отырып, қысқаша ескертпемен бірге беріледі.

Егер мемлекеттік аудитор қолдануға келетін төмен деңгейге дейін тәуекелді төмендетуді болжамдаса, онда ішкі бақылау құралына қосымша тестілеуді орындау талап етіледі.

102. Қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерінің құрамын зерделеу үшін мемлекеттік аудитор құжаттарды сұратуы, қаржы қызметінің қызметшілерімен сұхбат жүргізуі қажет.

Мемлекеттік аудитор жалпы аудиторлық тәуекелді ыңғайлы деңгейге дейін төмендету үшін есепке алудың қандай баптарын мұқият зерделеуі және қандай жағдайларда аудиторлық бөлуді және (немесе) талдамалық рәсімдерді қолдануы керек екенін шешуі қажет.

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер аудиті іріктеп жүргізіледі.

Аудитордың аудиторлық рәсімдерін одан әрі айқындау үшін мемлекеттік аудитор өтеу мерзімі бойынша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерінің сыныптамасын (акциялар, облигациялар, салымдар, туынды бағалы қағаздар және басқалары) анықтап алуы қажет.

Аудит объектісін алдын ала зерделеу барысында мемлекеттік аудитор аудит объектісіне мемлекеттік акциялар пакетін және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жататын ұйымдарға мемлекеттік қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқығы берілгенін анықтауы қажет.

103. Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді есепке алу шоттары бойынша сальдоны тексеру үшін іріктеме және олармен операциялар көлемі жоспарлау сатысында орындалатын ішкі бақылау мен аудиторлық жүйесін бағалау негізінде айқындалады.

Мемлекеттік аудитор бас жиынтықтың әрбір элементінің іріктемеге түсуге бірдей ықтималдығы болатындай етіп таңдау элементтерін іріктейді. Бағалы қағаздардың, қарыз шарттарының, түгендеу ведомосіндегі немесе картотекадағы оларға тиісті жазбалардың жиынтығы бас жиынтық болады.

104. Таңдалған бас жиынтықтан міндетті тексеруге жататын операциялардың түрлерін ескере отырып, мемлекеттік аудитор жеке тексеруге жататын элементтерді іріктейді.

105. барлық бас жиынтық, егер ол басым құнды элементтердің шамалы санынан тұрса немесе жоғары аудиторлық тәуекел болса және басқа құралдар жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алуға мүмкіндік бермесе жаппай тексеруге ұшырайды.

106. Мемлекеттік аудитор бас жиынтықтың ерекше элементтерін іріктеуі қажет. Ерекше элементтерді іріктеу мемлекеттік аудиторды кәсіби пайымдау және аудит объектісі қызметін оның түсінуі негізінде жүзеге асырылады. Егер бас жиынтықтың қалған бөлігі маңызды болып табылса, мемлекеттік аудитор тиісті дәлелдемелер алу қажеттілігін талдауы тиісті. Егер жиынтықтың қалған бөлігін тестілеу туралы шешім қабылданса одан тексеруге жататын жеке элементтер іріктеледі.

107. Ішінара тексеру үшін элементтерді іріктеу кезінде мемлекеттік аудитор қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді және олармен жасалатын операцияларды есепке алу шоттары бойынша қалдықтарды қаржы инвестициялары мен

қаржылық міндеттемелердің әрбір бабы мен операциясының әрбір түрі тең ықтималдықпен тексерілуі үшін іріктелетіндей етіп салыстырады. Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер жиынтығы түрлері немесе құндық белгісі бойынша топтарға жинақталуы мүмкін.

108. Жүргізілген аудиторлық рәсімдердің нәтижелерін ескере отырып мемлекеттік аудитор рәсімді мәні бойынша жүзеге асырады – бухгалтерлік есепте қаржы инвестициялармен және қаржылық міндеттемелермен операцияларды уақтылы және толық көрсетуді егжей-тегжейлі тексеру.

Бұрмалауларды ІБҚ-ның таппауы тәуекелін бағалау жоғары деңгейде болған кезде мемлекеттік аудитор мәні бойынша тексерудің аудиторлық рәсімдерінің көлемін ұлғайту қажет.

Бұрмалауларды ІБҚ-ның таппауы тәуекелінің деңгейін төмендету үшін мемлекеттік аудитор бақылау құралдарына қосымша тестілеуді орындайды.

109. Мемлекеттік аудитор берілген бюджеттік қарыздар және кредиттер бойынша төлемдер, бюджет алдында есептелген міндеттемелер кестесін, бюджет алдындағы міндеттемелердің уақытылы өтелуін тексеру жолымен берілген бюджеттік қарыздар және кредиттерді инспекциялайды.

Бухгалтерлік есепте көрсету тәртібін анықтау мақсатында мемлекеттік аудитор мыналарды:

қабылданған міндеттемелердің есебінен төлемдерді атқаруды іске асыру үшін төлемдер бойынша қаржыландырудың бекітілген жоспарында жоспарлы жұмсалымдардың бар болуын;

белгіленген қағидаларға сәйкес бастапқы құжаттарды, барлық деректемелердің толтырылуын, жауапты тұлғалар қойған қолдардың түпнұсқалығын тексереді.

Жұмыс нәтижесі осы Стандартқа 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бюджеттік қарыздар мен кредиттер (ЖҚ-БҚК)" жұмыс құжатында ресімделеді.

110. Алынған қарыздар кезінде мемлекеттік аудитор қаржыландыру жоспарында алдағы төлемдер сомасының бар-жоғын тексереді, пайыздың тиімді мөлшерлемесінің қолданылатын әдісіне қайта есептеу жүргізеді.

Жұмыс нәтижесі осы Стандартқа 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Алынған қарыздар (ЖҚ-АҚ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

111. Мемлекеттік аудитор бастапқы құжаттардың дұрыс ресімделуін, барлық деректемелердің толтырылуын, жауапты тұлғалар қойған қолдарының түпнұсқалығын тексереді.

Табылған қателер мен дәйексіз деректерді мемлекеттік аудитор жұмыс құжатында ресімдейді.

112. Бухгалтерлік есепте қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді көрсету дұрыстығын тексеру кезінде мемлекеттік аудитор өтеу кестесіне қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының құрамында өтеу кестесіне сәйкес өтеу мерзімі 12

айдан кем, ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының құрамында өтеу мерзімі 12 айдан астам сома көрсетілгеніне көз жеткізуі қажет.

Ұқсас рәсімдер алынған қарыздар нысанында қаржы міндеттемелеріне қатысты жүргізіледі.

Сыйақыны есептеу осы Стандартқа 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақыны есептеу (ЖҚ-ҚИҚМС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

113. Мемлекеттік аудитор квазимемлекеттік сектор субъектісінің теңгерімі деректерін және аудит объектісінің қаржылық есептілігі ақпаратын ашуды салыстыру арқылы мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебінде қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді қалпына келтірудің дұрыстығын тексеруі қажет.

114. Мемлекеттік аудитор мыналарды:

талдамалық есепке алу ұйымдастыруды;

түгендеу жүргізуді;

қаржы инвестицияларын құнсыздану бойынша резервтерді қалыптастыруды орнату үшін қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді ішкі бақылау мен бухгалтерлік есепке алу жүйелерін бастапқы бағалауды растау рәсімін жүргізуі қажет.

115. Жүргізілген аудиторлық рәсімдердің қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитор мәні бойынша рәсімдерді жүзеге асыруы - қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер операцияларының бухгалтерлік есепте уақтылы және толық көрсетілуін егжей-тегжейлі тексеруі қажет.

116. Мемлекеттік аудитор алынған құжаттарды талдап, қаржы инвестицияларына заңды негіздің бар-жоғына және қаржы инвестицияларымен және қаржылық міндеттемелермен операциялар тексерілетін кезеңге жататындығына көз жеткізуі қажет

117. Мемлекеттік аудитор бастапқы құжаттарда міндетті деректемелердің бар-жоғына, көз жеткізуі, қаржы инвестицияларымен және қаржылық міндеттемелермен байланысты шығындардың заңдылығы мен құжаттамалық растамасын тексеруі қажет.

118. Мемлекеттік аудитор:

1) қаржы инвестицияларын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне беру тәртібі мен шарттарын инвестицияларға арналған негіздерді зерделеу арқылы анықтауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік мүлікті иелену жөніндегі уәкілетті органның шешімі);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалаушы жүргізген берілетін негізгі құралдардың немесе материалдық емес активтердің әділ құнын бағалаудың дәйектілігін тексеруі қажет.

119. Мемлекеттік аудитор Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелерді кейіннен есепке алуды,

резерв есебінде қаржы инвестицияларының құнсыздануын дұрыс көрсетуді тексеруі қажет.

120. Аудит жүргізу кезінде үкіметтік қарыздар, байланысты гранттар, байланысты гранттарды бірлесіп қаржыландыру, мемлекет кепілдік берген қарыздар, мемлекет кепілгерлігімен берілетін қарыздар, бюджеттік кредиттер қаражатын пайдалану кезінде мемлекеттік аудитор төлемге берілетін шоттарды және бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді тексереді.

121. Мемлекеттік аудитор аудит объектісі есепте ішкі кредит беру бойынша сыйақыны есептелгені және төленгені, бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар есептелгені екенін көрсеткеніне көз жеткізуі қажет.

122. Мемлекеттік аудитор қарыздар алынған кезде кері ведомості, қарыздар бойынша шарттарды инспекциялайды, төлемдер кестесінің бұзылуының бар екенін немесе жоқ екенін, пайыздың тиімді мөлшерлемесінің әдісін қолдану дұрыстығын тексереді.

Мемлекеттік аудитор негізгі борышты өтеу, сыйақыларды төлеу, қаржылық есептілікте берілген қарыздарды тануды тоқтату кезінде шоттар корреспонденциясының көрсетілу дұрыстығына көз жеткізуі қажет.

Егер қарыз шартымен қаражатты мақсатты пайдалану көзделсе, мемлекеттік аудитор қарыз қаражатын пайдаланудың мақсатты сипатын растайтын қарыз алушының қаржылық және есептілік құжаттарын тексереді.

123. Мемлекеттік аудитор берілген бюджеттік қарыздар мен кредиттерді зерделеуі, төлемдер, бюджет алдында есептелген міндеттемелер, бюджет алдында міндеттемелерді уақтылы өтеу кестесін тексеруі қажет.

124. Мемлекеттік аудитор есептелген дивидендтер бойынша бухгалтерлік жазулардың орындалуының дұрыстығын, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қабылданған шешіміне сәйкес таза табыстың бір бөлігін, сыйақылар бойынша алынған кірістер бойынша бюджет алдындағы міндеттемелерді, осы операциялар бойынша ақшалай құжаттарды тануды және оларды қаржы есептілігінде көрсетуді тексеруі қажет.

125. Жеткілікті тиісті дәлелдемелерді жинау үшін мемлекеттік аудитор мынадай талдамалық рәсімдерді жүргізеді:

- аудит объектісі қызметін түсіну үшін құрылымды талдайды;
- қаржы инвестицияларының өтімділігін талдайды;
- қаржыландыру көздерін талдайды.

126. Мемлекеттік аудитор егер аудит барысында түгендеу жүргізілсе түгендеуге қатысады.

Қаржы инвестицияларының бар-жоғына және сақталуына тексеру жүргізу барысында мемлекеттік аудитор түгендеу үдерісін ұйымдастыру бағалы қағаздардың

санын есептеу және олардың нақты болуына көз жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

127. Мемлекеттік аудитор түгендеу құжаттарын (түгендеу тізімдемелері, түгендеу комиссиялары отырыстарының хаттамалары, түгендеу қорытындылары бойынша басшысының шешімдері) инспекциялау арқылы түгендеу жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін реттейтін бухгалтерлік есеп бойынша ережелердің және түгендеудің уақтылы жүргізілуі, оның есепте толық және дұрыс көрсетілуі мәніне бухгалтерлік анықтамалардың сақталуына көз жеткізуі тиіс.

128. Басқа ұйымдардың жарғылық капиталдарына қаржы инвестициялары мен басқа ұйымдар берген қарыздар түгендеу кезінде тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

129. Бағалы қағаздарға түгендеу жүргізуді тексеруді аудитор бастапқы құжаттарды (түгендеу тізімдемелерін, түгендеу комиссиялары отырыстарының хаттамалары, түгендеу жүргізу қорытындылары бойынша түгендеу комиссиясының шешімдері) пайдалана отырып, жүзеге асырады.

Мемлекеттік аудитор актіде атауын, сериясын, нөмірін, номиналды және іс жүзіндегі құнын, өтеу мерзімдерін және жалпы сомасын көрсете отырып, жеке эмитенттер бойынша бағалы қағаздарға түгендеу жүргізілгенін тексереді. Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бағалы қағаздарды түгендеу (ЖҚ-БҚТ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

130. Мемлекеттік аудитор аудит объектісінің басшылығы түгендеу нәтижелерін қалай талдайтынын, егер түгендеу нәтижесінде артық немесе жетіспеушілік анықталса қандай шаралар қолданылатынын анықтауы қажет.

131. Егер аудит жүргізу мерзімдері түгендеу жүргізу күнімен сәйкес келмесе қаржы инвестицияларының бар екеніне тексеру жүргізу қажет.

Қаржы инвестицияларына құқықтарды куәландыратын тиісті құжаттардың іс жүзінде болуы қаржы инвестицияларының бар екенін растау болып табылады.

Аудит объектісінде бағалы қағаздарды сақтау кезінде түгендеу аудит объектісінің кассасында ақшалай қаражатты түгендеумен бір мезгілде жүргізіледі.

132. бағалы қағаздар арнайы ұйымдарды (банктерде, депозитарийлерде, мамандандырылған қоймаларда) сақтау кезінде түгендеу осы арнайы ұйымдардың үзінді көшірмелерінің деректерімен бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында есепте тұрған сомалар қалдықтарын салыстырып тексерумен жасалады. Мемлекеттік аудитор көрсетілген ұйымдардан сұрау салу әдісімен қаржы құралдарының атауы, саны, құны және басқа да елеулі деректемелері туралы жазбаша растау алуы қажет.

133. Қаржы инвестицияларының құнсыздануына резерв есебі болған кезде қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалауларының тәуекелі артады. Мұндай жағдайларда мемлекеттік аудиторда аудит объектісінің бағалау мәндерін растайтын жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдері алуы қажет.

Егер түгендеу актісінде қаржы инвестицияларының құнсыздану фактісі, құнсыздану себептері көрсетілген жағдайда, мемлекеттік аудитор құнсыздану себептерінің болуын және құнсыздануға арналған резерв есебінде көрсетілуін тексеруі қажет.

134. Мемлекеттік аудитор құнсызданудан болған шығынның көлемін анықтау дұрыстығына, болжамды болашақ ақша қаражаты ағындарының дисконтталған құнын есептеу дұрыстығына арифметикалық тексеруді жүзеге асыруы қажет.

135. Тексеру нәтижелерін қорыта келе мемлекеттік аудитор жұмыс құжаттарында жиналған дәлелдемелерді жүйелеуі қажет. Жүйелі сипаты бар бұзушылықтар бойынша анықталған қателерді барлық тексерілетін жиынтыққа таратқан жөн. Анықталған ауытқулардың маңыздылығы таңдау мөлшері және қателердің жүйелі сипаты ескеріле отырып, анықталады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер қателерінің жиынтығы (ЖҚ-ҚИҚМҚЖ)" жұмыс құжатында тіркеледі. Есеп құжатының деректері негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға әсер ететін бұрмалауларды талдайды.

136. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тұлға және (немесе) мемлекеттік аудитор әрбір жеке бұрмалауды операциялардың тиісті сыныптарына, шоттар мен ашу сальдосына оның әсерін, операциялардың осындай нақты сыныбы, шот немесе ашу сальдосы үшін белгіленген маңыздылық деңгейі артылғаны туралы мәселені қосқанда бағалау үшін қарайды.

Егер жеке елеулі емес бұрмалаулар көп саны кездескен жағдайда мемлекеттік аудитор саны мен ақшалай мәндегі бұрмалаулардың жалпы әсері туралы ақпаратты береді.

Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер аудитінің аяқталуы бойынша мемлекеттік аудитор пікір қалыптастырады, аудиторлық есептің бір бөлігін жасайды және жұмыс құжаттамасымен бірге аудит тобының басшысына және (немесе) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлғаға ұсынады.

"Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер" бабы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қаржы инвестициялары мен қаржылық міндеттемелер – қорытындылар (ЖҚ ҚИҚМҚ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

4-тарау. Қорлар аудиті

137. Мемлекеттік аудитор аудит объектісінің қаржылық есептілігінде көрсетілген қорлар туралы ақпараттың дәйектілігі мен толықтығы туралы пікір қалыптастыру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алуы қажет.

Аудит міндеттері болып мыналар:

қорлар құрамын зерделеу;

ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп жүйесіне бастапқы бағалауды растау;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте бастапқы тану кезінде қорлардың дұрыс көрсетілуін тексеру;

қорлар қозғалысы бойынша операцияларды есепке алуда құжаттық ресімдеу дұрыстығын және көрсетілуін тексеру;

кіріс және шығыс сальдосының дұрыстығын растау;

қорлардың бар екендігін және сақталуын растау табылады.

138. Қорларға аудит жүргізген кезде мемлекеттік аудитор "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" қаулысын;

осы Стандарттың 76 тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 25.07.2023 № 794 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Аудиторлық дәлелдемелер көздері мыналар болып табылады:

мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспары;

қорларды жеткізу шарттары, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, актілер, түгендеу тізімдемелері;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 116 қосымшасына сәйкес АТ-3-нысаны бойынша жеңіл/жүк автомобилінің жолдама парағы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 26 қосымшасына сәйкес М-2а-нысаны бойынша сенімхат;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 27 қосымшасына сәйкес М-3-нысаны бойынша берілген сенімхаттарды есепке алу журналы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 30 қосымшасына сәйкес МБ-6-нысаны бойынша арнайы киімді және басқа да жеке пайдалану заттарын есепке алудың жеке карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 31 қосымшасына сәйкес МБ-7-нысаны бойынша арнайы киімді және басқа да жеке пайдалану заттарын беруді (қайтаруды) есепке алу ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 28 қосымшасына сәйкес М-17-нысаны бойынша қорларды қоймаға есепке алу кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 29 қосымшасына сәйкес М-44 нысаны бойынша қорлар шоттары бойынша айналым ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 83 қосымшасына сәйкес 292-а нысаны бойынша карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 32 қосымшасына сәйкес 296 нысаны бойынша қорларды есепке алудың сандық сомалық кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 33 қосымшасына сәйкес 296-а нысаны бойынша қорларды есепке алудың сандық сомалық кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 34 қосымшасына сәйкес 296-б нысаны бойынша қорларды есепке алудың сандық сомалық кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 35 қосымшасына сәйкес 299 нысаны бойынша азық-түлік беруге арналған мәзір-талап;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 36 қосымшасына сәйкес 300 нысаны бойынша тамақ өнімдерінің кірісі бойынша жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 37 қосымшасына сәйкес 321 нысаны бойынша толық материалдық жауапкершілік туралы үлгі шарт;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 38 қосымшасына сәйкес 325 нысаны бойынша сынған ыдыстарды тіркеу журналы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 41 қосымшасына сәйкес 397 нысаны бойынша жем-шөп пен фуражды беру ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 43 қосымшасына сәйкес 399 нысаны бойынша тамақ өнімдерінің шығысы бойынша жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 44 қосымшасына сәйкес 402 нысаны бойынша арнайы киім мен басқа да жеке пайдалану заттарының қозғалысы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 45 қосымшасына сәйкес 410 нысаны бойынша мемлекеттік мекемесінің қажетіне арналған материалдарды беру ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 47 қосымшасына сәйкес 412 нысаны бойынша арнайы киім жеке пайдаланыт заттар мен пайдаланудағы басқа да заттардың қозғалысын жедел (сандық) есепке алу ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 48 қосымшасына сәйкес 429 нысаны бойынша қорларды қабылдау актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 49 қосымшасына сәйкес 431 нысаны бойынша сыртқы карта;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 120 қосымшасына сәйкес 434-с нысаны бойынша қорларды шетке беруге арналған жүкқұжат;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 50 қосымшасына сәйкес 434-з нысаны бойынша қорларды ішке орналастыру жүкқұжаты;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 52 қосымшасына сәйкес 443-а нысаны бойынша арнайы киімді және басқа да жеке пайдаланудағы заттарды баланстан есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 53 қосымшасына сәйкес 457 нысаны бойынша жүргізушілердің есептілігінен жанар және жағар майларды есептен шығару ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 86 қосымшасына сәйкес 406 нысаны бойынша 8-мемориалды ордер – есеп беретін тұлғалармен есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 51 қосымшасына сәйкес 438 нысаны бойынша 10-мемориалды ордер – "Арнайы киімді және басқа да жеке пайдаланудағы заттарды шығару және орналастыру жинақтау ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 42 қосымшасына сәйкес 398 нысаны бойынша 11-мемориалды ордер – "Тамақ өнімдерін кіріске алу жөніндегі жинақтаушы ведомостер жиыны";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 46 қосымшасына сәйкес 411 нысаны бойынша 12-мемориалды ордер – "Тамақ өнімдерін жұмсау жөніндегі жинақтаушы ведомостер жиыны";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 40 қосымшасына сәйкес 396 нысаны бойынша 13-мемориалды ордер – "Материалдар жұмсау жөніндегі жинақтаушы ведомосі";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108 қосымшасына сәйкес 308 нысаны бойынша "журнал-бас" кітабы.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

140. Аудит қорларды бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің негізінде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда сыртқы көздерден сұрау салу жүргізіледі.

Мемлекеттік аудитор қорлар бойынша ішкі бақылау жүйесінің тәуекелін бағалауды жүзеге асыру үшін ақпаратты қамтамасыз ететін құжаттарды сұратады.

141. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау осы Стандартқа 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорларды есепке алудың аудиторлық рәсімдердін жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-ҚР)" жұмыс құжатына сәйкес аудиторлық рәсімдер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

142. Қорлар бойынша кіріс және шығыс сальдосы аудитінің дәйектілігі аудиторлық рәсімдермен тексеріледі.

Мемлекеттік аудитор қорларды есепке алу шоттары бойынша сальдо дұрыс көрсетілуі (бекітулерге сәйкес) және құрамында бұрмалаулар жоқ екеніне көз жеткізу үшін тексерілетін кезеңнің басына және соңына бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік тіркелімдері деректерін салыстырады.

Қорлардың кіріс сальдосының дәйектілігі туралы тиісті аудиторлық дәлелді сыртқы сұрау салу нәтижесінде растама алуға болады.

Қорлар бойынша кіріс сальдосы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорлардың кіріс сальдосы (ЖҚ-ҚКС)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Салыстыру нәтижелері осы Стандартқа 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорлардың шығыс сальдосы (ЖҚ-ҚШС)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

143. Мемлекеттік аудитор ішкі бақылау жүйесі мен бухгалтерлік есеп жүйесін бағалау үшін мәселелердің тізімін жасауы қажет.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді алу үшін мемлекеттік аудитор тексеру рәсімдерінің мәні бойынша сипатын, орындалу мерзімі мен ауқымын жоспарлайды.

Қорларды есепке алудың ішкі бақылау жүйесін тестілеу кезінде мемлекеттік аудитор ақылға қонымды қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін дәлелдемені алады, оған тәуекелдерді бағалау жөніндегі рәсімдерді орындау арқылы аудиторлық пікір негізделетін болады.

Мемлекеттік аудитор ішкі бақылау жүйесі жосықсыз іс-әрекеттерден туынадған бұрмалаулар мен жосықсыз іс-әрекеттерді анықтауға немесе алдын алуға мүмкіндік беретініне көз жеткізуі қажет

Қорларды есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесін бағалау осы Стандартқа 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорлар бойынша ішкі бақылау қаражатының тәуекелдерін бағалау тесті (ЖҚ-ТБТ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Егер мемлекеттік аудитор ыңғайлы төмен деңгейге дейін тәуекелді төмендетуді болжамдаса, онда ішкі бақылау құралдарын қосымша тестілеуді орындау талап етіледі.

144. Мемлекеттік аудитор қорларды сатып алу, кіріске алу, пайдалану және тануды тоқтату рәсімін зерделейді.

145. Бастапқы құжаттарды тексеру кезінде мемлекеттік аудитор мынаны: операциялар тексерілетін кезеңге шын мәнінде жататынын;

бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетілген қорларды сатып алу құны бастапқы құжаттардың деректері сәйкес келетінін анықтайды.

146. Мемлекеттік аудитор басқа мемлекеттік мекемеден алынған өзіндік құнын тану дұрыстығын тексереді:

басқа қаладан жеткізулер бойынша төленген жолдағы қорларды есепке алу;

орталықтандырылған жабдықтау бойынша түскен қорлар;

түгендеу комиссиясы актілерінің болуы;

құнсыздану себебін көрсете отырып, қорлардың құнсыздану фактілерінің болуы;

аудит объектісінің қажеттіліктеріне қорларды есептен шығару.

Қорларды сатып алу және беру құжаттары бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырылады. Бастапқы құжаттарды инспекциялау арқылы қорларды сатып алу, қорларды жеткізу шарттарының талаптарын орындау тәртібі тексеріледі.

147. Мемлекеттік аудитор қорларды ұзақ мерзімді активтерге және керісінше ұзақ мерзімді активтерден қорларға аударудың орындылығын тексереді.

Қорлардың болуына және сақталуына аудит жүргізу кезінде мемлекеттік аудитор:
іс жүзінде болуын;

бастапқы танылуын;

ұзақ мерзімді активтердің қорлар құрамына және қорлардың ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылуының орындылығын;

бастапқы құжаттарды ресімдеудің толықтығы мен дұрыстығын зерделейді.

148. Қорларды шығарған кезде мемлекеттік аудитор мынадай талдау рәсімдерін орындайды:

қабылдап алу-беру актісін сұратады;

қорларды беруге және оларды құжаттамалық ресімдеуге тиісті рұқсаттың болуын тексереді;

қорларды есептен шығару дұрыстығын талдайды;

бухгалтерлік тіркелімдерді зерделейді.

149. Шығыстарға қорлардың құнын есептен шығару дұрыстығы есепті кезең ішінде ұсынылған құжаттардың деректерін бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру арқылы тексеріледі.

Есепті кезеңнің шығыстарына есептен шығарылған жанар-жағар майлар бекітілген есептен шығару нормаларына сәйкес тексеріледі.

Қорларды есептен шығару актілерін құжаттық ресімдеу толықтығы мен дұрыстығы тексеріледі. Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорларды есептен шығару (ЖҚ-ҚШ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

150. толықтығын дәлелдеуге аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін мемлекеттік аудитор қорларға таңдау жүргізеді, олардың бухгалтерлік есепте көрсетілуін тексереді. Одан кейін бухгалтерлік есептен деректерді іріктеу және қорлардың іс жүзінде бар екенін қарау жолымен кері тексеруді жүргізеді.

Мемлекеттік аудитор пайдаланылмаған және пайдалануға жарамсыз қорларды анықтау үшін қорларға іріктеп бақылап тексеру жүргізеді.

151. Анықталмау тәуекелін бағалау мәні аудиторлық одан әрі іріктеу көлемін анықтау үшін қолданылады.

Мемлекеттік аудитор іріктеу элементтерін бас жиынтықтың әрбір элементі іріктемеге түсуге бірдей ықтималдығы болатындай етіп таңдауы қажет. Түгендеу ведомосіндегі немесе картотекадағы қорлардың қолдағы бар жиынтығы және оларға тиісті жазбалар бас жиынтық болып табылады. Ықтимал бұрмалаулар – олар туралы жазбалар болмаған жағдайда қорлардың болуы немесе қорлар болмаған жағдайда жазбалардың болуы.

Таңдалған бас жиынтықтан мемлекеттік аудитор жеке тексеруге жататын барлық элементтерді іріктеуі қажет. Жаппай тексеруге барлық бас жиынтық, егер ол құны

басым элементтердің көп емес санынан тұрса немесе жоғары аудиторлық тәуекел бар болса және басқа құралдар жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерді алуға мүмкіндік бермесе, ұшырайды.

152. Мемлекеттік аудитордың аудит объектісінің қызметін кәсіби пайымдауы және оны түсінуі негізінде мемлекеттік аудитор бас жиынтықтың ерекше элементтерін іріктеп алуы қажет.

Егер бас жиынтықтың қалған бөлігі елеулі болып табылса, онда одан тексеруге жататын жеке элементтер іріктеледі.

Егер жиынтықтың қалған бөлігін тестілеу туралы шешім қабылданса, онда одан тексеруге жататын жеке элементтер іріктеледі.

Іріктеп тексеру үшін таңдау кезінде мемлекеттік аудитор тең ықтималдықпен тексерілуі үшін қордың әрбір бабы мен қорлар бойынша операцияның әрбір түрі іріктелуі үшін қорларды есепке алу шоттары бойынша қалдықтарды және операцияларды салыстыруы қажет. Мысалы, қорлардың ірі баптары немесе орналасқан жері бойынша.

153. Қорлардың сақталуын қамтамасыз етуді тексеру бастапқы құжаттарды (түгендеу тізімдемелерін, түгендеу комиссиялары отырыстарының хаттамаларын, түгендеу комиссиясының шешімдерін) тарта отырып, түгендеу жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудитор түгендеу үдерісін ұйымдастыру Түгендеу жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатынына көз жеткізуі қажет.

154. Мемлекеттік аудитор аудит объектісінің басшысы түгендеу нәтижелері қалай талданатынын анықтайды.

Мемлекеттік аудитор түгендеу аяқталғаннан кейін есептеу деректері түгендеу тізімдемелерінде дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізу үшін таңдап заттай есеп жүргізу жолымен бақылау түгендеу жүргізуге құқылы. Іріктеп тексеру түгендеу күнінен бастап есепті күнге дейін жүзеге асырылады.

жүргізілген есептердің деректері бухгалтерлік есепте көрсетілген деректермен салыстырылады және кез келген ауытқу сипатталады.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорларды түгендеу (ЖҚ-ҚТ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

155. Мемлекеттік аудиторға құнсыздануға резервтің дұрыс есептелгендігін тексеруі, құнсыздану себебін зерделеуі қажет.

Мемлекеттік аудитті жүргізу үшін арнайы білім және тәжірибе қажет болған жағдайларда сыртқы білікті сарапшыларды тартылады.

156. Тексеру нәтижелерін қорыта келе мемлекеттік аудитор жұмыс құжаттарында жиналған дәлелдемелерді жүйелеуі қажет. Жүйелі сипаты бар бұзушылықтар бойынша

анықталған қателерді барлық тексерілетін жиынтыққа таратқан жөн. Анықталған ауытқулардың елеулі екенін іріктеу мөлшері және қателердің жүйелі сипаты ескеріле отырып, анықталады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - қорлар қателерінің жиыны (ЖҚ-ҚҚЖ)" жұмыс құжатында тіркеледі.

Есепті құжат деректерінің негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға әсер ететін бұрмалауларды талдайды.

157. Мемлекеттік аудитор әрбір жеке бұрмалауды операциялардың тиісті сыныптарына, шоттар немесе ашу сальдосына оның әсерін бағалау үшін қарайды.

Егер елеулі емес бұрмалаулардың саны көп болған жағдайда, мемлекеттік аудитор саны және ақшалай мәндегі бұрмалаулардың жалпы әсері туралы ақпаратты ұсынады.

Қорлар аудитін аяқтау рәсімі мыналарды қамтиды:

аудит нәтижелерін тұжырымдау және бағалауды;

аудит жүргізу барысында анықталған қателерді талдау және олардың тексерілетін кезеңге қаржылық есептілігінің дұрыстығына әсері.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Қорлар – қорытындылар (ЖҚ - Қорлар – қорытындылар)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

5-тарау. Дебиторлық және кредиторлық берешек аудиті

158. Дебиторлық және кредиторлық берешегі аудитінің, қызметкерлермен есеп айырысулардың мақсаты бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешектің баптары бойынша қаржылық есептіліктің дәйектілігі туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру болып табылады.

159. Дебиторлық және кредиторлық берешек аудитінің, қызметкерлерімен есеп айырысудың міндеттері:

кіріс сальдосының дұрыстығын растау;

құрамы мен құрылымын зерделеу;

ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп жүйесін бастапқы бағалау;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте бастапқы тану кезінде дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету;

дебиторлық және кредиторлық берешектің есептелген сомасының дұрыстығын және оның есепте көрсетілу дәйектілігін тексеру;

тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер ететін бұрмалаулардың болмағанын растау;

тиісті есепті кезеңде есеп пен есептілікте дебиторлық және кредиторлық берешекті көрсету;

қызметкерлерге жүргізілген есептеулердің, ұстап қалулардың және төлемдердің қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес негізділігі мен дұрыстығын тексеру;

пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті есептеудің дұрыстығын және олардың қаржылық есептілікте көрсетілуінің дұрыстығын тексеру;

есеп берілетін сомаларды құжаттық ресімдеу және есепке алу дұрыстығын дұрыстығын тексеру және олардың қаржылық есептілікте көрсетілуінің дұрыстығын тексеру;

шығыс сальдосының дұрыстығын растау болып табылады:

160. Дебиторлық және кредиторлық берешекке, қызметкерлермен есеп айырысуына аудит жүргізген кезде мемлекеттік аудитор:

Қазақстан Республикасының Кодексіні Салық Кодексіні;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні;

Қазақстан Республикасының мынадай заңдарын:

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы";

"Семей сынақ ядролық полигонындағы ядролық сынаулардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы";

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай:

"Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428;

"Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 29 тамыз № 1127;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12731 болып тіркелген);

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулыларын, сондай-ақ осы Стандарттың 94-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да қаулыларын;

"Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" 2017 жылғы 16 қазандағы № 646қбп;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 237 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32881 болып тіркелген) Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын;

осы Стандарттың 76 және 94-тармақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасы қаржы және ұлттық экономика министрлерінің бұйрықтарын;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік мекемелердің таза табысының бір бөлігін аудару нормативтері жөніндегі қаулыларын басшылыққа алады.

Аудиторлық дәлелдемелердің көздері мыналар болып табылады:

тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) жеткізуге азаматтық-құқықтық мәмілелер, мемлекеттік сатып алу нәтижесі туралы хаттамалары, жүкқұжаттар, шот-фактуралар, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері, төлем құжаттар, өзара есептесуді салыстыру актілері, түгендеу актілері, дебиторлармен және кредиторлармен есептесуді түгендеу актісіне анықтама;

жеке салық шоттары, міндетті зейнетақы жарналары бойынша және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар бойынша жеке шоттар;

аванстық есептер;

таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы бұйрықтар мен хаттамалардың, бюджет кірісіне таза табыстың бір бөлігін аударуға төлем тапсырмаларының көшірмелері;

көрсетілген ақылы қызметтер және жұмыстарды орындағаны және қызметтерді көрсеткені үшін ақшалай қаражаттың өндірілген сомалары жөніндегі ақпарат, төлем тапсырмалары мен төлеу туралы түбіртектер және қызмет көрсету фактісін растайтын басқа да құжаттар;

сот органының атқару парақтары, сот талқылаулары мен кінәраттар туралы ақпарат, мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы сот шешімі, тұрақсыздық айыбын төлеу туралы хабарлама;

мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша және төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 56-қосымшасына сәйкес 405-нысан бойынша 5-мемориалды ордер – "Еңбекақы мен стипендиялар бойынша есептеу ведомостерінің жиынтығы";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 88-қосымшасына сәйкес 408-нысан бойынша 6-мемориалды ордер – ұйымдармен есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 89-қосымшасына сәйкес 408-нысан бойынша 7-мемориалды ордер – аванстық төлемдер тәртібінде есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 86-қосымшасына сәйкес 406-нысан бойынша 8-мемориалды ордер – есеп беретін тұлғалармен есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 93-қосымшасына сәйкес 409-нысан бойынша 15-мемориалды ордер – айырбасталмайтын операциялардан түскен кірістерді есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 94-қосымшасына сәйкес 409-а нысан бойынша 16-мемориалды ордер – тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) сатудан кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 95-қосымшасына сәйкес 409-б нысаны бойынша 17-мемориалды ордер – активтерді басқарудан кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 96-қосымшасына сәйкес 409-в нысан бойынша 18-мемориалды ордер – басқа да операциялар бойынша кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 97-қосымшасына сәйкес 458-нысан бойынша 19-мемориалды ордер – операциялық шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 98-қосымшасына сәйкес 458-а нысаны бойынша 20-мемориалды ордер – бюджеттік төлемдер бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 99-қосымшасына сәйкес 458-б нысаны бойынша 21-мемориалды ордер – активтерді басқару бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 100-қосымшасына сәйкес 458-в нысаны бойынша 22-мемориалды ордер – өзге операциялар бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 106-қосымшасына сәйкес 283-нысаны бойынша көп бағанды карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 83-қосымшасына сәйкес 292-а нысаны бойынша карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 71-қосымшасына сәйкес 294-нысаны бойынша жоспарлы тағайындаулар мен шығыстар кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108-қосымшасына сәйкес 308-нысаны бойынша "Бас-Журнал" кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 57-қосымшасына сәйкес 417-нысаны бойынша карточка-анықтама (жеке шот);

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 112-қосымшасына сәйкес 437-нысан бойынша алиментті өндіріп алу туралы орындаушылық парақты есепке алу кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 77-қосымшасына сәйкес 450-нысаны аз қамтылған отбасылардың балаларына жәрдемақы төлеу ведомосі;

бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 4-КБ-Б, 4-КБ-П нысандары бойынша кредиторлық берешек туралы есеп;

бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 5-ДБ-Б, 5-ДБ-П нысандары бойынша дебиторлық берешек туралы есеп;

бюджет қаражатының есебінен кредиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат;

бюджет қаражатының есебінен дебиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат;

өзге қаражат есебінен, сондай-ақ жетіспеушіліктер мен талан-таражға салу нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған кредиторлық берешек;

аудит объектісінің бұйрықтары;

аудит объектісі бекіткен штат кестесі;

аудит объектісі мен қызметкер арасында жасалған еңбек шарттары;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 54-қосымшасына сәйкес 49 нысаны бойынша есеп айырысу-төлеу ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 81-қосымшасына сәйкес 286 нысаны бойынша аванстық есеп;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 106-қосымшасына сәйкес 283 нысаны бойынша көп бағанды карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 50-қосымшасына сәйкес 292-а нысаны бойынша карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 55-қосымшасына сәйкес 389 нысаны бойынша төлем ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 57-қосымшасына сәйкес 407 нысаны бойынша кредитке сатып алынған тауарлар үшін жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысынан ақша ұстап қалу тізілімі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 50-қосымшасына сәйкес 417 нысаны бойынша карточка-анықтамасы (жеке шот);

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 58-қосымшасына сәйкес 421 нысаны бойынша жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 59-қосымшасына сәйкес 423 нысаны бойынша жұмыс өнімділігін есепке алу картасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 60-қосымшасына сәйкес 424 нысаны бойынша наряд;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 61-қосымшасына сәйкес 425 нысаны бойынша демалыс беру туралы (босату) есеп;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 62-қосымшасына сәйкес 441 нысаны бойынша депозитке салынған еңбекақыны және стипендияларды талдамалы есепке алу кітабы;

жою;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 63-қосымшасына сәйкес 451 нысаны бойынша міндетті зейнетақы жарналарының есепке алу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 64-қосымшасына сәйкес 455 нысаны бойынша салым бойынша жеке шотқа тиесілі жалақыны аудару үшін тізім;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 65-қосымшасына сәйкес 456 нысаны бойынша ағымдағы шотқа тиесілі ақшалай төлемді аудару тізім;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 66-қосымшасына сәйкес 463 нысаны бойынша пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв есебі;

мүліктік жалдауға (жалға алуға) қабылдап алу-беру актілері;

мүліктік жалдау (жалға алу) шарттары;

аудиторлық дәлелдемелердің басқа көздері.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Дебиторлық және кредиторлық берешек аудиті бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің негізінде жүргізіледі. Қажет болған кезде сыртқы көздерден сұрату жүргізіледі.

Бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің және жасалған шарттардың негізінде мемлекеттік аудитор міндетті тексерілуге жататын дебиторлық және кредиторлық берешекпен операциялар түрлерін айқындайды, шарттық міндеттемелердің уақтылы орындалуын анықтайды.

162. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау аудиторлық рәсімдер жүргізу жолымен жүргізіледі және осы Стандартқа 33-қосымшаға сәйкес "ЖД – Дебиторлық және кредиторлық берешекке аудиторлық рәсімдер жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-ДБКББ)" нысан бойынша жұмыс құжатымен ресімделеді.

Аудиторлық дәлелдемелер жинауды жүргізу өлшемшарттары:

пайда болуы – бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша операциялар шын мәнінде осы аудит объектісіне тиесілі.

толықтығы – дебиторлық және кредиторлық берешек бухгалтерлік есепте ескерілген және олар жөніндегі ақпарат ашылған;

нақтылық және бөлу – дебиторлық және кредиторлық берешек тиесілі сомаға көрсетілген және есепті кезеңнің ішінде бөлінген;

болуы – қаржылық есептілікте көрсетілген дебиторлық және кредиторлық берешек есепті күндегі жағдай бойынша шын мәнінде бар;

құқықтар мен міндеттемелер – дебиторлық және кредиторлық берешекке аудит объектісінің құқықтары құжаттамамен расталған;

бағалау мен бөліп тастау – дебиторлық және кредиторлық берешек бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте дұрыс бағамен көрсетілген, есепке алу саясатының талаптарына сәйкес кезеңдер бойынша бөлінген (бөлініп тасталған):

түсініктілігі – қаржылық ақпарат сенімді берілген және ашылуы нақты берілген;

сәйкестігі – дебиторлармен және кредиторлармен операциялар Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін регламенттейтін нормативтік актілерге сәйкес бухгалтерлік есепте көрсетілген.

163. Егер қаржылық есептілік аудиті аудит объектісінде алғаш рет өткізілген жағдайда, аудитті жүзеге асырып отырған мемлекеттік аудитор тексерілетін кезеңнің басындағы дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу шоттары бойынша қалдықтарда тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер ете алатын бұрмалаудың жоқ екендігі және алдыңғы есепті кезеңнен дұрыс ауыстырылғаны туралы дәлелдемелер алу қажет.

164. Кейінгі аудитте дебиторлық және кредиторлық берешек шоттары бойынша қалдықтар алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы қаржылық есептілікте расталған қалдықтарға сәйкес келетініне көз жеткізу керек.

Дебиторлық және кредиторлық берешектің кіріс сальдосының анықтығы аудиторлық рәсімдермен, оның ішінде сырттан растауды сұрату жолымен тексеріледі. Ақпарат алу үшін мемлекеттік аудитор үстеме тексерулер жүргізеді.

165. Мемлекеттік аудитор қызметкерлермен есеп айырысу бойынша кіріс сальдосының анықтығы туралы аудиторлық дәлелдемелер алу үшін бухгалтерлік есептің деректерін зерделеуі тиіс:

қызметкерлердің жеке шоттары бойынша аудиттелетін жылдың басындағы сальдоны есеп айырысу-төлеу ведомосімен салыстырып тексеру;

алдыңғы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қызметкерлердің пайдаланбаған демалыстары бойынша есептелген резерв сомасын талдау;

аванстық есептегі қызметкердің есеп беретін сомалар бойынша берешегін "Есеп беруге жауапты тұлғалармен есеп айырысу бойынша жинақтау ведомосі" 8-мемориалды ордерімен салыстырып тексеру.

Бюджетпен есептесу бойынша сальдоны растау үшін салықтар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары бойынша және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына

жарналар бойынша жеке шоттарды сұрату, қайта есептеу және бухгалтерлік есеп тіркелімдерімен салыстыру қажет.

Дебиторлық және кредиторлық берешектің кіріс сальдосы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша кіріс сальдосы (ЖҚ-ДБКБКС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

166. Есепті кезеңнің сальдосын растау рәсімі дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу шоттары бойынша сальдо дұрыс көрсетілгеніне (растауға сәйкес келетініне) және бұрмалаулар жоқ екендігіне көз жеткізу үшін тексерілетін кезеңнің басы мен соңындағы бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің және қаржылық есептілік деректерін салыстыру жолымен жүргізіледі. Салыстыру нәтижелері осы Стандартқа 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Дебиторлық және кредиторлық берешектің шығыс сальдосы (ЖҚ-ДБКБШС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

167. Мемлекеттік аудитор олардың жұмыс істеу тиімділігіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін тестілеу жүргізу арқылы ішкі бақылау және дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу жүйелерін бастапқы бағалауды растау рәсімін жүргізуі қажет.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін айқындау үшін мемлекеттік аудитор тексеру рәсімдерінің сипатын, орындалу мерзімін және ауқымын мәні бойынша жоспарлайды.

Ішкі бақылау жүйесін зерттеу ақпаратты жинау, жанарту және талдаудың үздіксіз процесі болып табылады және келесі процедуралар арқылы қол жеткізіледі:

аудит объектісін бақылау құралдарын қадағалау, ықтимал қателер мен жосықсыз әрекеттердің алдын алу мақсатында аудит объектісі белгілеген бақылау рәсімдерін талдау;

сұхбат жүргізу арқылы дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алуды қамтамасыз ететін мамандардың біліктілік деңгейін айқындау;

дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу бойынша құжаттарды тиісінше ресімдеуді бағалау;

алдыңғы бақылау материалдарына шолу;

ішкі құжаттарды инспекциялау;

лауазымдық нұсқаулық;

тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясын құруға бұйрық;

түгендеу тізімдемелері;

толық материалдық жауапкершілік туралы;

түгендеу жүргізу қорытындылары бойынша аудит объектісі басшылығының шешімдері.

Ішкі бақылау жүйесін бағалау осы Стандартқа 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша ішкі бақылау

құралдарының тәуекелдерін бағалау тесті (ЖҚ – ДБКББТ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

Әрбір жауап ішкі аудит қызметінің жұмыс құжаттарын міндетті түрде қоса бере отырып, қысқаша ескертпемен беріледі.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Тестілеу нәтижелері бойынша мемлекеттік аудитор бақылау құралдарының тәуекелдерін айқындайды.

Бұрмалануды таппау тәуекелін бағалаудың жоғары деңгейі ішкі бақылау жүйесінің нашар жұмыс істейтіндігін білдіреді, мұның өзі мәні бойынша аудиторлық рәсімдердің көлемін ұлғайтуды талап етеді.

Таппау тәуекелінің бағасын орта және төмен деңгейге дейін түсіру үшін мемлекеттік аудитор бақылау құралдарын қосымша тестілеуден өткізеді.

Бұрмалануды таппау тәуекелін бағалаудың орта және төмен деңгейі ішкі бақылау жүйесінің қанағаттанарлық жұмыс істейтіндігін білдіреді, сондықтан да қолданылатын аудиторлық рәсімдердің көлемін азайтуға болады.

Егер мемлекеттік аудитор тәуекелді ыңғайлы төмен деңгейге дейін төмендетуді ұйғарса, ішкі бақылау құралдарын қосымша тестілеуден өткізу талап етіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

169-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

169. Қызметкерлермен есептесу бойынша ішкі бақылау жүйесін түсіну ақпаратты жинаудың, жаңарту мен талдаудың үздіксіз процесі болып табылады және оған мынадай рәсімдердің көмегімен қол жеткізіледі:

персонал санаттарын, аудит объектісі қолданатын еңбекке ақы төлеу жүйесін және нысандарын зерделеу;

қызметкерлермен есептесу бойынша операцияларды есепке алу жөнінде қызметкерлерге жазбаша немесе ауызша сауалнама жүргізу, алынған ақпаратты тіркеу, өңдеу және қорытындылау;

қызметкерлермен есептесу бойынша операцияларды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандардың біліктілік деңгейін айқындау;

қызметкерлермен есептесу бойынша есептер алгоритмінің нақтылығына және құжаттардың тиісінше ресімделуіне қарай бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесін бағалау;

алдыңғы тексерулердің материалдарын шолу;

ішкі құжаттарды инспекциялау (лауазымдық нұсқаулықтар; жеке құрам бойынша бұйрықтар; қызметтік іссапарға бұйрықтар; қызметкерлермен және есеп беруге жауапты тұлғалармен есептесуге жүргізілген түгендеудің нәтижелері).

Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу шоттары бойынша сальдоны тексеру үшін іріктеудің көлемі жоспарлау сатысында орындалатын ішкі бақылау мен аудиторлық тәуекелдер жүйесін бағалау негізінде айқындалады.

170. Мемлекеттік аудиторға есепті кезеңде дебиторлық және кредиторлық берешектің болуын анықтау, берешек құрылымын талдау, берешектің өзгеру себептерін анықтау және зерделеу үшін талдамалық рәсімдер жүргізу қажет.

Дебиторлық және кредиторлық берешектің болуын анықтау және талдау үшін мемлекеттік аудитор құжаттарды, тексерілетін кезеңнің

31 желтоқсанындағы жағдай бойынша дебиторлармен және кредиторлармен өзара есеп айырысу актілерін сұратады, есептесу операцияларының сипаты, шарттық міндеттемелердің орындалу барысы туралы қызметкерлермен сұхбат жүргізеді.

Одан әрі аудиторлық рәсімдерді айқындау үшін мемлекеттік аудиторға негізгі өнім берушілер мен сатып алушыларға талдау жүргізу, дебиторлық және кредиторлық берешектің құрылымын, санаттар бойынша оның сыныптамасын (бюджетпен есептесу бойынша, сатып алушылар мен тапсырыс берушілер, қызметкерлер, өнім берушілер мен мердігерлер және басқа), пайда болу және өтеу мерзімдерін (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) айқындау қажет.

171. Мемлекеттік аудитор мынадай:

квазимемлекеттік сектор субъектілері бюджет кірісіне аударуға тиіс дивидендтер бойынша сыйақы және таза табыстың бір бөлігі аударымының сомасын есепте көрсету үшін алынатын қысқа мерзімді сыйақылардың және бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек баптары бойынша;

қысқа мерзімді дебиторлық және кредиторлық берешек (бюджетпен есептесу, күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв) баптары бойынша аудиторлық рәсімдерді жүргізеді.

172. Қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін қарастыру кезінде мемлекеттік аудитор жосықсыз іс-қимыл тәуекелдерін қарастырады, өнім жеткізу шарттарының болуын, олардың дұрыс ресімделуін, мерзімі өткен берешектің пайда болу күні мен себебін белгілейді.

Мемлекеттік аудиторға өнім берушілермен және мердігерлермен есептесуді есепке алу тіркелімдерінде толық көлемде көрсетілгені, шарттарды, орындалған жұмыстарды қабылдап алу-тапсыру актілерін, шот-фактураларды, төлеуге берілетін шоттарды тексеру жолымен өнім берушілермен және мердігерлермен орындалған жұмыстарға есептесудің негізділігі туралы дәлелдемелер алу қажет.

Тараптардың шарттар бойынша міндеттемелерді толық және уақтылы орындауы тексеріледі.

Мемлекеттік аудитор берешектің іс жүзінде болуын растау және бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру үшін шарттық міндеттемелер сомасын төлем құжаттарымен салыстырады.

173. Мемлекеттік аудиторға берешектің бастапқы құжаттардың болуымен расталатын іс жүзінде жасалған операциялар бойынша көрсетілгеніне көз жеткізу қажет. Берешекті қалыптастырудың дұрыстығын тексеру кезінде мемлекеттік аудитор құжаттардың негізінде берешек пайда болған құжаттарды (мысалы, шарттар, жүкқұжаттар, шот-фактуралар, орындалған жұмыстар актілері, төлеуге берілетін шоттар) зерделейді.

Мемлекеттік аудитор шоттардың толық және уақтылы төленуін анықтау үшін дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу актілерін сұратады, оларды бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырады.

Мемлекеттік аудитор бастапқы құжаттардың деректерін олардың негізінде есепте берешек көрсетілген құжаттармен салыстырғанда тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кіріске толық, уақтылы және дұрыс алынуын тексереді.

Мемлекеттік аудиторға ҚБШ-ға түскен сомаларды қайтару, не белгілі бір жағдайлар болғанда тиісті бюджеттің кірісіне аудару шарттарымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес оларды толық, уақтылы және дұрыс есепке алынуына көз жеткізу қажет.

Мемлекеттік аудиторға шарттық міндеттемелерді, дебиторлық берешекті талап ету жөнінде жүргізілген іс шаралардың нәтижелерін орындамағаны үшін өнім берушілерге уақтылы кінәрат қойылуына көз жеткізу қажет (мысалы, талап-арызды сотқа беру, мемлекеттік бажды төлеу туралы төлем құжаттары, борышкерді банкрот деп тану).

Мемлекеттік аудиторға күмәнді борыштар бойынша резервті қалыптастыру және есепке алу дұрыстығын тексеру, тексерілетін кезеңдегі резервтер бойынша есептерді сұрату және қайта есептеу рәсімімен жүргізілген есептердің математикалық дәлдігін тексеру қажет.

174. Мемлекеттік аудиторға дебиторлық және кредиторлық берешек іс жүзінде пайда болған кезеңдегі есеп пен есептілікте көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелерді алу қажет.

Мемлекеттік аудиторға нысаналы трансферттер бойынша дебиторлық берешек сомалары қаражатты нысаналы пайдалану жөніндегі берілген есептердің негізінде есептен шығарғанға дейін төмен тұрған бюджеттерге іс жүзінде аударуға дейін есепте танылғанына, нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған сомалары бюджетке аударылғанына немесе Бюджетті атқару қағидаларында айқындалған тәртіппен келесі есепті жылы қосымша пайдаланылғанына көз жеткізу қажет.

175. Мемлекеттік аудитор Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс) сәйкес зейнетақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды тексереді.

Мемлекеттік аудиторға жеке тұлғаларға әлеуметтік төлемдерді және әлеуметтік көмекке трансферттерді, жеке және заңды тұлғаларға субсидияларды, стипендияларды

(мемлекеттік оқу орнында) дұрыс, толық және уақтылы есептелуі мен аударылуына көз жеткізу қажет.

Мемлекеттік аудитор квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталдағы қатысу үлесін анықтау үшін құжаттарды сұратады, дивидендтер бойынша сыйақы және таза табыстың бір бөлігін аудару сомаларын бюджет кірісіне аударылуын тексереді.

Материалдық залалды өтеу бойынша есептерді тексеру кезінде мемлекеттік аудиторға бересі мен талан таражының пайда болу мерзімдерін және себептерін, оларды өндіріп алуды, материалдық құндылықтарды негізсіз есептен шығару жағдайларын талдау қажет.

Ескерту. 175-тармақ өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 19.03.2024 № 161 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

176. Дебиторлық және кредиторлық берешек туралы ақпараттың толық ашылуын тексеру барысында мемлекеттік аудитор қысқа мерзімді берешектің ұзақ мерзімді берешекке және ұзақ мерзімді берешектің қысқа мерзімді берешекке сыныпталмауын талдайды.

Қызметкерлермен еңбекақы бойынша жүргізілген есеп айырысудың дұрыстығына аудит жүргізу процесінде мемлекеттік аудитор осы есеп айырысулар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатыны және операциялар бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алады.

177. Мемлекеттік аудитор жасалған аударымдардың негізділігі мен дұрыстығы туралы дәлелдемелер алу үшін мынадай рәсімдер жүргізеді:

бекітілген штат кестесін жұмыс уақытын есепке алу табелімен және есеп айырысу-төлем тізімдемесімен салыстырады;

лауазымдық жалақылардың штат кестесіне сәйкес есептелуін, бекітілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қосымша ақыларды, үстемеақыларды, өтемақыларды есептеудің негізділігі мен дұрыстығын тексереді;

қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды есептеу дұрыстығын тексереді.

178. Мемлекеттік аудитор жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналары " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және Әлеуметтік кодексіне сәйкес есептелетініне және басқа да ұстап қалулар (мысалы, алименттер) негізделген болып табылатынына (атқару құжаттарының немесе басқа да растайтын құжаттардың болуы немесе) көз жеткізу үшін қызметкерлердің жалақыларынан жүргізілген ұстап қалуларды тексереді.

Ескерту. 178-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.03.2024 № 161 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

179. Мемлекеттік аудитор іріктеу рәсімін орындай отырып, қызметкерлерге аударылған сомаларды тексереді, "Төленді" бағаны бойынша есеп айырысу-төлем тізімдемесіндегі сомаларды қызметкерлердің жеке шоттарымен және төлеуге берілетін шотқа қоса берілетін тізіммен салыстырып, аударылған жалақының талдамалық есебін тексереді.

180. Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген және пайдаланылған резервке аудит жүргізген кезде мынадай:

өткен кезеңдер үшін қызметкерлерге демалыс ақы сомасын есептеу тексерілетін кезеңнің алдындағы кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалыптастырылған пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтің есебінен жүзеге асырылып отырғандығы;

ағымдағы қаржы жылының резервін төлемдері есепті қаржы жылында жүргізілетін міндеттемелер бойынша жүргізілетіні;

есептелген резервтің сомасы тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер ете алатын бұрмалаудың болмауы туралы аудиторлық дәлелдемелер алу қажет.

Пайдаланылмаған демалыстар бойынша пайдаланылмаған резервке аудит жүргізген кезде мемлекеттік аудитор Нысандар альбомында көзделген "Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті есептеу" 463 нысаны бойынша есептемені және қызметкерлердің жеке карточкаларын сұратады.

Мемлекеттік аудитор жеке шоттар бойынша пайдаланылмаған демалыстар күндерінің санын айқындау дұрыстығын, Қазақстан Республикасының еңбек және өзге де заңнамасында белгіленген қосымша ақылы демалыс күндерін іріктеп тексереді.

181. Есеп беретін сомаларға аудит процесінде мемлекеттік аудитор талдамалық және синтетикалық есеп Бухгалтерлік есептілікті жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіпке сәйкес келетіндігін және қаржылық есептілік есеп беретін сомалар бойынша деректерді дұрыс беруді қамтамасыз ететіндігін анықтайды.

Есеп беретін сомалармен жүргізілген шығыстардың толықтығына аудиторлық дәлелдемелер алу үшін мемлекеттік аудитор аванстық есептерден және бухгалтерлік есептің деректерінен шығыстарды іріктейді және растайтын бастапқы құжаттарды қоса бере отырып, аванстық есептердің бар екендігіне көз жеткізеді.

Қызметтік іссапарлар бойынша шығындарды өтеудің негізділігін анықтау мақсатында мемлекеттік аудитор тәуліктік шығыстарды, тұрғын үй жалдау бойынша шығыстарды өтеу нормаларын, жол жүру құжаттарының болуын тексереді.

182. Маңыздылық деңгейін айқындау кезінде мемлекеттік аудиторға есептесу шоттары бойынша қалдықтар мен айналымның ерекшеліктерін зерделеу және жалпы

аудиторлық тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін түсіру үшін аудиторлық іріктеуді және (немесе) талдамалық рәсімдерді қандай жағдайларда қолдану қажеттілігін шешу қажет.

183. Мемлекеттік аудитор жаппай әдіспен дебиторлық және кредиторлық берешекке аудит жүргізген кезде айналым-сальдо тізімдемесінің деректерін Нысандар альбомында көзделген мемориалды ордерлердің және бас кітаптың деректерімен салыстырады. Іріктеу әдісі кезінде шот-фактуралардың, төлеуге берілетін шоттардың, салыстыру актілерінің деректерімен салыстырады.

Іріктеу құрамына есептесу операциялары жүйелі түрде жүзеге асырылатын немесе есеп айырысу сомалары айтарлықтай өнім берушілер мен сатып алушылар енгізіледі.

Жүргізілген іріктеу бойынша мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есептің деректерін қажетті құжаттар қоса берілген дебиторлардан (кредиторлардан) алынған растау хаттарымен салыстырады. Сомалар бойынша сәйкессіздіктер анықталған жағдайда мемлекеттік аудитор сәйкес келмеу себептерін анықтайды.

Сырттан растау алу мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік аудитор берешекті тиісті құжаттармен (мысалы, хаттармен, өзара есеп айырысу актілерімен) растауы қажет.

Өнім берушілермен шарттарды репрезентаттық түрде тексеру қажет және іріктелген шарттардың белгілі бір санын тексеру кезінде барлық тексерілетін жиынтық туралы пікір қалыптастыруға болады.

184. Мемлекеттік аудиторға бас жиынтықтың әрбір элементі іріктеуге кіруге бірдей мүмкіндікке ие бола алатында іріктеу элементтерін таңдау қажет.

Бас жиынтық шарттардың, жеке шоттардың, аванстық есептердің, мемориалды ордерлердегі жазбалардың жиынтығы болып табылады.

Міндетті тексеруге жататын дебиторлық және кредиторлық берешекпен операциялардың түрлерін ескере отырып, мемлекеттік аудиторға таңдалған бас жиынтықтан жекелеген тексеруге жататын барлық элементтерді таңдау қажет.

185. Егер бас жиынтық құны үлкен саны аз элементтерден құрылса немесе жоғары аудиторлық тәуекел болса және басқа құралдар жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алуға мүмкіндік бермесе, барлық бас жиынтық жаппай тексеруден өткізіледі.

186. Мемлекеттік аудиторға бас жиынтықтың ерекше элементтерін іріктеу қажет. Ерекше элементтерді іріктеу мемлекеттік аудитордың кәсіби пікірі және оның аудит объектісі қызметінің ерекшелігін түсінуі негізінде жүзеге асырылады.

Егер бас жиынтықтың қалған бөлігі айтарлықтай болса, мемлекеттік аудиторға тиісті дәлелдемелерді алу мұқтаждығын талдау қажет.

Егер мемлекеттік аудитор жиынтықтың қалған бөлігін тестілеу туралы шешім қабылдаса, онда одан тексеруге жататын жекелеген элементтер іріктеледі.

187. Іріктеп тексеруге элементтерді таңдаған кезде әрбір бап пен операцияның әрбір түрі тексеруге бірдей ықтималдықпен іріктеу үшін мемлекеттік аудиторға дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу шоттары бойынша қалдықтарды, олар бойынша операцияларды салыстыру қажет. Мысалы, дебиторлық және кредиторлық берешектің жиынтығы былайша:

дебиторлық және кредиторлық берешек түрлері бойынша. Іріктеу дебиторлық және кредиторлық берешектің әрбір тобы бойынша жүзеге асырылуы қажет;

құндық белгісі бойынша. Іріктеуге дебиторлық және кредиторлық берешектің айтарлықтай баптары енгізіледі;

аудит объектісі қызметінің ерекшеліктеріне байланысты басқа да белгілер бойынша топтастырылады.

Бұрмалаудың жоғары тәуекелін ұйғаратын жиынтық нақты бір сипаттамаға сәйкес стратификациялануы мүмкін. Мысалы, күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті тестілеу кезінде сальдо өтеу мерзімі бойынша топтастырылуы мүмкін.

188. Анағұрлым егжей-тегжейлі тексеру және аудиторлық іріктеу қолданылатын кездегі жағдайлар үшін есептемелерді есепке алу баптары бойынша жүргізілген аудиторлық рәсімдердің нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік аудиторға мәні бойынша тексеру кезінде талдамалық рәсімдерді жүргізу талап етілетінін айқындау қажет.

Егер шарттық міндеттемелерді орындауға бақылау құралдары тиімсіз болса, онда мемлекеттік аудитор егжей-тегжейлі тестілерге сүйенетін болады.

189. Мемлекеттік аудитор аудит объектісін түгендеу процесін ұйымдастыру дебиторлық және кредиторлық берешектің дұрыстығын қамтамасыз ете алатындығына көз жеткізу үшін дебиторлық және кредиторлық берешекті түгендеуге қатысады.

Мемлекеттік аудитор түгендеу жүргізу және есеп айырысуды салыстыру жолымен дебиторлық және кредиторлық берешектің іс жүзінде болуын белгілейді.

Мемлекеттік аудиторға түгендеу жүргізу тәртібі мен мерзімін реттейтін бухгалтерлік есеп жөніндегі ережелердің сақталуын тексеру қажет. түгендеу материалдарын (түгендеу тізімдемелерін, салыстыру ведомосьтерін, түгендеу комиссия отырыстарының хаттамаларын, түгендеу қорытындылары бойынша басшының шешімдерін) және бухгалтерлік анықтамаларды инспекциялау арқылы дебиторлық және кредиторлық берешек мөлшерін және оны өтеудің болжамды мерзімін нақтылау, түгендеудің дұрыс жүргізілуіне, құжаттамалық ресімдеудің нақтылығы мен уақтылығына, түгендеу нәтижелерін бухгалтерлік есепте көрсетілуіне көз жеткізу қажет.

Мемлекеттік аудитор тексерілетін кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қызметкерлермен, есеп беретін тұлғалармен есеп айырысуды түгендеу нәтижелерін талдайды және оларды есептің іс жүзіндегі жағдайына сәйкес келуі тұрғысынан бағалайды.

Мемлекеттік аудитор түгендеу нәтижелері бойынша аудит объектісінің басшысы қабылдайтын шешімдерді зерделейді.

190. Тексеру нәтижелерін қорытындылай келе мемлекеттік аудиторға жұмыс құжаттарында жиналған аудиторлық дәлелдемелерді жүйеге келтіру қажет. Жүйелі сипатқа ие бұзушылықтар бойынша анықталған қателерді барлық тексерілетін жиынтыққа тарату қажет. Анықталған ауытқулардың мәнділігі іріктеу мөлшерін және қателердің жүйелі сипатын ескере отырып айқындалады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Дебиторлық және кредиторлық берешек қателерін жинақтау (ЖҚ-ДБКБК)" жұмыс құжатымен ресімделеді. Осы жұмыс құжатының негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға ықпал ететін бұрмалауларды талдайды.

191. Мемлекеттік аудитор операциялардың нақты сыныбына, шоттың сальдосына немесе ашуға белгіленген мәнділік деңгейі асып түсе ме жоқ па туралы мәселені қоса алғанда, әрбір жекелеген бұрмалаудың тиісті операциялар сыныптарына, шоттардың сальдосына немесе ашуға ықпалын бағалау үшін әрбір жекелеген бұрмалауды қарастырады.

Егер мәнді емес жекелеген бұрмалаулар саны көп болған жағдайда, мемлекеттік аудитор ақшалай түрде бұрмалаудың саны және жалпы әсері туралы ақпарат береді.

Егер орындалған рәсімдердің нәтижесінде қатеден туындаған бұрмалаулар анықталса, мемлекеттік аудитор олардың дебиторлық және кредиторлық берешекке әсерін бағалайды және осы бұрмалаулар жосықсыз іс-қимылдардан туындағанына көз жеткізу үшін осы Стандарттың "Жосықсыз іс-қимылдар" деген 4-бөлімнің 1-тарауына сәйкес қосымша рәсімдер жүргізеді.

Дебиторлық және кредиторлық берешек аудитін аяқтау рәсімі мыналарды:

аудит объектісінен алынған ақпараттың негізінде аудит нәтижелерін қорытындылауды және бағалауды;

аудит жүргізу барысында анықталған қателерді талдауды және олардың тексерілетін кезеңдегі қаржылық есептіліктің дұрыстығына әсерін қамтиды.

Дебиторлық және кредиторлық берешек аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Дебиторлық және кредиторлық берешек – қорытындылар (ЖҚ-ДБКБ-қорытындылар)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Жұмыстар аяқталғанда мемлекеттік аудитор тексеру нәтижелері бойынша пікір қалыптастырады, жұмыс құжаттамасын жинақтайды, аудиторлық есептің бөлігін тұжырымдайды және аудит тобының жетекшісіне және (немесе) ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тұлғаға береді.

6-тарау. Ұзақ мерзімді активтердің аудиті

192. Ұзақ мерзімді активтер аудитінің мақсаты қаржылық есептілікте көрсетілген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру болып табылады.

193. Ұзақ мерзімді активтер аудитінің міндеттері мыналар:

олардың құрамы мен құрылымын, пайдалану шарттарын зерделеу;

ішкі бақылау мен бухгалтерлік есеп жүйесінің бастапқы бағалауын растау;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте бастапқы тану кезінде ұзақ мерзімді активтердің дұрыс көрсетілуін тексеру;

түскен ұзақ мерзімді активтер операцияларын бастапқы тану мен олардың бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілуін тексеру;

ұзақ мерзімді активтердің қозғалысы бойынша операцияларды (түсу, бастапқы мойындау, кейінгі бағалау, беру, есептен шығару) құжаттамалық ресімдеу мен есепте көрсету дұрыстығын тексеру;

есептелген амортизацияның дұрыстығын және оның есепте дұрыс көрсетілуін тексеру;

ұзақ мерзімді активтерді ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету, сонымен қатар күрделі шығындар бойынша есептелген шығыстардың көрсетілуінің дұрыстығын тексеру;

кіріс және шығыс сальдосының дұрыстығын растау;

ұзақ мерзімді активтердің болуын және сақталуын растау болып табылады.

194. Ұзақ мерзімді активтерге аудит жүргізген кезде мемлекеттік аудитор: "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай қаулыларын:

2013 жылғы 21 қаңтардағы № 16 "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының мүліктерін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ жылжымайтын мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы";

осы Стандарттың 138-тармағындағы көрсетілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10467 болып тіркелген);

осы Стандарттың 76-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрықтарын басшылыққа алады.

Аудиторлық дәлелдемелер көздері мыналар болып табылады:

мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспары;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 1-қосымшасына сәйкес НҚ-1 нысаны бойынша негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылдау-тапсыру (орналастыру) актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 5-қосымшасына сәйкес НҚ-3 нысаны бойынша негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 6-қосымшасына сәйкес НҚ-4 нысаны бойынша автокөлік құралдарын есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 9-қосымшасына сәйкес НҚ-6 нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алудың түгендеу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 10-қосымшасына сәйкес НҚ-8 нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты емес жануарларды (жұмыс малын), өсімдіктерді есепке алудың түгендеу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 11-қосымшасына сәйкес НҚ-9 нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті топтық есепке алудың түгендеу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 15-қосымшасына сәйкес ҰА-10 нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде ұзақ мерзімді активтерді есепке алу бойынша түгендеу карточкаларының тізімдемесі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 16-қосымшасына сәйкес ҰА-13 нысаны бойынша ұзақ мерзімді активтерді түгендеу тізімі (олардың тұрған және пайдалану орны бойынша);

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 25-қосымшасына сәйкес 459 нысаны бойынша ұзақ мерзімді активтерді амортизациялау сомасын есептейтін әзірleme кестесі ;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 23-қосымшасына сәйкес 443 нысаны бойынша құралдарды, өндірістік және шаруашылық мүкәммалды теңгерімнен есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 24-қосымшасына сәйкес 444 нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде кітапханадан әдебиеттерді есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 17-қосымшасына сәйкес 326-НҚ нысаны бойынша негізгі құралдар бойынша айналым ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 19-қосымшасына сәйкес 326-ИЖ нысаны бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша айналым ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 20-қосымшасына сәйкес 326-БА нысаны бойынша биологиялық активтер бойынша айналым ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 18-қосымшасына сәйкес 326-МА нысаны бойынша материалдық емес активтер бойынша айналым ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 21-қосымшасына сәйкес 434 нысаны бойынша ұзақ мерзімді активтерді ішкі орналастыруға жүкқұжат;

жобалау-сметалық құжаттама;

ұзақ мерзімді активтерді жеткізуге, ғылыми-зерттеу және тәжірибие-конструкторлық жұмыстарға шарттар;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 2-қосымшасына сәйкес БА-1 нысаны бойынша биологиялық активтерді (жануарларды) қабылдау-тапсыру (орналастыру) актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 3-қосымшасына сәйкес БА-1А нысаны бойынша биологиялық активтерді (өсімдіктерді) қабылдау-тапсыру (орналастыру) актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 7-қосымшасына сәйкес БА-2 нысаны бойынша биологиялық активтерді (жануарларды) есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 12-қосымшасына сәйкес БА-3 нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде биологиялық активтерді (жануарларды) есепке алудың түгендеу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 13-қосымшасына сәйкес БА-3А нысаны бойынша мемлекеттік мекемелерде биологиялық активтерді (өсімдіктерді) есепке алудың түгендеу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 4-қосымшасына сәйкес НОС-1 нысаны бойынша материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 121-қосымшасына сәйкес НОС-3 нысаны бойынша материалдық емес активтерді есептен шығару актісі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 14-қосымшасына сәйкес НОС-6 нысаны бойынша материалдық емес активтерді есепке алудың түгендеу карточкасы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 89-қосымшасына сәйкес 408 нысаны бойынша 6-мемориалды ордер ұйымдармен есеп бойынша жинақтау ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 22-қосымшасына сәйкес 438 нысаны бойынша 9-мемориалды ордер ұзақ мерзімді активтерді шығару және орналастыру бойынша жинақтау ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 98-қосымшасына сәйкес 458 нысаны бойынша 19-мемориалды ордер операциялық шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108-қосымшасына сәйкес 308 нысаны бойынша "Бас журнал" кітабы.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау осы Стандартқа 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Ұзақ мерзімді активтердің аудиторлық рәсімдерін жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-ҰАБ)" сәйкес аудиторлық рәсімдер жүргізу жолымен жүргізіледі.

Аудиторлық дәлелдемелер жинауды жүргізу өлшемшарттары:

пайда болуы – бухгалтерлік есепте көрсетілген ұзақ мерзімді активтердің қозғалысы бойынша операциялар шын мәнінде аудит объектісіне қатысты;

толықтығы – ұзақ мерзімді активтер бухгалтерлік есепте есепке алынған және қаржылық есептілікте көрсетілген әрі олар жөніндегі ақпарат ашылған;

нақтылығы және бөлінуі – ұзақ мерзімді активтер тиісті сомаға көрсетілген және есепті кезеңнің ішінде бөлінген (бөлініп тасталған);

сыныптау – ұзақ мерзімді активтерге сыныптау жүргізілді, олар бойынша операциялар тиісті шоттар бойынша орналастырылған;

бар болуы – қаржылық есептілікте көрсетілген ұзақ мерзімді активтер есепті күндегі жағдай бойынша шын мәнінде бар;

құқықтар мен міндеттемелер – аудит объектісінің ұзақ мерзімді активтерге құқықтары құжатпен расталған;

бағалау және бөлу – ұзақ мерзімді активтер есепке алу саясатының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте және қаржылық есептілікте дұрыс бағалаумен көрсетілген;

түсініктілік – қаржылық ақпарат сенімді берілген және ашылуы нақты көрсетілген;

сәйкестігі – ұзақ мерзімді активтермен операциялар Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін регламенттейтін нормативтік актілерге сәйкес бухгалтерлік есепте көрсетілген.

196. Егер қаржылық есептілік аудиті аудит объектісінде алғаш рет өткізілген жағдайда, аудитті жүзеге асырып отырған мемлекеттік аудиторға тексерілетін кезеңнің басындағы ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шоттары бойынша қалдықтарда тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер ете алатын бұрмалаудың жоқ екендігі және алдыңғы есепті кезеңнен дұрыс ауыстырылғаны туралы дәлелдемелер алу қажет.

197. Кейінгі аудитте ұзақ мерзімді активтер шоттары бойынша қалдықтар алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы қаржылық есептілікте расталған қалдықтарға сәйкес келетініне көз жеткізу керек.

Ұзақ мерзімді активтердің кіріс сальдосы аудиторлық рәсімдермен тексеріледі.

Кіріс сальдосының дұрыстығы туралы тиісінше аудиторлық дәлелдемені сырттан растауды сұрату нәтижесінде алуға болады.

Ұзақ мерзімді активтердің кіріс сальдосы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ұзақ мерзімді активтердің кіріс сальдосы (ЖҚ-ҰАКС)" жұмыс құжатында рәсімделеді.

Есепті кезеңнің сальдосын растау рәсімі ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шоттары бойынша сальдо дұрыс көрсетілгеніне (растауға сәйкес келетініне) және

бұрмалаулар жоқ екендігіне көз жеткізу үшін тексерілетін кезеңнің басы мен соңындағы бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің және қаржылық есептілік деректерін салыстыру жолымен жүргізіледі. Салыстыру нәтижелері осы Стандартқа 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ұзақ мерзімді активтердің шығыс сальдосы (ЖҚ-ҰАШС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

198. Мемлекеттік аудиторға мәселелер тізімін жасау қажет. Алынған жауаптардың негізінде мемлекеттік аудитор аудит объектісінің ішкі бақылау жүйесіне баға береді.

Ішкі бақылау жүйесін бағалау осы Стандартқа 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ұзақ мерзімді активтерді ішкі бақылау құралдарының тәуекелдерін бағалау тесті (ЖҚ-ҰАБТ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

Әрбір жауап жұмыс құжаттарын міндетті түрде қоса бере отырып, қысқаша ескертпемен беріледі.

199. Мемлекеттік аудитор ішкі бақылау мен ұзақ мерзімді активтерді есепке алу жүйелерінің жұмыс істеуі тиімділігіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу үшін тестілеу жүргізу жолымен олардың бастапқы бағасын растау рәсімін жүргізеді.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін айқындау үшін мемлекеттік аудитор мәні бойынша тексерудің сипатын, оны орындау мерзімін және рәсімдерінің ауқымын жоспарлайды.

200. Ішкі бақылау жүйесін зерделеу ақпаратты жинаудың, жаңарту мен талдаудың үздіксіз процесі болып табылады және оған мынадай рәсімдердің көмегімен қол жеткізіледі:

аудит объектісінің бақылау құралдарын қадағалау, болуы мүмкін қателер мен жосықсыз іс-қимылдардың алдын алу мақсатында аудит объектісі белгілеген бақылау рәсімдерін талдау;

ұзақ мерзімді активтерді және аяқталмаған құрылысты есепке алуды қамтамасыз ететін мамандардың біліктілік деңгейін айқындау мақсатында сұхбат жүргізу;

дұрыс толтырылмаған құжат өзінің дәлелділігін бұзатындықтан, ұзақ мерзімді активтер және аяқталмаған құрылыс жөніндегі құжаттардың тиісінше ресімделуін бағалау;

алдыңғы тексеру материалдарын шолу;

мынадай ішкі құжаттарды:

лауазымдық нұсқаулықтарды;

тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясын құруға бұйрықты;

түгендеу жүргізуге бұйрықты;

түгендеу тізімдемелерін;

толық материалдық жауапкершілік туралы шарттарды;

алдыңғы тексеру нәтижелерін;

аудит жүргізу қорытындылары бойынша аудит объектісі басшылығының шешімдерін инспекциялау.

Бұл үшін мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтер бойынша ішкі бақылау жүйесінің тәуекелін бағалауды жүзеге асыру үшін ақпаратты қамтамасыз ететін құжаттарды сұратады.

201. Тестілеу нәтижелері бойынша мемлекеттік аудитор бақылау құралдарының тәуекелдерін анықтайды.

Бұрмалаулардың анықталмау тәуекелін бағалаудың жоғары деңгейі ішкі бақылау жүйесінің әлсіз жұмыс істеуін білдіреді және тиісінше мәні бойынша аудиторлық рәсімдердің көлемін ұлғайту қажет.

Бұрмалануды анықтамау тәуекелін бағалаудың орташа және төмен деңгейі ішкі бақылау жүйесінің қанағаттанарлық жұмыс істеуін білдіреді, осыған байланысты қолданылатын аудиторлық рәсімдердің көлемін азайтуға болады.

Егер мемлекеттік аудитор тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендетуді ұйғарса, онда ішкі бақылау құралдарын қосымша тестілеуді орындау талап етіледі.

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

202. Мемлекеттік аудитор аудит объектісі басшылығының немесе қызметкерлерінің өтімділігі жоғары активтерді иемдену не объектінің активтерін жеке мақсаттары үшін пайдалану жолымен (мысалы, нөлдік тарату құнымен ғимараттар, жер, жабдық) жосықсыз іс-қимылдар жасауына аудит жүргізеді.

Мұндай мән-жайларды ескере отырып, мемлекеттік аудиторға ішкі бақылау жүйесі осындай іс-қимылдардан туындаған жосықсыз іс-қимылдардың және бұрмалаудың алдын алуға немесе оларды анықтауға мүмкіндік беретініне көз жеткізу қажет.

203. Ұзақ мерзімді активтерді бағалау дұрыстығын тексеру тұтас (объектілер саны аз болған кезде) немесе іріктеп жүргізілуі мүмкін.

Тексеру кезінде мемлекеттік аудиторға мыналарды:

операциялар шынында да тексерілетін кезеңге жататындығын;

бухгалтерлік есептің шоттарында көрсетілген ұзақ мерзімді активтерді сатып алу құны бастапқы құжаттардың деректеріне сәйкес келетіндігін;

есеп пен есептілікте көрсетілген ұзақ мерзімді активтердің шығып қалуынан кірістер мен шығыстар бастапқы құжаттардың деректеріне сәйкес келетіндігін;

есептен шығарылған ұзақ мерзімді активтердің теңгерімдік құны талдамалық есептің деректеріне сәйкес келетіндігін;

есеп пен есептілікте ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату операцияларының дұрыс көрсетілуін тексеру үшін қажетті басқа да мәселелерді анықтау қажет.

204. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің іс жүзінде болуын алдын ала растау сатысында мемлекеттік мүлікке басқару жөніндегі уәкілетті органға аудит объектісінің теңгерімінде есепте тұрған мүлікті жалға беруге:

жылжымайтын мүліктің жалпы алаңы және жалға берілетін алаңы туралы мәліметтер;

аудит объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлікті тиісті кезеңде мойындағанын айқындау мақсатында жалдау шарттарының әрекет ету мерзімдері туралы сауал жасау қажет.

205. Аудиторлық рәсімдер нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есепте айналым мен шоттар бойынша сальдоның дұрыс көрсетілуін егжей-тегжейлі тексеру сияқты мәні бойынша рәсімдер жүргізеді.

Мәні бойынша тексеру кезіндегі аудиторлық рәсімдер егжей-тегжейлі тестерден және талдамалық рәсімдерден тұрады.

Жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алу мақсатында аудиторлық рәсімдерді жүргізу әдістері мыналар болып табылады:

инспекциялау;

қадағалау;

сұрату;

растау;

қайта есептеу;

қайтадан орындау.

206. Мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтерді қор құрамына және керісінше қордан ұзақ мерзімді активтерге ауыстыру жүргізілгенін тексереді.

207. Ұзақ мерзімді активтердің бар болуына және сақталуына аудит жүргізген кезде мемлекеттік аудитор мыналарды:

орнату, іске қосу, жаңғырту және қосымша жабдықтау кезінде ұзақ мерзімді активтердің құнына жүргізілген бағалаудың дұрыстығын;

есепте ұзақ мерзімді активтерді кіріске алу және есептен шығару бойынша операцияларды көрсету дұрыстығын;

ұзақ мерзімді активтерді қор құрамына және қордан ұзақ мерзімді активтерге ауыстырудың орындылығын;

іс жүзінде болуын;

бастапқы құжаттардың ресімделу дұрыстығын зерделейді.

208. Мемлекеттік аудитор мыналарды:

ұзақ мерзімді активтерді сатып алу-сату шарттарының болуын;

ұзақ мерзімді активтердің бастапқы құнын ұлғайтудың құқыққа заңдылығын;

құрылыс, күрделі жөндеу, қосып салу, қосымша жабдықтау, қайта құру және жаңғырту объектілерінің құнын айқындаудың заңдылығы мен орындылығын тексереді.

209. Мемлекеттік аудитор есепте ұзақ мерзімді активтерді квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына берудің көрсетілуін тексереді.

210. Мемлекеттік аудитор бухгалтерлік есептің деректері мен бастапқы есепке алу құжаттарының негізінде объектілердің ұзақ мерзімді активтер құрамына уақытылы есепке алынуын тексереді.

211. Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару кезінде аудитор мынадай рәсімдерді орындайды:

бастапқы құнын, қатардан шығару күніндегі жинақталған амортизация сомасын, қатардан шығару себебін; сатылу бағасын; операциядан болған қаржылық нәтижені көрсете отырып, есепті кезеңде қатардан шығарылған ұзақ мерзімді активтер объектілерінің тізімін сұратады;

алынған ақпарат деректерін ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шоттарының кредиті, ұзақ мерзімді активтердің жинақталған амортизациясын есепке алу шоттарының дебеті, ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығаруды есепке алу бойынша шығыстардың деректерімен салыстырады;

ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару бойынша операцияларға тиісті рұқсаттың болуын және олардың құжатпен ресімделуін тексереді;

қатардан шығарудың әрбір операциясы бойынша (айтарлықтай көлем болғанда ішінара) ұзақ мерзімді активтерді есептен шығару және қаржылық нәтижені айқындау дұрыстығын талдайды.

Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығаруды тексеру барысында аудитор есептен шығару себебін, операцияның орындылығы мен заңдылығын белгілейді.

212. Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептеу дұрыстығының аудиті тексерілетін кезеңдегі ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептеу ведомосін зерделеу және тексеру үшін ірктеуді айқындау жолымен жүргізіледі. Бұл ретте іріктеу ұзақ мерзімді активтердің барлық топтарын, оның ішінде есепті кезеңде сатып алынғанын және қатардан шығарылғанын қамтитынына; қатардан шығарылған ұзақ мерзімді активтер бойынша амортизация есептеу тоқтатылғанына; амортизация нормаларын қолданудың дұрыстығына және оларды бухгалтерлік есептің тиісті шотында көрсетілуіне көз жеткізу қажет.

Амортизацияны дұрыс және толық есептеу аудиті кезінде ұзақ мерзімді активтердің объектілерін қабылдау-тапсыру актілерінің жазбалары объектілерді есепке алудың түгендеу карточкаларындағы жазбаларымен, ал түгендеу карточкаларының жазбалары ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептеу тізімдемесінің жазбаларымен салыстырылады.

Ұзақ мерзімді активтердің саны отыз атаудан көп болған кезде көрсетілген салыстыруды ішінара әдіспен жүргізіледі. Амортизация есептелмейтін ұзақ мерзімді

активтерді қоспағанда, ведомость бойынша ұзақ мерзімді активтердің теңгерімдік құны ұзақ мерзімді активтердің шоттары бойынша "Бас журнал" кітабының деректерімен салыстырылады.

100 % (жүз) тозған ұзақ мерзімді активтер болған кезде объектінің бастапқы құны есептелген амортизация сомасымен салыстырылады.

213. Ұзақ мерзімді активтерді жөндеу және оларға қызмет көрсету аудиті рәсімі мыналар:

ұзақ мерзімді активтерді жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасын талдау;

ұзақ мерзімді активтерді жөндеу және оларға қызмет көрсету бойынша шығыстардың дұрыс көрсетілуін ішінара растау;

күрделі жөндеуге, қайта құруға (жаңғыртуға) байланысты өзгерістер есеп пен қаржылық есептілікте және жөндеу объектісінің техникалық паспортында дұрыс көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алу үшін жүргізіледі.

Мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтерге күрделі немесе ағымдағы жөндеу жүргізген мердігер ұйымдармен есеп айырысу тәртібін тексереді.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ұзақ мерзімді активтерді жөндеу және оларға қызмет көрсету (ЖҚ-ҰАЖ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

214. Статистикалық іріктеуді қолданған кезде мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтердің әрбір элементі бірдей таңдалу мүмкіндігіне ие болуы үшін бас жиынтықты саны мен сапасы бойынша стратификациялайды (репрезентаттық іріктеу):

бар болу мен сақталу аудиті кезінде бас жиынтық – аудит күніндегі ұзақ мерзімді активтердің барлық сыныптары, ал страта – бір текті ұзақ мерзімді активтер (мысалы, құрылыстар, көлік құралдары, машиналар мен жабдық, жиһаз бен өзгелері) немесе аумақтық бөлімше (іс жүзінде орналасу орны бойынша);

ұзақ мерзімді активтерді бағалау дұрыстығы аудиті кезінде бас жиынтықтар – түскен және қайта бағаланған ұзақ мерзімді активтер тізілімдер, ал страталар – бір текті ұзақ мерзімді активтер топтары;

есептелген амортизация аудиті кезінде бас жиынтық – амортизацияны есептеу ведомосі, ал страталар – бір текті ұзақ мерзімді активтер топтары;

ағымдағы және күрделі жөндеулер аудиті кезінде бас жиынтық – жөндеу жұмыстарын жүргізген мердігер ұйымдардың тізілімі, ал страталар – жұмыс түрлері немесе бір текті ұзақ мерзімді активтер топтары.

Толықтығы туралы дәлелдемелер алу үшін мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтерден іріктеу жүргізеді, олардың бухгалтерлік есепте көрсетілуін тексереді. Содан соң бухгалтерлік есептен деректерді іріктеу және ұзақ мерзімді активтердің іс жүзінде болуын қарау жолымен кері тексеру жүргізеді.

215. Мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтерді іріктеп бақылап қарау жолымен жарамсыз болған және есептен шығарылуы тиіс ұзақ мерзімді активтердің объектілері, сондай-ақ пайдаланылмайтын мүлік қолда бар екендігін зерделейді.

Мемлекеттік аудиторға ұзақ мерзімді активтердің барлық топтарынан іріктеу жүргізілгеніне көз жеткізу қажет.

1-параграф. Негізгі құралдардың аудиті

216. Мемлекеттік аудиторға негізгі құралдардың іс жүзінде бар екендігі және есеп пен қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелерді алу қажет.

Мемлекеттік аудиторға негізгі құралдардың құрамы мен құрылымын зерделеу, оларды мойындау, теңгерімдік құнын, амортизациялық аударымдарды және құнсызданудан болатын шығындарды айқындау дұрыстығын тексеру қажет.

217. Мемлекеттік аудиторға мынадай:

уақытша пайдаланылмайтын;

толық амортизацияланған құнымен пайдаланылатын;

сатуға арналған;

пайдалану тоқтатылған негізгі құралдардың теңгерімдік құны туралы ақпарат алу қажет.

218. Мемлекеттік аудиторға негізгі құралдардың бастапқы құнын қалыптастыру тәртібін тексеру, іс жүзіндегі шығындарды және оларды бағалау дұрыстығын қарастыру қажет.

Мемлекеттік аудиторға сатып алынған негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорттық баждар және сатып алуға өтелмейтін салықтар және активті жұмыс қалпына келтіруге байланысты тікелей шығындар кіретіндігіне көз жеткізу қажет.

Егер актив басқа активке ауыстыру жолымен сатып алынған жағдайда, сатып алынған активтің құны төленген немесе алынған ақшаның сомасына түзетілген алынған активтің құны бойынша айқындалады.

219. Мемлекеттік аудитор қандай күрделі сипаттағы шығындар негізгі құралдардың құнын ұлғайтуға жатқызылғанын анықтауы тиіс.

220. Мемлекеттік аудитор қатардан шығып қалған негізгі құралдарды құжаттамалық ресімдеу тәртібін, шоттардың корреспонденциясын, есепте көрсетілуін, бұрын есептелген амортизацияны есептен шығаруды зерделеуі тиіс.

221. Мемлекеттік аудитор қайта есептеу жолымен амортизациялық есептеулер сомасын айқындауы тиіс.

2-параграф. Биологиялық активтердің аудиті

222. Мемлекеттік аудиторға биологиялық активтердің іс жүзінде бар екендігі және есеп пен қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелерді алу қажет.

Мемлекеттік аудиторға биологиялық активтер Есепке алу саясатын сәйкес тану өлшемшарттарына жауап беретіндігіне көз жеткізу үшін олардың құрамы мен құрылымын зерделеу қажет.

223. Мемлекеттік аудиторға биологиялық активтердің құрамында негізгі құралдардың объектілері есепте тұрмағанын анықтау қажет:

жұмыс малы, зообақтардың экспонаттары, күзететін иттер және басқалары;

ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты емес өсімдіктер (мемлекеттік мекемелердің аумақтарын көгалдандыру).

Әділ құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, биологиялық активтерді әділ құны бойынша есепке алу кезінде бастапқы мойындау сәтінде және әрбір есепті күнге биологиялық актив сатуға арналған қосымша шығындарды шегере отырып, әділ құны бойынша өлшенеді.

Биологиялық активтерден алынатын ауыл шаруашылығы өнімі тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік мекеме комиссиясының актісі негізінде өнім алу сәтінде айқындалатын оны сатуға қосымша шығындар шегеріле отырып, әділ құнымен өлшенеді.

Белсенді нарық болған кезде биологиялық активтің немесе ауыл шаруашылығы өнімінің әділ құнын биологиялық активтерді немесе ауыл шаруашылығы өнімін негізгі сипаттамалары бойынша (мысалы, баға белгілеу үшін осы нарықта пайдаланылатындарды негізге ала отырып, жылы немесе сапасы бойынша) топтастыру жолымен айқындауға болады.

Активтердің қаржыландырылуына, активтердің қалпына келтірілуіне байланысты ақша қаражатының қозғалысы өнім жиналғаннан кейін есепке қосылмайды (мысалы, ормандарда теректі кескеннен кейін оларды отырғызуға шығындар).

Жинау кезінде ауыл шаруашылығы өнімінің әділ құны дәйектіліктің жеткілікті дәрежесімен айқындалады.

Сатуға қосымша шығындар комиссиялық шығыстарды, салықтарды, алымдар мен меншікке беруге баждарды қамтиды. Сатуға қосымша шығындарға көліктік және активтерді нарыққа жеткізумен байланысты өзге де шығыстар жатпайды.

Биологиялық активтердің нарықтық бағасы немесе басқа құндық көрсеткіштері болмаған жағдайда жинақталған амортизация мен оның құнсыздануынан залалдар шегеріле отырып, өзіндік құны бойынша бағалануы керек (нақты шығындар бойынша есепке алу моделі).

Биологиялық активтің әділ құнын сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалау мүмкін болған кезде сату бойынша болжамды шығыстар шегеріле отырып әділ құны бойынша бағалауға көшу керек.

Жекелеген жағдайларда активтің өзіндік құны оның әділ құнына тең болуы мүмкін: биоөзгеру бастапқы шығыстардан бастап орын алмаса (мысалы, тікелей есептік күн алдында отырғызылған жеміс-жидек ағаштарының көшеттері);

биоөзгерудің бағаға маңызды әсер беруі күтілмесе (мысалы, өндірістік циклі 30 жылды құрайтын орман шаруашылығындағы қарағайлардың алғашқы өсу сатысында).

Егер биологиялық актив болжамды өткізу шығындары шегеріле отыра әділ құны бойынша бағаланса, бұл биологиялық актив есептен шығарылғанша бағаланады. Әділ құн бойынша бағалаудан өзіндік құн бойынша бағалауға көшуге, тек әділ құн бойынша бағалаудан нарықтағы бағалардың төмен түсіп кетуіне байланысты бас тартуға тыйым салынады.

Жермен тығыз байланысты биологиялық активтер (мысалы, орман шаруашылығындағы ағаштар) болжамды өтімді шығыстарды шегере отырып әділ құны бойынша жерден бөлек көрсетіледі.

3-параграф. Материалдық емес активтер аудиті

224. Мемлекеттік аудиторға материалдық емес активтердің бар екені және есепте және қаржылық есептілікте тиісінше көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алу қажет.

225. Мемлекеттік аудитор материалдық емес активтердің құрамы мен құрылымының Есептік саясатқа және Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына сәйкес тану өлшемшарттарына жауап беретініне көз жеткізу үшін оларды зерделейді.

226. Мемлекеттік аудитор материалдық емес активтердің құрамында:

қызмет мерзімі бір жылдан аз (мысалы, антивирус бағдарламалары);

аяқталмаған және Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен ресімделмеген ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер объектілерінің бар-жоғын анықтайды.

227. Мемлекеттік аудиторға зияткерлік қызмет нәтижелеріне (авторлық құқықтар, патенттер, куәліктер, күзет құжаттары және өзге де құжаттар) ерекше құқықтың түскенін немесе бар екенін растайтын заңды негіздер (сатып алуға шарттар, қабылдап алу-беру актілері, ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерге бекітілген сметалар және өзге де құжаттар) табу қажет.

Алынған құжаттарға талдау жүргізу арқылы аудит объектісінің материалдық емес активтерге пайдалану құқығының бар екеніне және пайдалану құқығының көшуін негіздейтін шарттардың барлық талаптарының сақталғанына көз жеткізу қажет.

Меншік құқығын беруге заңды құжаттардың күндерін есетегі бухгалтерлік жазба күндерімен салыстыру қажет.

228. Мемлекеттік аудиторға аудит объектісінің өзі құрған материалдық емес активтерді бастапқы бағалауын аудиттеу кезінде:

кезең шығыстарына есептен шығарылған зерттеу сатысына шығындарды;

әзірлеу сатысына арналған капиталдандырылған шығындарды тексеру қажет.

229. Мемлекеттік аудиторға капиталдандырылған шығындардың негізділігін тексеру, әзірленген материалдық емес активтің бастапқы құнын қалыптастыру қажет.

4-параграф. Инвестициялық жылжымайтын мүлік аудиті

230. Мемлекеттік аудиторға қаржылық есептілікте көрсетілген инвестициялық жылжымайтын мүлік туралы ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу қажет.

231. Мемлекеттік аудитордың инвестициялық жылжымайтын мүліктің Есептік саясатқа және Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына сәйкес тану өлшемшарттарына жауап беретін айқындау үшін жалға берілетін жылжымайтын мүліктің жалпы ауданы және үй-жайдың ауданы туралы мемлекеттік мүлікке иелік ету жөніндегі уәкілетті органға сұрау салуды жүзеге асыра отырып, аудит объектісі жалға беретін мүлік туралы сыртқы ақпараты болу қажет.

Алынған ақпаратқа талдау жасай отырып, мемлекеттік аудиторға есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті көрсету қажет.

232. Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу бойынша бақылау құралдарын тексеру кезінде мемлекеттік аудиторға:

операциялық жалға беру шарттарын есепке алу жүзеге асырылатынына (аудит объектісі теңгерім ұстаушы болып табылады);

жалға беру шарттары бойынша қабылдап алу-беру актілерінің бар екеніне;

жалға берілген мүліктің ақпаратын тіркеу, өңдеу және қорыту мәселелері бойынша қызметкерлерге сауалнама жүргізілетініне;

қызметкерлердің құзыреттілігі мен жұмыс тәжірибесінің инвестициялық жылжымайтын мүлік есебін жүргізу үшін сәйкес келетініне;

тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясын құруға, түгендеу жүргізуге бұйрықтардың бар екеніне көз жеткізу қажет.

233. Мемлекеттік аудиторға бастапқы құнын, шығарылған күнгі жинақталған амортизация сомасын көрсете отырып, шығарылған инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері бойынша бухгалтерлік құжаттама сұрату қажет.

5-параграф. Ұзақ мерзімді активтер аудиті бойынша өзге де рәсімдер

234. Ұзақ мерзімді активтердің сақталуын тексеру бастапқы құжаттарды (түгендеу тізімдемелері, түгендеу комиссиясы отырыстарының хаттамалары, түгендеу комиссиясының шешімдері) тарта отырып, түгендеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

235. Мемлекеттік аудиторға аудит объектісінің түгендеу процесін ұйымдастыруы ұзақ мерзімді активтердің бар екенін көрсету дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік

беретініне көз жеткізу қажет. Аудит объектісінің ұзақ мерзімді активтерге бақылауды жүзеге асырғанын растау үшін алдыңғы түгендеу нәтижелеріне тексеру жүргізіледі.

Мемлекеттік аудитор ұзақ мерзімді активтердің сақталуы қалай қамтамасыз етілгенін, олардың іс жүзінде бар екенін тексереді.

Мемлекеттік аудитор түгендеу жүргізу дұрыстығына, түгендеу нәтижелерінің толық, дәл және уақтылы құжаттық ресімделуіне, бухгалтерлік есепте көрсетілуіне көз жеткізу үшін түгендеу жүргізуге қатысады (егер аудит жүргізу кезеңі түгендеу жүргізудің физикалық мерзімдерімен сәйкес келсе). Түгендеу нәтижелерін аудит объектісінің басшылығы қалай талдап жатқанын және егер түгендеу нәтижесінде артықшылықтар немесе кемшіліктер анықталса, қандай шаралар қолданылатынын анықтайды.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ-Ұзақ мерзімді активтерді түгендеу (ЖҚ-ҰМАТ)" жұмыс құжатында ресімделеді.

236. Ұзақ мерзімді активтер құнсызданған жағдайда мемлекеттік аудиторға резервті құнсыздануға есептеу дұрыстығын тексеру, құнсыздану себебін зерделеу қажет. Қажет болған жағдайда кәсіби сарапшыны тартуға болады.

237. Нәтижелерді қорытындылай келе мемлекеттік аудиторға жұмыс құжаттарында жиналған аудиторлық дәлелдемелерді жүйелендіру қажет. Жүйелі сипаттағы бұзушылықтар бойынша анықталған қателіктерді барлық тексерілетін жиынтыққа тарату керек. Анықталған ауытқулардың маңыздылығы іріктеу мөлшері мен жүйелі сипаттағы қателіктер ескеріле отырып айқындалады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ұзақ мерзімді активтер қателіктерінің жиынтығы (ЖҚ-ҰМА)" жұмыс құжатында тіркеледі. Есепті құжат деректері негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға ықпал ететін бұрмалауларды талдайды.

Мемлекеттік аудитор нақты бір операциялар сыныбы, есеп сальдосы немесе ашу үшін белгіленген маңыздылық деңгейі асып кеткені туралы мәселені қоса алғанда, тиісті операциялар сыныптарына, есептер сальдосына немесе ашуларға ықпалын бағалау үшін әрбір бөлек бұрмалауды қарайды.

Егер жекелеген елеусіз бұрмалаулар көп болған жағдайда мемлекеттік аудитор ақшалай мәнде бұрмалау саны мен жалпы әсері туралы ақпарат береді.

Ұзақ мерзімді аудитті аяқтау рәсімі:

аудит объектісінен алынған ақпарат негізінде аудит нәтижелерін қорытуды және бағалауды;

аудит жүргізу барысында анықталған қателіктерді және тексерілетін кезеңдегі қаржылық есептіліктің дұрыстығына олардың ықпалын талдауды қамтиды.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ - Ұзақ мерзімді активтер-қорытындылар (ЖҚ-ҰА- қорытындылар)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Жұмыс аяқталғаннан кейін мемлекеттік аудитор тексеру нәтижелері бойынша пікір қалыптастырады, жұмыс құжаттары пакетін жасайды, аудиторлық есептің бір бөлігін тұжырымдайды және аудит тобының басшысына және (немесе) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлғаға ұсынады.

7-тарау. Жалға беру аудиті

238. Мемлекеттік аудиторға есепте жалға беру операцияларының дұрыс және толық көрсетілгенін анықтау қажет.

Мемлекеттік аудиторға есепте жалға беру операцияларының бар екені туралы ақпаратты сұрату қажет.

Алдын ала зерделеу кезеңінде мемлекеттік аудиторда жалға берілген немесе алынған мемлекеттік мүлік туралы сыртқы ақпарат болуы тиіс.

Мемлекеттік аудитор мемлекеттік мүлікке иелік ету жөніндегі уәкілетті органнан аудит объектісінің теңгеріміндегі және жалға берілген (алынған) мүлік туралы ақпаратты сұратады.

239. Жалға берілген мүлік аудиті кезінде мемлекеттік аудиторға:

жалға алу-беру актісінің бар екеніне;

жалға берілген мүліктің теңгерімде екеніне;

жалға беруден түсетін кірістердің тиісті кезеңде уақтылы көрсетілетініне;

табысты танумен бір мезгілде бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстардың танылатынына;

жалға беру төлемдері бюджетке түскен кезде бюджет алдындағы кредиторлық берешектің уақтылы өтелетініне;

талдамалы және синтетикалық есеп деректерінің салыстырылғанына жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алу қажет.

240. Жалға алынған мүлік аудиті кезінде мемлекеттік аудитор:

аудит объектісінің жалға алынған мүліктің болуы мен сақталуын қамтамасыз ететініне;

жалға алынған мүлік бойынша талдамалы және синтетикалық есептің жүргізілетініне;

жалға алынған мүліктің теңгерімдік есепте көрсетілгеніне;

жалға алу бойынша шығыстардың тиісті кезеңде көрсетілгеніне жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алады.

241. Мемлекеттік аудитор ішкі бақылау жүйесі туралы ұғым алу үшін жалға алу операцияларының есебі бойынша ішкі бақылау жүйесінің тәуекелеін бағалауды жүзеге асыру үшін ақпаратты қамтамасыз ететін құжаттарды сұратады.

Жалға алу операцияларының бухгалтерлік есебінің жай-күйі және олардың қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілуі туралы аудиторлық пікір қалыптастыру үшін мемлекеттік аудиторға:

осы бап үшін белгіленген маңыздылық деңгейі асып кеткені туралы мәселені қоса алғанда, тиісті операциялар сыныптарына, есептер сальдосына немесе ашуларға ықпалын бағалау үшін әрбір бөлек бұрмалаудың мөлшері мен сипаттамасын қарау; бұрмалаулардың жалпы қаржылық есептілікке ықпалын қарау қажет.

8-тарау. Өзге де активтер мен міндеттемелер аудиті

242. Өзге де активтер мен міндеттемелер аудитінің мақсаты бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қаржылық есептіліктегі өзге де активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы аудиторлық пікір қалыптастыру болып табылады.

243. Өзге де активтер мен міндеттемелер аудитінің міндеті:

өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялардың бухгалтерлік есеп шоттарында дұрыс есепке алынуын және көрсетілуін тексеру;

өзге де активтер мен міндеттемелер бойынша операциялардың дұрыс ресімделуін және есепте дұрыс көрсетілуін тексеру;

ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп қаражатын бағалауды растау болып табылады.

244. Ақпарат көздері болып:

Бюджеттік есептілікті жасау мен ұсынудың ережесін, сонымен қатар Бюджет атқарылуының қағидасын қоспағанда осы Стандарттың 76-тармағындағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары ақпарат көздері болып табылады.

Аудиторлық дәлелдемелер көздері:

мемлекеттік мекеменің міндеттемелер бойынша және төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары;

автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру шарттары, сақтандыру полистері, мерзімді баспаға жылдық жазылымды төлеу туралы түбіртек, аванстық кітапшалар (почта жөнелтілімдерін төлеуге), төлем тапсырмалары, төлеуге берілетін шоттар, салыстырып тексеру актілері, концессия шарттары (құқық беру модельдері бойынша);

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 83 қосымшасына сәйкес 292-а нысаны бойынша карточка;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 89 қосымшасына сәйкес 408 нысаны бойынша 7 – аванстық төлемдер тәртібінде есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомості мемориалды ордері;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 95 қосымшасына сәйкес 409-б нысаны бойынша 17 - активтерді басқарудан кірістерді аударудың жинақтаушы ведомості мемориалды ордері;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 97 қосымшасына сәйкес 458 нысаны бойынша 19 - операциялық шығыстарды есептеудің жинақтау ведомості мемориалды ордері;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108 қосымшасына сәйкес 308 нысаны бойынша "Бас-Журнал" кітабы;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 90 қосымшасына сәйкес 460 нысаны бойынша болашақ кезеңдердің кірістерін есепке алудың айына ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 91 қосымшасына сәйкес 461 нысаны бойынша болашақ кезеңдердің шығыстарын есепке алудың ведомосі.

Ескерту. 244-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

245. Өзге де активтер мен міндеттемелер аудиті бухгалтерлік есеп тіркелімдері негізінде жүргізіледі. Қажет болған кезде сыртқы көздерге сұрау салу жүргізіледі.

Бухгалтерлік есеп тіркелімдері негізінде мемлекеттік аудиторға міндетті тексеруге жататын өзге де активтермен және міндеттемелермен операциялар түрін айқындау қажет.

Өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу кезіндегі ықтимал тәуекелдер кірістер мен шығыстарды туындаған есепті кезеңінде тану болып табылады.

246. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау осы Стандартқа 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Өзге де активтер мен міндеттемелердің аудиторлық рәсімдерін жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-АМР)" сәйкес аудиторлық рәсімдер жүргізу жолымен жүргізіледі.

Аудиторлық дәлелдемелер жинау дүргізу өлшемшарттары:

туындау – бухгалтерлік есепте көрсетілген өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар шынымен осы аудит объектісіне жатады;

толық – өзге де активтер мен міндеттемелер бухгалтерлік есепте ескерілген және қаржылық есептілікте көрсетілген және ол туралы ақпарат ашық;

дәлдік пен бөліп тастау - өзге де активтер мен міндеттемелер тиісті сомада көрсетілген және ағымдағы кезеңде бөлінген (бөліп тастау);

жіктеу - өзге де активтер мен міндеттемелерге жіктеу жүргізілді, олар бойынша операциялар тиісті шоттар бойынша таратылды;

бар болуы – қаржылық есептілікте көрсетілген өзге де активтер мен міндеттемелер шынымен есепті күндегі жағдай бойынша бар;

құқықтар мен міндеттемелер – аудит объектісінің өзге активтерге құқықтары құжатпен расталған;

бағалау және бөлу - өзге де активтер мен міндеттемелер бухгалтерлік есепте және қаржылық (бюджеттік) есептілікте дұрыс бағада көрсетілген, аудит объектісінің есептік саясатының талаптарына сәйкес кезеңдер бойынша жүйелі бөлінген;

түсініктілік – қаржылық ақпарат сенімді түрде ұсынылған және ашу нақты көрсетілген;

сәйкестік - өзге де активтер мен міндеттемелермен операциялар Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік актілерге сәйкес бухгалтерлік есепте көрсетілген.

247. Егер қаржылық есептілік аудиті аудит объектісінде алғаш рет өткізілген жағдайда, аудитті жүзеге асырып отырған мемлекеттік аудиторға өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу шоттары бойынша қалдықтардың тексерілетін кезең басына тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне елеулі ықпал етуі мүмкін бұрмалауларының жоқ екеніне дәлелдеме алу қажет.

Кейінгі аудитте өзге де активтер мен міндеттемелер шоттары бойынша қалдықтардың алдыңғы есепті кезеңнің соңына қаржылық есептілікте расталған қалдықтарға сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

Өзге де активтер мен міндеттемелер бойынша кіріс сальдосының дұрыстығы аудиторлық рәсімдермен тексеріледі.

Кіріс сальдосының дұрыстығы туралы тиісті аудиторлық дәлелдемені сыртқы растауға сұрау салу нәтижесінде алуға болады.

Өзге де активтер мен міндеттемелердің кіріс сальдосын дұрыстығы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Өзге де активтер мен міндеттемелердің кіріс сальдосы (ЖҚ-АМКС)" Жұмыс құжатында ресімделеді.

Есепті кезең сальдосының расталуын тексеру тексерілетін кезең соңына бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік тіркелімдерінің деректерін салыстыру арқылы жүргізіледі. Сальдоны растау үшін есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша жүргізілген түгендеу деректері қаралуы мүмкін. Салыстырып тексеру нәтижелері осы Стандартқа 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Өзге де активтер мен міндеттемелердің шығыс сальдосы (ЖҚ-АМШС)" Жұмыс құжатында ресімделеді.

248. Мемлекеттік аудитор олардың жұмыс істеу тиімділігіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу үшін тестілеу жүргізу жолымен өзге де активтер мен міндеттемелердің ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп жүйелеріне бастапқы бағалауды растау рәсімін жүргізеді.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін айқындау үшін мемлекеттік аудитор мәні бойынша тексеру рәсімдерінің сипаттамасын, орындау мерзімдерін және ауқымын жоспарлайды.

249. Ішкі бақылау жүйесін зерделеу үздіксіз ақпарат жинау, жаңарту және талдау процесі болып табылады және:

ықтимал қателіктер мен жосықсыз әрекеттерді болдырмау мақсатында аудит объектісінің бақылау құралдарын қадағалау, аудит объектісі белгілеген бақылау рәсімдерін талдау;

сұхбат жүргізу арқылы өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алуды жүзеге асыратын мамандардың біліктілік деңгейін айқындау;

өзге де активтер мен міндеттемелер бойынша құжаттардың тиісінше ресімделуін бағалау;

алдыңғы тексерулер материалдарын шолу;

ішкі құжаттарды;

лауазымдық нұсқаулықтарды;

тұрақты жұмыс істейтін түгендеу комиссиясын құруға бұйрықты;

түгендеу жүргізуге бұйрықты;

түгендеу тізімдемелері;

толық материалдық жауаптылық туралы шарттарды;

аудит жүргізу қорытындысы бойынша аудит объектісі басшылығының шешімдерін инспекциялау рәсімдерінің көмегімен қол жеткізіледі.

Мемлекеттік аудитор өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесінің тәуекелін бағалауды жүзеге асыру үшін ақпаратты қамтамасыз ететін құжаттарды сұратады.

250. Өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесін бағалау осы Стандартқа 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Өзге де активтер мен міндеттемелер бойынша ішкі бақылау құралдарының тәуекелдерін бағалауын тестілеу (ЖҚ – АМБТ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Әрбір жауап жұмыс құжаттарын міндетті түрде қоса беріле отырып, қысқаша ескертулерімен бірге жүреді.

Ескерту. 250-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

251. Тестілеу нәтижелері бойынша мемлекеттік аудитор бақылау құралдарының тәуекелдерін айқындайды.

Бұрмалауларды анықталмау тәуекелін бағалаудың жоғары деңгейі ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуінің әлсіздігін білдіреді және тиісінше мәні бойынша аудиторлық рәсімдер көлемін ұлғайту қажет.

Бұрмалауларды анықталмау тәуекелін бағалаудың орташа және төмен деңгейі ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі қанағаттанарлық екенін білдіреді, сондықтан қолданылатын аудиторлық рәсімдер көлемін азайтуға болады.

Егер мемлекеттік аудитор тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендетуді болжаса, онда ішкі бақылау құралдарын қосымша тестілеуді орындау талап етіледі.

252. Маңыздылық деңгейіне байланысты мемлекеттік аудиторға өзге де активтер мен міндеттемелердің қандай түрлерін мұқият зерделеу керектігін, қандай жағдайларда аудиторлық тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендету үшін белгілі бір аудиторлық іріктеп тексеруді және талдамалық рәсімдерді қолдану керектігін шешу қажет.

253. Мемлекеттік аудиторға есепті кезеңде алдағы кезеңдердің кірістері мен шығыстарының бар екенін анықтау қажет.

Өзге де активтер мен міндеттемелердің бар екенін анықтау және оларды зерделеу үшін мемлекеттік аудиторға құжаттарды сұрату, өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алуды жүзеге асыратын қызметкерлермен сұхбат жүргізу қажет.

Аудит объектісінің түсінігін алу және одан әрі аудиторлық рәсімдерді айқындау үшін мемлекеттік аудитор талдамалы есеп деректері, айналым-сальдо ведомостері бойынша алдағы кезеңдердің кірістері мен шығыстарының құрылымын, түрлері (берілген және алынған аванстар, мерзімді баспаға жылдық жазылым, сақтандыру сыйлықақылары және басқалары), мерзімдері (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) бойынша өзге активтер мен міндеттемелерді жіктеуді айқындайды. Концессия шарттары болған жағдайда концеденттің концессионерге басқа пайдаланушылардан немесе өзге кірістерді шоғырландыратын активтен кіріс алу құқығын берген-бермегенін анықтайды .

254. Мемлекеттік аудиторға:

Түгендеу жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес түгендеудің дұрыс жүргізілуін ұйымдастыруды;

бастапқы құжаттардың құжаттық және уақтылы ресімделуін және бухгалтерлік есеп тіркелімдерінде көрсетілуін;

жасалған шарттардың талаптарына сәйкес аванстық төлемдердің уақтылы аударылуын;

іс жүзінде алынған тауарлар, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер негізінде дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулардың нақтылануын;

пайдаланылмаған аванс сомасын уақтылы және негізді қайтарудың қамтамасыз етілуін;

өзге де активтер мен міндеттемелердің талдамалы есебінің ұйымдастырылуын анықтау үшін өзге де активтер мен міндеттемелерді есепке алу бойынша ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп жүйелерін бастапқы бағалауды растау рәсімін жүргізу қажет.

255. Жүргізілген аудиторлық рәсімдердің нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік аудиторға мәні бойынша рәсімдерді жүзеге асыру қажет – бухгалтерлік есепте өзге де активтер мен міндеттемелермен операциялардың уақтылы және толық көрсетілуіне егжей-тегжейлі тексерулер.

Алынған қысқа мерзімді аванстардың бар-жоғын тексеру барысында мемлекеттік аудиторға ақылы көрсетілетін қызметтердің ҚБШ-на шынымен ақылы көрсетілетін қызметтерден аванстардың түсімі және пайдаланылмаған аванс сомаларының қайтарылуы жүзеге асырылатынына, бұрын алынған аванстың есепке жатқызу сомасына сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі қалыптастырылатынына көз жеткізу қажет, бұл үзінді көшірмелермен (Бюджеттің атқарылуы ережелерінің 54 қосымшасына сәйкес көшірме бойынша 5-20

нысаны және Бюджеттің атқарылуы ережелерінің 54 қосымшасына сәйкес есеп бойынша 5-33 нысаны), есеп айырысулардың салыстырып тексеру актісімен расталады.

256. Мемлекеттік аудитор белгіленген қағидаларға сәйкес бастапқы құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

257. Мемлекеттік аудиторға шығындарды алдағы кезеңдер шығыстарына жатқызу заңдылығына көз жеткізу қажет. Сақтандыру полисі үшін, жазылымға, аванстық жалға алу төлемін төлеуге қаражат аудару кезінде төлем құжаттарын инспекциялау, оларды мемлекеттік қазынашылық органдардың үзінді көшірмелерімен, қаржыландырудың жеке жоспарымен салыстырып тексеру, шоттар корреспонденцияларының дұрыс көрсетілуін тексеру қажет.

Ескерту. 257-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

258. Мемлекеттік аудиторға төленген алдағы кезеңдер шығыстарының жүйелі түрде кезеңдер бойынша бөлінгеніне және тиісті кезеңнің шығыстары деп танылғанына, алдағы кезеңдер кірістерінің құрамында есепті кезеңдегі, бірақ алдағы есепті кезеңдерге жатқызылатын алынған (есептелген) кірістердің ескерілетініне көз жеткізу қажет.

259. Қаржылық есептілікте өзге активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың толық ашылуын тексеру барысында мемлекеттік аудиторға ұсынылған есептілікті талдау қажет және:

1) өзге активтер мен міндеттемелер есептілікте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде дұрыс жіктелгеніне;

2) бухгалтерлік есеп деректерінің бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес келетініне;

3) түсіндірме жазбада өзге активтер мен міндеттемелер туралы маңызды ақпараттың ашылғанына көз жеткізу қажет.

260. Өзге активтер мен міндеттемелерді есепке алу шоттары бойынша сальдоны тексеру үшін іріктеу көлемі жоспарлау сатысында орындалатын ішкі бақылау жүйелері мен аудиторлық тәуекелдерді бағалау негізінде айқындалады. Ішкі бақылау жүйесін бағалауды нақтылау кезінде іріктеу көлемінің ауысуы мүмкін.

261. Мемлекеттік аудиторға іріктеу элементін әрбір басты жиынтық элементінің іріктеуге түсуге бірдей ықтималдығы болатындай етіп алу қажет.

Басты жиынтық шеңберінде мемлекеттік аудиторға міндетті тексеру үшін басты жиынтық элементтерін алу қажет.

Егер басты жиынтық құны үлкен элементтер саны аз болса немесе жоғары аудиторлық тәуекел болса және басқа құралдар жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алуға мүмкіндік бермесе, барлық басты жиынтық тұтас тексеруге ұшырайды.

Мемлекеттік аудиторға басты жиынтықтан ерекше элементтерді кәсіби пайымдауды және оның аудит объектісі қызметінің ерекшелігі ұғымын негізге ала отырып, іріктеу қажет. Басты жиынтықтың қалған маңызды бөлігін мемлекеттік аудитор дұрыс және тиісті дәлелдемелер алуға талдау жасайды.

262. Іріктеп тексеру үшін элементтерді іріктеу кезінде мемлекеттік аудиторға өзге активтер мен міндеттемелердің әрбір бабы және олармен операциялардың әрбір түрін тексеру үшін тең ықтималдықпен іріктеу үшін өзге активтер мен міндеттемелерді және олармен операцияларды есепке алу шоттары бойынша қалдықтарды салыстыру қажет. Өзге активтер мен міндеттемелердің жиынтығын былайша топтастыруға болады:

өзге активтер мен міндеттемелердің түрлері бойынша. Тексеру үшін іріктеуге өзге активтер мен міндеттемелердің әрбір тобының элементтері түсу үшін қажет;

құндық белгісі бойынша. Егер өзге активтер мен міндеттемелердің жекелеген баптарының құны басқа элементтерге қатысты елеулі және осындай баптардың элементтері міндетті түрде іріктеуге енгізілуі тиіс болса.

263. Тексеру нәтижелерін қорытындылай келе, мемлекеттік аудиторға аудиторлық дәлелдемелерді жүйелендіру қажет. Жүйелі сипаттағы бұзушылықтар бойынша анықталған қателіктерді барлық тексерілетін жиынтыққа тарату керек. Анықталған ауытқулардың маңыздылығы іріктеу мен жүйелі сипаттағы қателіктер мөлшері ескеріле отырып айқындалады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Өзге активтер мен міндеттемелер қателіктерінің жиынтығы (ЖҚ-ӨАМҚ)" жұмыс құжатында тіркеледі. Есепті құжат деректері негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға ықпал ететін бұрмалауларды талдайды.

264. Тиісті операциялар сыныптарына, шоттар сальдосына немесе ашуларға, осындай операциялар сыныптарына, шоттар сальдосына немесе ашуларға белгіленген маңыздылық деңгейінің асып кетуіне ықпалын бағалау үшін әрбір бұрмалауды қарау қажет.

Егер жекелеген елеусіз бұрмалаулар саны көп болған жағдайда мемлекеттік аудитор ақшалай мәнде бұрмалаулар саны мен жалпы әсері туралы ақпарат береді.

Мемлекеттік аудитор жұмысының нәтижелері осы Стандартқа 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Өзге активтер мен міндеттемелер – қорытынды (ЖҚ-ӨАМ-қорытынды)" жұмыс құжатымен рәсімделеді.

Жұмыс аяқталғаннан кейін мемлекеттік аудитор осы есепке алу учаскесін тексеру нәтижелері бойынша пікір қалыптастырады, жұмыс құжаттарының пакетін жасайды, аудиторлық есептің бөлігін тұжырымдайды және аудит тобының басшысына және (немесе) ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тұлғаға ұсынады.

9-тарау. Таза активтер/капитал аудиті

265. Таза активтер/капитал аудитінің мақсаты бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Бухгалтерлік баланстың "Таза активтер/капитал" V-бөлімі бойынша қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы аудиторлық пікір қалыптастыру болып табылады.

266. Таза активтер/капитал аудитінің міндеті:

операцияларды таза активтер/капитал шоттарында дұрыс есепке алу;

сомалардың күрделі салымдарға дұрыс жатқызу;

есепті кезеңнің соңында кірістер мен шығыстар шоттарын дұрыс жабу;

резервтерді дұрыс қалыптастыру және есепке алу;

есепті кезеңнің қаржылық нәтижелерін дұрыс көрсету, есептік деректерге түзету жүргізу;

ішкі бақылау мен бухгалтерлік есеп құралдарын бағалауды растау болып табылады.

267. Таза активтер/капитал аудитінің ақпарат көздері Түгендеу жүргізу қағидаларын есепке алмағанда осы Стандарттың 76-тармағындағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары болып табылады.

268. Аудиторлық дәлелдемелердің көздері:

мемлекеттік мекеменің міндеттемелер бойынша және төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары;

тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) жеткізуге азаматтық-құқықтық мәмілелер;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 87 қосымшасына сәйкес 406 нысаны бойынша 14-мемориалды ордері балаларды бағып - ұстағаны үшін ата-аналармен есеп айырысу бойынша ведомостер жиыны;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 93 қосымшасына сәйкес 409 нысаны бойынша 15-мемориалды ордері айырбасталмайтын операциялардан түскен кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 94 қосымшасына сәйкес 409-а нысаны бойынша 16-мемориалды ордері тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) сатудан кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 95 қосымшасына сәйкес 409-б нысаны бойынша 17-мемориалды ордері активтерді басқарудан кірістерді аударудың жинақтаушы ведомосі";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 96 қосымшасына сәйкес 409-в нысаны бойынша 18-мемориалды ордері өзге операциялар бойынша кірістерді есептеудің жинақтау ведомосі";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 97 қосымшасына сәйкес 458 нысаны бойынша 19-мемориалды ордері операциялық шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі";

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 98 қосымшасына сәйкес 458-а нысаны бойынша 20-мемориалды ордері бюджеттік төлемдер бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 99 қосымшасына сәйкес 458-б нысаны бойынша 21-мемориалды ордері активтерді басқару бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 100 қосымшасына сәйкес 458-в нысаны бойынша 22-мемориалды ордері өзге операциялар бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

касса құжаттары;

бухгалтерлік құжаттама нысандарының 108 қосымшасына сәйкес 308-нысаны бойынша "Бас-Журнал" кітабы;

қаржылық есептілік нысандарын, кезеңділігін және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес ҚЕ-4-нысаны бойынша қаржылық есептілік; бюджеттік есептілік.

Ескерту. 268-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.12.2025 № 750 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

269. Таза активтер/капитал аудиті бухгалтерлік есеп тіркелімдері негізінде жүргізіледі. Қажет болған кезде сұрау салу сыртқы көздерден жүргізіледі.

270. Аудиторлық дәлелдемелерді жинау осы Стандартқа 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Таза активтердің/капиталдың аудиторлық рәсімдерін жүргізу бағдарламасы (ЖҚ-ТАКР)" сәйкес аудиторлық рәсімдер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Аудиторлық дәлелдемелерді жинау өлшемшарттары:

туындау – бухгалтерлік есепте көрсетілген таза активтерді/капиталды есепке алу операциялары есепті кезең ішінде орын алған және аудит объектісімен байланысты;

толықтық – таза активтер/капитал бухгалтерлік есепте толық ескерілген және қаржылық есептілікте көрсетілген және оларбойынша ақпарат ашылған;

дәлдік және бөліп тастау – таза активтер/капитал бойынша операциялар тиісті сомада көрсетілген және есепті кезеңде бөлінген;

жіктеу – кірістер мен шығыстар есептілікте дұрыс жіктелген және оларбойынша операциялар тиісті шоттар бойынша бөлінген;

бар болу – есептілікте көрсетілген таза активтер/капитал шынымен бар;

құқықтар мен міндеттер – аудит объектісінің қызметінен туындайды және құжаттармен расталады;

бағалау және бөлу – таза активтерге/капиталға жататын қаржылық есептілік элементтері дұрыс бағаланған және бөлінген;

ұғынықтылық – қаржы ақпараты сенімді ұсынылған, ашу нақты көрсетілген;

сәйкестілік - таза активтермен/капиталмен операциялар бухгалтерлік есепте Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік актілерге сәйкес көрсетілген.

271. Егер қаржылық есептілік аудиті аудит объектісінде алғаш рет өткізілген жағдайда, аудитті жүзеге асырып отырған мемлекеттік аудиторға таза активтердің/капиталдың кіріс сальдосының тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілікке елеулі ықпал етуі мүмкін бұрмалаулары жоқ екеніне және алдыңғы есепті кезеңнен дұрыс көшірілгеніне дәлелдеме алу қажет.

Кейінгі аудитте таза активтердің/капиталдың шоттары бойынша қалдықтардың алдыңғы есепті кезеңнің соңына қаржылық есептілікте расталған қалдықтарға сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

272. Таза активтердің/капиталдың кіріс сальдосының аудиті кезінде дұрыстығы сыртқы растау нәтижесінде аудиторлық рәсімдермен тексеріледі.

Мемлекеттік аудиторға таза активтердің/капиталдың кіріс сальдосының, күрделі салымдарды қаржыландырудың ұлғаюын және азаюын, активтерді қайта бағалауға (толық бағалауға) резервтер бойынша есептердің дұрыстығын уақтылы танудың, шоттарда кірістер мен шығыстарды есепке алудың бұрмалаулары жоқ екеніне көз жеткізу қажет.

Кіріс сальдосы аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Таза активтердің/капиталдың кіріс сальдосы (ЖҚ-ТАККС)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Мемлекеттік аудиторға таза активтерді/капиталды есепке алу шоттары бойынша шығыс сальдосы қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілгеніне (бекітулерге сәйкес келеді) және бұрмалаулары жоқ екеніне жеткілікті және тиісті дәлелдеме алу қажет.

Жұмыс нәтижелері осы Стандартқа 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Таза активтердің/капиталдың шығыс сальдосы (ЖҚ-ТАКШС)" жұмыс құжатында ресімделеді.

273. Мемлекеттік аудитор жұмыс істеу тиімділігіне қатысты жеткілікті және тиісті дәлелдемелер алу үшін тестілеу өткізу арқылы таза активтердің/капиталдың ішкі бақылау және бухгалтерлік есеп жүйесін бастапқы бағалауды растау рәсімін өткізеді.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін айқындау үшін мемлекеттік аудитор тексеру рәсімдерінің мәні бойынша сипатын, орындалу мерзімі мен ауқымын жоспарлайды.

Ішкі бақылау жүйесін зерделеу ақпарат жинаудың, жаңартудың және талдаудың үздіксіз процесі болып табылады және мынадай рәсімдердің көмегімен қол жеткізіледі:

аудит объектісінің бақылау құралдарын қадағалау, ықтимал қателіктер мен жосықсыз әрекеттерді болдырмау мақсатында аудит объектісі белгілеген бақылау рәсімдерін талдау;

сұхбат жүргізу арқылы таза активтерді/капиталды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандардың біліктілік деңгейін айқындау;

таза активтерді/капиталды есепке алу бойынша құжаттардың тиісінше рәсімделуін бағалау;

алдыңғы тексерулер материалдарын шолу;

ішкі құжаттарды инспекциялау;

лауазымдық инструкциялар.

274. Мемлекеттік аудитор таза активтерді/капиталды есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесінің тәуекелін бағалауды жүзеге асыру үшін ақпаратты қамтамасыз ететін құжаттарды сұратады.

Таза активтерді/капиталды есепке алу бойынша ішкі бақылау жүйесін бағалау осы Стандартқа 56-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ – Таза активтер/капитал бойынша ішкі бақылау құралдарының тәуекелін бағалау тестісі (ЖҚ – ТАКТ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

Ескерту. 274-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.12.2021 № 1340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

275. Тестілеу сұрағына жауап міндетті түрде жұмыс құжаттарымен бірге қысқаша ескертпемен сүйемелденуі қажет.

Тестілеу нәтижесі бойынша мемлекеттік аудитор бақылау құралдарының тәуекелін айқындайды.

Бұрмалауларды анықталмау тәуекелін бағалаудың жоғары деңгейі ішкі бақылау жүйесінің осал жұмыс істеуін білдіреді, сондықтан аудиторлық рәсімдер көлемін мәні бойынша ұлғайту қажет.

Ішкі бақылау жүйесінің бұрмалаулар анықталмау тәуекелін бағалау деңгейін орташаға және төменгіге дейін азайту үшін мемлекеттік аудитор бақылау құралдарын қосымша тестілеуді орындайды.

Бұрмалауларды анықталмау тәуекелін бағалаудың орташа және төменгі деңгейі ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі қанағаттанарлық екенін білдіреді, сондықтан қолданылатын аудиторлық рәсімдер көлемін азайтуға болады.

Егер мемлекеттік аудитор тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендетуді болжаса, онда ішкі бақылау құралдарын қосымша тестілеуді орындау талап етіледі.

276. Таза активтер/капитал аудиті күрделі салымдарды және резервтерді қаржыландыру бойынша жүргізіледі.

277. Мемлекеттік аудитор құжаттарды зерделейді, қайтадан қайта есептеу жүргізеді , бастапқы құжаттардың тиісті есепті кезеңде көрсетілеуін талдайды.

278. Мемлекеттік аудиторға жалпы аудиторлық тәуекелді қолайлы төмен деңгейге дейін төмендету үшін таза активтердің/капиталдың қандай баптарына аудиторлық іріктеу және талдамалық рәсімдер қолдану керектігін шешу қажет.

279. Мемлекеттік аудиторға таза активтерді/капиталды есепке алу бойынша барлық операциялардың қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізу қажет.

1-параграф. Резервтер мен қаржылық нәтиже аудиті

280. Мемлекеттік аудитор есепті кезең соңына бухгалтерлік есептілік пен қаржылық есептілік тіркелімдерінің деректерін салыстырады, күмәнді дебиторлық берешек, пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген резервтерді тексереді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына салым ретінде пайдаланылатын активтерді қайта бағалау (толық бағалау) бойынша резервтер сомасына қайта есептеу жүргізеді.

281. Мемлекеттік аудитор резервтердің құрылу себептерін анықтайды, құрылған резервтерді тексеру нәтижелерін қайта талдайды, қарсы тексеру барысында алынған мәліметтерді нақтылау үшін қосымша рәсімдер жүргізеді.

Мемлекеттік аудиторға резервтерді есептен шығару осы резерв құрылған объектіге жүзеге асырылатынына көз жеткізу қажет.

Мемлекеттік аудиторға қызметкерлер демалыстары бойынша есептелген және пайдаланылған резервтің дұрыстығына көз жеткізу қажет.

Мемлекеттік аудитор кірістер мен шығыстардың тексерілетін кезеңнің қаржы нәтижесіне дұрыс жатқызылуын тексереді.

282. Тексеру нәтижелерін қорытындылай келе мемлекеттік аудиторға жұмыс құжаттарында жиналған аудиторлық дәлелдемелерді жүйелендіру қажет. Жүйелі сипаттағы бұзушылықтар бойынша анықталған қателіктерді барлық тексерілетін жиынтыққа тарату керек. Анықталған ауытқулардың маңыздылығы іріктеу мөлшері мен жүйелі сипаттағы қателіктер ескеріле отырып айқындалады.

Анықталған ауытқулар осы Стандартқа 57-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ-Таза активтер/капитал қателіктерінің жиынтығы (ЖҚ-ТАКҚ)" жұмыс құжатында тіркеледі. Есепті құжат деректері негізінде мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікті қалыптастыруға ықпал ететін бұрмалауларды талдайды.

283. Мемлекеттік аудитор нақты бір операциялар сыныбы, шоттар сальдосы немесе ашу үшін белгіленген маңыздылық деңгейі асып кеткені туралы мәселені қоса алғанда, тиісті операциялар сыныптарына, есептер сальдосына немесе ашуларға ықпалын бағалау үшін әрбір бөлек бұрмалауды қарайды.

Егер жекелеген елеусіз бұрмалаулар көп болған жағдайда мемлекеттік аудитор ақшалай мәнде бұрмалау саны мен жалпы әсері туралы ақпарат береді.

284. Таза активтерді/капиталды есепке алудың аудиторлық пікірін қалыптастыру және қаржылық есептілікте дұрыс көрсету үшін мемлекеттік аудиторға:

тиісті операциялар сыныптарына, есептер сальдосына немесе ашуларға ықпалын бағалау үшін әрбір жекелеген бұрмалаудың мөлшері мен сипатын қарау;

жалпы тексерілетін кезеңнің қаржылық есептілігіне бұрмалаулардың ықпалын қарау қажет.

Таза активтер/капитал аудитін аяқтау үшін мемлекеттік аудитор:

аудиторлық дәлелдемелер негізінде аудит нәтижелерін қорыту және бағалау;

кателіктер мен бұрмалауларды, олардың тексерілетін кезең ішіндегі қаржылық есептіліктің дұрыстығына ықпалын талдау рәсімдерін жүргізеді.

Таза активтер/капитал аудитінің нәтижелері осы Стандартқа 58-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ-Таза активтер/капитал - қорытынды (ЖҚ-ТАК-қорытынды)" жұмыс құжатымен рәсімделеді.

Таза активтер/капитал аудиті аяқталғаннан кейін мемлекеттік аудитор пікір қалыптастырады, аудиторлық есептің бір бөлігін жасайды және жұмыс құжаттамасымен бірге аудит тобының басшысына және (немесе) ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тұлғаға ұсынады.

4-бөлім. Қосымша аудиторлық рәсімдер

1-тарау. Жосықсыз әрекеттер

285. Қосымша аудиторлық рәсімдерге қаржылық есептіліктің бұрмалауға ықпал ететін жосықсыз әрекеттерді, тәуекел факторларын анықтау, сыртқы сарапшыларды тарту және қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы ұсыныс алу үшін қажетті өзге де рәсімдер жатады.

286. Аудитті орындау барысында мемлекеттік аудитор жосықсыз әрекеттердің қаржылық есептіліктің бұрмалануына және активтерді есепке алу кезінде бұрмалауға ықпалын қарайды.

287. Есепте бухгалтерлік операциялардың көрсетілмеуі не уақтылы көрсетілмеуі, оларды кейінгі кезеңдерде көрсету жосықсыз әрекеттер салдарынан қаржылық есептіліктің қасақана бұрмалануы болып табылады. Активтерді есепке алу кезінде қаржылық есептіліктің бұрмалануы жосықсыз әрекеттерді жасыру үшін бухгалтерлік жазбалармен немесе құжаттармен сүйемелденетін жымқыру және иемдену арқылы активтерді заңсыз пайдалануды қамтиды.

Мемлекеттік аудиторлар аудитті орындауды жоспарлау кезінде қаржылық есептіліктің бұрмалануы жосықсыз әрекеттер салдарынан туындауы мүмкін екенін болжауы тиіс.

Ол үшін мемлекеттік аудитор алдын ала аудит объектісінің басшылығына және ішкі аудит қызметіне жосықсыз әрекет фактілері туралы мәліметтердің немесе қаржылық есептілікті дайындауға елеулі ықпал ететін адамдардың осындай әрекеттер жасауға болжамының бар-жоғы туралы сұрау салу жібереді.

Егер аудит жүргізу барысында аудит объектісінің жосықсыз әрекеттері салдарынан қаржылық есептіліктің бұрмалану тәуекелі туралы күмән туындаған жағдайда мемлекеттік аудитор ол туралы мемлекеттік аудит басшылығын хабардар етеді.

288. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қаржы көрсеткіштерінің елеулі ауытқуларын анықтау тұрғысынан мемлекеттік аудитор алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қаржылық және қаржылық емес ақпаратқа талдау жүргізеді.

Мақсаттары мен өлшемшарттарына қарай мемлекеттік аудитор талдамалы рәсімдердің мынадай түрлерін бөледі: бірнеше жыл серпінінде жүргізілетін тігінен талдау және көлденең талдау.

Тігінен талдау қаржылық және қаржылық емес ақпарат элементтері арасында өзара байланысты қарау жолымен жүргізіледі.

Көлденең талдау ағымдағы кезеңнің қаржылық ақпаратын өткен жылдардың осыған ұқсас кезеңімен салыстыру жолымен жүргізіледі.

289. Мемлекеттік аудитор талдамалы рәсімдер жүргізу нәтижелері бойынша алынған ақпарат жосықсыз әрекеттер тәуекелі факторларының бар-жоғын көрсететінін көрсететінін бағалау тиіс.

Жосықсыз әрекеттер жасау тәуекелінің факторлары:

қасақана жосықсыз әрекеттер жасау (мысалы, активтерге қолжетімділігі бар тұлғалардың оларды иемдену мақсатында және өзге);

объекті басшысы тарапынан жосықсыз әрекеттер жасатуға қысым (мысалы, есепті кезеңнің соңында бюджет қаражатын игеру мақсатында);

өзге факторлар болуы мүмкін.

290. Тексеру жүргізу кезінде қаржылық есептілікте бұрмалаулардың бар екенін есепке алу және ішкі бақылау жүйелерінің өздерінің кемшіліктерімен қатар қасақана жосықсыз әрекеттер нәтижесінде, сондай-ақ ішкі бақылаудың белгіленген рәсімдерінің орындалмауын мынадай жағдаяттар көрсетуі мүмкін:

сұратылған ақпаратты беруде іркіліс;

құны жоғары қаржы операциялары;

автоматтандырылған жүйенің дайындау кезінде түзетілген немесе қолмен жасалған құжаттардың болуы;

аудит объектісі басшылығының өкімі бойынша шаруашылық операциялар есебінде тиісінше көрсетілмеуі.

Жағдаяттарды бағалау нәтижелері бойынша табылған бұрмалаулардың қасақана әрекеттермен байланысты екеніне байланысты екеніне көз жеткізу үшін аудиторлық рәсімдер жүргізу қажет.

291. Егер мемлекеттік аудитор жосықсыз әрекеттердің болуы ықтималдығын болжаса, ол қосымша аудиторлық рәсімдер жүргізуге міндетті.

292. Аудитті орындау кезінде мемлекеттік аудитор аудит объектісінің басшылығында қаржылық есептілікті жасау кезінде жосықсыз әрекеттерді жасау мүмкіндігінің бар екеніне назар аударуы тиіс.

293. Егер аудиторлық рәсімдердің нәтижелері жосықсыз әрекеттер нәтижесіндегі елеулі бұрмалаулар тәуекелін көрсетсе, мемлекеттік аудитор аудиторлық пікірді ескертпемен қалыптастырылуы тиіс.

Егер мемлекеттік аудитордың қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалаулардың бар екеніне көзі жетсе, ол бұл туралы мемлекеттік аудит тобының басшысын және (немесе) ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тұлғаны хабарландырады.

294. Мемлекеттік аудит тобының басшысы және (немесе) ішкі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты тұлға қарсы әрекеттер қолданады:

жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалаулар тәуекеліне аудиторлық баға беруге қабілетті арнайы білімі мен тәжірибесі бар тәжірибелі мемлекеттік аудиторлардың күрделі аудиторлық рәсімдер тағайындайды;

жоспарланған аудиторлық рәсімдерді неғұрлым сенімді аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында басқа рәсімдермен ауыстырады (мысалы, іріктеу көлемін ұлғайту).

295. Қаржылық есептілік жасау деңгейінде бағаланған жосықсыз әрекеттер нәтижесіндегі елеулі бұрмалаулар тәуекеліне жауап ретінде орындалатын мемлекеттік аудитордың әрекеттері:

неғұрлым орынды аудиторлық дәлелдемелер алу үшін немесе қосымша растайтын ақпарат алу үшін аудиторлық рәсімдер сипатын түзетуді;

мәні бойынша тексеру рәсімдерін жүргізу уақытын түзетуді;

іріктеп тексеру көлемін ұлғайтуды немесе неғұрлым егжей-тегжейлі деңгейде талдамалы рәсімдерді орындауды қамтиды.

296. Мемлекеттік аудитор жосықсыз әрекеттер нәтижесіндегі елеулі бұрмалаудың анықталмау тәуекелі қателіктер нәтижесіндегі бұрмалаудың анықталмау тәуекелінен жоғары екенін ескеруі тиіс.

Мемлекеттік аудитор аудит объектісі басшылығының жосықсыз әрекеттері нәтижесінде туындаған елеулі бұрмалаудың анықталмау тәуекелі, аудит объектісінің қызметкерлеріне қарағанда анағұрлым жоғары екенін ескеруі тиіс.

Мемлекеттік аудитор аудит объектісінің жосықсыз әрекеттері нәтижесінде ұсынылған ақпаратта және аудиторлық дәлелдемелерде елеулі бұрмалаудың болуын болжауы тиіс.

Жосықсыз әрекеттер нәтижесіндегі бұрмалауларды анықтау бойынша рәсімдерді жоспарлау және орындау нәтижелері еркін тәртіпте ресімделеді және жұмыс құжаттары тізбесіне қосылады.

2-тарау. Сыртқы сарапшыларды тарту

297. Аудиторлық іс-шараға сарапшыларды тарту кезінде сарапшылар саны, мемлекеттік органның немесе мемлекеттік емес аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі.

Тартылатын сарапшылар өз біліктіліктерін тиісті құжаттармен растайды.

Сарапшының жұмысы аудиторлық есепті қалыптастыру кезінде пайдаланылады.

Бұл ретте, тартылған сарапшы өз жұмысы нәтижесінде қалыптастырылған қорытындыларға жауапты болады.

3-тарау. Алдыңғы аудиттің жұмыс құжаттарына шолу

298. Аудитті жоспарлау процесінде алдыңғы аудиттің жұмыс құжаттары, алдыңғы аудит нәтижелері, ұсынымдардың орындалуын және алдыңғы қаржылық есептілік аудиті барысында анықталған бұзушылықтардың жжойылуын бақылау зерделенеді.

299. Алдыңғы аудиттің жұмыс құжаттарына шолу бастапқы сальдоның қаржылық есептілік нысандары бойынша дұрыс көшірілуіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу үшін жүргізіледі.

Алдыңғы аудиторлық тексерулер барысында алынған бақылау құралдарының жұмыс істеу тиімділігінің аудиторлық дәлелдемелерін пайдалану үшін мемлекеттік аудитор алдыңғы аудит барысында тестіленген осындай бақылау құралдарының сенімділігіне қатысты жасалған қорытындыларды құжаттандыруы тиіс.

Мемлекеттік аудитор алдыңғы кезеңнің қаржылық есептілігіндегі елеулі бұрмалауларды түзеу мақсатында орындалған кез келген қайта есептеуге қатысты арнайы жазбаша ұсыным да алуға тиіс.

4-тарау. Аудитті аяқтау

300. Қаржылық есептілік аудитін аяқтау кезінде мемлекеттік аудиторға аудит бағдарламасының орындалу толықтығы мен сапасын бағалау қажет.

Мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобы мүшелері орындаған рәсімдер бөлігінің орындалу сапасын тексеру үшін барлық жұмыс құжаттарын қайта қарайды.

5-тарау. Аудит нәтижелерін қорыту және бағалау

301. Қаржылық есептілік аудитінің аяқтау кезеңінде мемлекеттік аудитор және (немесе) аудит тобының басшысы қаржылық есептілікті жасау принциптерін тексереді, қаржылық есептіліктің құрамы мен мазмұнын, түсіндірме жазбада ақпараттың ашылуын зерделейді, түсіндірме жазба кестесінің деректерін қаржылық есептілік деректерімен салыстырады.

Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлға және (немесе) аудит тобының басшысы мемлекеттік аудиторлар жүргізген тексеру нәтижелерін зерделейді.

Мемлекеттік аудиторға және (немесе) аудит тобының басшысына қаржылық есептілік көрсеткіштерінің бұрмалануы рұқсат берілетін маңыздылық деңгейінен аспайтынына көз жеткізу қажет.

Қаржылық есептілік аудитінің нәтижелерін бағалау осы Стандартқа 59-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "ЖҚ-Аудит нәтижелерін бағалау (ЖҚ-НБ)" жұмыс құжатымен ресімделеді.

6-тарау. Аудиторлық құжаттама

